

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**З.К. МУСТАФИНА, В.С. ТОРЕМУРАТОВА,
А.С. МАМЕТЕКОВА, С.С. БЫСТРОВА**

СӨЙЛЕУДІҢ ДАМУ НЕГІЗДЕРІ

*0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесі
үшін өзектендірілген типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша
оқу құралы ретінде әзірленді*

Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.102
С 73

Сөйлеудің даму негіздері: Оқу құралы/ З.К. Мустафина, В.С. Торемуратова, А.С. Маметекова, С.С. Быстрова - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019

ISBN 978-601-333-824-8

Оқу құралы 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «0100000 «Білім беру» бейіні бойынша өзектендірілген типтік оқу жоспарының КМ 04 «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету» кәсіптік модуліне сәйкес әзірленген.

Оқу құралы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту негіздерін меңгеруге, сөйлеуді дамыту әдістемесін тереңдетуге бағытталған теориялық білімдер туралы толық ақпаратты қамтиды.

Оқу құралында мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту негіздері, балабақша жағдайында ана тілін оқытудың мазмұны мен әдістері қарастырылады. Оқу құралы теориялық және практикалық сабақтардың мазмұнын, өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмаларды, материалды бекіту сұрақтарын, әдебиеттер тізімін, бақылау материалдарын қамтиды. Оқу құралы әрқайсысы тақырыпты толық ашатын сегіз бөлімнен тұрады. Осы оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.102

Рецензенттер:

- «Білім» бейіні бойынша ОӘБ "Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақпедагогикалық колледжі" МКҚК;
- «Қазақстан қант, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қауымдастығы» ЗТБ.
- «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған

© «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ, 2019 ж.
«Delta Consulting Group» ЖШС аударған

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
I ТАРАУ. ӘРТҮРЛІ ЖАСТЫҚ ТОПТАРЫНДА СӨЙЛЕУДІ ДАМУ	
ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ	
1.1. Бала өмірінің алғашқы жылындағы сөйлеудің дамуы	7
1.2. Бала өмірінің екінші жылындағы сөйлеудің дамуы	10
1.3. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөйлеуді дамыту жұмысының мазмұны	11
II ТАРАУ. АНА ТІЛДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ	
2.1. Сөйлеуді дамыту – теория және әдістеме негіздері.....	14
2.2. Сөйлеуді меңгерудің заңдылықтары	16
2.3. Баланың сөйлеу функциялары. Баланың тілдік дамуының сөйлеу ортасын ұйымдастыру деңгейіне тәуелділігі	19
2.4. Тәрбиешінің сөйлеуі балалардың сөйлеуін дамытудың құралы ретінде	20
2.5. Сөйлеуді дамыту міндеттері	22
2.6. Сөйлеуді дамыту жұмысының нысандары	25
2.7. Сөйлеуді дамыту сабақтарындағы әдістер мен тәсілдер.....	31
III ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМУ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР	
3.1. Сөздік жұмыстың мәні, оның міндеттері	35
3.2. Бақылау және экскурсия жүргізу әдістемесі	37
3.3. Заттарды қарау.....	38
3.4. Сурет бойынша әңгімелеу.....	40
3.5. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және күнделікті өмірдегі дидактикалық ойындар	43
IV ТАРАУ. ӘРТҮРЛІ ЖАСТЫҚ ТОПТАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДҰРЫС АЙТЫЛЫМҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ	
4.1. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және күнделікті өмірде сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу	52
4.2. Дыбыс айтылымы бойынша жұмыстың түрлері	53
V ТАРАУ. СӨЙЛЕУДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	
5.1. Мектеп жасына дейінгі балалардың ана тілдің грамматикалық құрылымын меңгеру ерекшеліктері	57
5.2. Мектеп жасына дейінгі балаларды грамматикалық дұрыс сөйлеуге үйрету сабақтарындағы ұйымдастыру жұмыстары	58
5.3. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастырудың арнайы ойындары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері.....	59
VI ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ	
6.1. Әңгімелесу – балаларды жүйелі диалогтық сөйлеуге үйретудің негізгі құралы ретінде	64

6.2. Әңгімелесуді жүргізу әдістемесі.....	65
6.3. Айтылымға үйрету міндеттері	67
6.4. Қабылдау бойынша айтылым.....	72
6.5. Есте сақтау бойынша айтылым.....	75
6.6. Қиялдау бойынша айтылым.....	77
6.7. Балаларды мазмұндауға үйрету	82
VII ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТПЕН ТАНЫСТЫРУ	
ӘДІСТЕМЕСІ	
7.1. Көркем шығармалардың ұйымдастырылған оқу қызметтеріндегі оқылуы	86
7.2. Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ақпараттық -коммуникативтік технологияларды қолдану.....	92
VIII ТАРАУ. БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУ	
ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ	
8.1. Сөйлеуді дамыту бойынша жұмысты жоспарлау түрлері	97
ҚОРЫТЫНДЫ.....	100
ГЛОССАРИЙ.....	101
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	105

КІРІСПЕ

Адамның әлеуметте ойдағыдай өмір сүруі үшін қажетті маңызды дағдысы – басқа адамдармен қарым-қатынас жасау білігі. Адам қарым-қатынас жасау кезінде ақпараттың бөлігін әңгімелесушіге ым-ишара көмегімен жеткізеді. Алайда, оның басым бөлігі әлемде тек адамға ғана қолжетімді бірегей білікке тиесілі. Бұл білік – сөйлеу. Балалардың қалыпты дамуы жүйелі сөйлеуді меңгеруден құралады. Бұл адамдар үшін туа біткен білік болып табылмайды және сәби үшін оны өздігінен меңгеруге тура келеді. Сөйлеу ұрпақ бойы қалыптасып және үздіксіз өзгеріп, адам өмірінің ең маңызды құраушыларының бірі болып табылады. Кішкентай баланың алдында үлкен, маңызды міндет тұр – бұл өз ойын дұрыс және түсінікті жеткізу өнерін меңгеру, ана тілінің бар байлығы мен сан алуандығын меңгеру. Ереже бойынша бала оны ойдағыдай орындайды.

Сөйлеу –адамға туғаннан берілмейтін табиғаттың керемет сыйы. Сәбидің сөйлей бастауы үшін біраз уақыт өтуі қажет. Мектепке дейінгі жаста баланың сөйлеу дамуында жеке ерекшеліктер мен кемшіліктер пайда бола бастайды. Бұл аталған кезеңде (орташа 5 жаста) сөйлеудің қалыптасуының аяқталу себебінен болады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың сөйлеуін дамыту мақсаты – балаға ана тілінде сауатты, әдемі, мәнерлі ауызекі сөйлеуді меңгеруге, өзінің ойын, сезімін, әсерін сөйлеу арқылы нақты, ашық, бейнелі жеткізуге үйретуге көмектесу болып табылады.

Балалардың сөйлеуін дамыту – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық сөйлеуін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ол тек үлкендердің және балалардың еркін қарым-қатынас жасауын дамытудан ғана емес, сондай-ақ ауызекі сөйлеудің барлық құраушыларынан құралады: сөз байлығының қалыптасуы, сөйлеудің дыбыстық мәдениетімен жұмыс жасау, жүйелі сөйлеудің дамуы және сауатқа үйретуге дайындау. Сондай маңызды және жауапты міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы тәрбиешінің кәсіби даярлығының жоғары деңгейімен анықталады.

«Сөйлеуді дамыту негізі» оқу құралы мектеп жасына дейін сөйлеуді дамыту мәселелерін зерделеу бойынша 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша оқып жүрген студенттер үшін әзірленген. Оқу құралында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің даму негізі, сәбилер балабақшасында ана тілін оқыту мазмұны мен әдістері қарастырылады. Аталған оқу құралының негізінде сөйлеудің дамуының жан-жағын қамтитын әртүрлі, сондай-ақ өзара байланысқан міндеттерді шешуге бағытталған кешенді тәсілдеме, әдістеме жатыр. Оқу құралы сегіз бөлімнен құралады, олардың әрқайсысы тақырыпты толық ашады.

Әдістеме теориясын білу – баланың ана тілін меңгеру заңдылығын түсіну болып табылады. Аталған оқу құралы тілді меңгерудің табиғи процесінің маңызды заңдылықтарын сипаттаудан басталады. Оқу құралының негізгі мазмұны тілді меңгеру заңдылықтарынан шыққан, әдістемелік принциптерден құралған сөйлеуге үйрету тәсілдерінің сипаттамасынан тұрады. Үйрету тәсілдерінің сипаттамасы болашақ тәрбиеші – студенттер

оқытушыларының жетекшілігімен негізгі балабақшаның тәрбиеленушілермен жұмыс істей отыра, орындаулары қажет практикалық тапсырмалармен қоса беріледі. Оқу құралында балабақшада ана тілді үйретудің және сөйлеуді дамытудың негізгі бөлімдері бойынша жұмыс мазмұны мен әдістеме мәселелері баяндалады. Кіші, орта және мектепке дейінгі ересек жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша жұмыс ерекшеліктері қарастырылады. Оқу құралының әрбір бөлімі студенттерге арналған қайталау сұрақтарымен және тапсырмалармен қоса беріледі.

Біз оқу құралын құрастыра отыра, келесі мәселелер бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар беруге тырыстық: әртүрлі жастық топтарында айтылымды үйретуді қалай жақсырақ ұйымдастыру, қандай да бір тәсілдерді қандай тиімділікпен ұйымдастыру. Біз ұйымдастырылған оқу қызметтердің тақырыптарына және мазмұнына, сондай-ақ оларды жүргізудің әдістемесіне жаңашылдық енгізу міндетін алдымызға қойдық. Қосымша мен ұсынымдар практикалық материалдармен сипатталады. Бұл бір жағынан оқу сағаттарының жобалы конспектісі, ал екінші жағынан ұйымдастырылған оқу қызметтердің мазмұнының, оның құрылымының немесе қандай да бір жеке бөлігінің қысқаша сипаттамасы болып табылады. Ұсынылатын оқу құралы студенттерге мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы секілді мектепке дейінгі педагогиканың маңызды мәселесін меңгерулеріне көмектеседі.

Бұл оқу құралының **мақсаты** – балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесінің теориялық негізін меңгеруге, коммуникативтік біліктердің қалыптасуына, бар білімдерді жүйелеуге және ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі.

Оқу құралының мақсаты келесі **міндеттермен** анықталған:

- студенттерді мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту аясында кәсіби әрекетін жүзеге асыру үшін қажетті практикалық дағдылармен қаруландыру;

- баланың тілдік дамуының ерекшеліктері туралы теориялық білімдерін меңгеру;

- мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша практикалық дағдылар мен жұмыс түрі, мазмұны, түрлері, әдістері, тәсілдері туралы түсініктер қалыптастыру.

Оқу құралында баяндалған теориялық материал және өзіндік жұмыстың әртүрлі нысанды кешенін қолдану арқылы әдістемені меңгеруден балалардың тілдік дамуының жалпы мәселесінің кең көрінісіне ауысуға мүмкіндік береді.

Бұл оқу құралы болашақ педагогтарға мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуын, оларды оқыту ерекшеліктерін, ақыл-ой тәрбиесін ескере отыра, мектеп жасына дейінгі ұйымдарда білім беру әрекетінің мазмұнын және оның ұйымдастырылуын таңдау үшін тіректер мен принциптік бағдарлар береді.

I ТАРАУ. ӘРТҮРЛІ ЖАСТЫҚ ТОПТАРЫНДА СӨЙЛЕУДІ ДАМУЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1.1. Бала өмірінің алғашқы жылындағы сөйлеудің дамуы

Баланың сөйлеуінің дамуы шекті заңдылықпен негізделген. Баланың өмір сүру жағдайы мен тәрбиесі оның дамуына септігін тигізуі мүмкін, сондай-ақ, керісінше кедергі жасауы мүмкін. Бала дайын сөйлеу аппаратымен дүниеге келеді, бірақ сөйлемейді. Бұл тек барлық жүйке жүйесінің және сөйлеу орталығының дамымағандығымен ғана негізделмей, сонымен қатар, басқа да бірқатар себептермен түсіндіріледі:

- 1) Сәби өзінің сөйлеу аппаратымен қолдану дағдысын меңгере алмайды, оған бұл дағдыны үйрену қажет;
- 2) Сөйлеу үшін оның сөздік қоры мүлдем жоқ, оған бұл қорды жинау қажет;
- 3) Оған сөйлеудің сөздік нысаны таныс емес, олармен танысуы қажет;
- 4) Ойлау сөйлеумен тікелей байланысты;
- 5) Тіл адамдардың; сәби мен оны қоршаған адамдардың бір-бірімен әлеуметтік қарым-қатынас жағдайында дамиды [9].

Балалардың сөйлеуін дамытудың жетекшілігі осы бағыттарда жүргізілуі қажет.

Бала өмірінің алғашқы жылы оның тілін одан әрі дамыту үшін шешуші маңызға ие. Бұл дамудың бөгелісін негіздейтін көптеген себептер және үлкендеу жастағы балалардың сөйлеу кемістігі жиі олардың өмірінің осы ерте кезеңінде жасырылады. Бала туғаннан бастап қоршаған адамдарымен араласа отыра, өзінің бар күші мен қабілеттерін дамытады. Баланың даму көрінісі тіл жағынан ерекше анық байқалады. Баланың қолайлы педагогикалық жағдайда сөйлеуді жеңіл және тез меңгеруі шынында таңғаларлық. Бала дайын сөйлеу аппаратымен дүниеге келеді, алайда оны қолдану дағдысын меңгере алмайды. Оған бұл дағдыны үйрену керек. Сәбидің дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы аптасында шығаратын алғашқы дыбыстары көмей және ерін дыбыстарынан құралған сараланбаған тіркестер болып табылады: **гх, пех, мг, бг** және т.б. Бала олардың айтылымымен үнемі жаттығады. Ол *гүлдейді*. Оның 4-5 айларында шығаратын дыбыстары сипатын өзгертеді: олар сараланған, сөз элементтері пайда болады, бала буынды, сөздің алғашқы түбірін меңгереді: **ма, па, га, фу** және т.б. Оның *былдыр* кезеңі басталады.

Сәбидің сөйлеуінің алғашқы көрінісі эмоциялық-жігерлі сипатқа ие, оның ішкі күші мен жағдайының білдірушісі болып табылады. Сәбидің қанағаттандырылған, көңілді көңіл-күйі – оның тілінің кедергісіз дамуының негізгі шарты. Бұндай жағдай тек физикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік себептерден туындайды. Бала өз өмірінің алғашқы аптасында әлеуметтік қарым-қатынас қажеттілігін көрсете бастайды. Оның және анасының, немесе оны күтетін басқа адамның арасында оның тілінің дамуына орасан зор әсер ететін ішкі рухани байланыс орнайды. Екі жақ, сәби және ересек адам осы байланысты ұстануға тырысады және оны жүзеге асыру үшін басты қару –

сөйлеу мүшесін қолданады. Баланың сөйлеу қажеттілігі және оны қанағаттандыратын сөйлеу ортасы, осы екі факторлардың өзара әрекеті баланың сөйлеуін дамытуға мүмкіндік береді. Есту мүшесі ең маңызды рөл ойнайды. Бала айналада шығатын дыбыстарды ұйып қағып алады, тындайды және оларды қайталауға тырысады. Балаларға есту қоздырғыштары ұсынылады. Тиісті есту қабылдағышы балалар тілінің қалыптасуына және есту мәдениетіне әсерін тигізеді. Жануарлардың дауысы, құстардың әні, музыкалық аспаптардың дыбыстары, локомотивтің ысқырығы олардың көңілін қоздырады және сөйлеу реакциясын ынталандырады. Бірақ басты рөл, әрине, адамның дауысына тиесілі.

Сөйлеуді түсіну қабілеті оны белсенді қолдану қабілетінен ерте байқалады. Балалар сөзді айтпас бұрын түсіне бастайды. *Пассивті сөздер* қоры адамның бүкіл өміріндегі белсенді қордан сандық тұрғыдан артыла түседі. Бала әдетте бірінші жылдың аяғына қарай 20-30 сөзді белсене қолданады. Бұл алғашқы сөздердің мазмұнын оны қоршаған нақты болмысы құрайды, ең алдымен ол жиі араласатын және ол үшін жеке маңызы бар тұғалар, заттар, денелер. Балалармен ұзақ уақыт және саналы сөйлесу, олардың тез дамуына және жақсырақ сөйлей бастауына әкеледі. Сондықтан да, біздің балалармен қарым-қатынас жасау көрінісін сөйлеумен сүйемелдеуіміз, баланың санасында қалыптасып жатқан көріністер мен бейнелерді сөзбен бекітуіміз, сөзбен өзіміздің әрекетімізді жүзеге асыруымыз, бұл әрекетте жүзеге асырылған заттарды атауымыз қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту оқу құралындағы өмірдің алғашқы жылдары 4 кезеңге бөлінеді. Әр кезеңде міндеттер ажыратылған:

Бірінші кезеңде (2,5-3айға дейін) ең алдымен көруді және естуді дамыту маңызды. Баланың көз тігуін және құлақ түруін тудыру қажет: ересек адамның жүзін зерделеуге үйрету, ашық түсті ойыншықтарға көз тоқтату, қозғалып жатқан заттарды бақылау, әртүрлі дыбыстарға, ересек адамның сөйлеуіне, оның әндетуіне сылдырмақтың және басқа дыбысталған ойыншықтарға құлақ салу. Аталған тәрбиешілік әсер етудің нәтижесінде сәбидің үш айлығына қарай «жандану кешені» деп аталатын эмоциялық мәнерлі реакциясы пайда болады.

3 айлығындағы *жандану кешені* - бұл мимикалық, қозғалыстық және дыбыстық реакциялар. Кешеннің жүйелілік мағынасы оның дыбыстық реакциясының белсендірілуінде. Дыбыстық реакцияның көп реттік қайталануы олардың дамуына мүмкіндік береді. Алғашқы айлардағы тәрбиелік әсерлер балаға күтім жасау кезінде жүзеге асырылады. Олар мынадай кешеннен құралады: көруге, естуге, түйсікке әсер етеді. Әсер ету сәбиді тыныштандыруға, қоздырғышты алып тастауға бағытталады. «Әңгімелесулер» мазмұны бойынша өте қарапайым. Олардың ең басты міндеті баланы тыныштандыру, оған өзінің сезімін жеткізу.

Бала *бірінші айдың аяғында және екіншінің басында* ересек адамдармен қарым-қатынас жасауды белсене қабылдай бастайды. Ересек адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде сөздің құраушысы күшейеді.

Әңгімені бұрынғыдай бір сарынмен жалғастырған жөн. Әңгіменің мазмұны қарапайым, бірақ дауыс интонациясы алуандылықты қажет етеді.

Үшінші айда қарым-қатынас жасау үдерісінде заттарды қолданылады: ересек жоғары ілінген ойыншықтарды тербетеді, сылдырмақтарды сылдырлатады. Бұл баланың көру және есту қабілеттерінің дамуына әкеледі. Бала дауыстап күледі, «а-а-а, э-э» дыбыстарын шығарады. Үшінші айда қарым-қатынас жасау қажеттілігі қалыптасады.

Екінші кезеңде (2,5- айдан 5-6 айға дейін) баланың одан әрі жан-жақты дамыту үрдісіндеі дауыстық реакциясы дербес бола бастайды.

–3-4 ай – көмей дыбыстар;

–5 ай - гуілдеу (әндетілген дауысты дыбыстар);

–6 айға қарай - былдыр (ба-ма-па).

Ол артикуляциялық аппараттың дамуына және естудің шоғырлануына әкеледі. Оқу сағаттарының сергектенудің 2 жартысында, оянғаннан кейін-минуттан соң жүргізу ұсынылады. Сабақ күніне 4 реттен күн сайын жүргізіледі, ұзақтығы 3-6 минут. ҰОҚ 30 секунд кідіріс жасай отыра, бірнеше әсер ету тәсілдерін кезектестірген жөн. Бұл дыбыстарды шығару мүмкіндігін беру үшін жасалады.

1. Сәбимен эмоциялық әңгімелесу;

2. Оның көз жетер жерінде тәрбиешінің үнсіз отыруы

3. Ойыншықты көрсету;

4. Эмоциялық сөздік қарым-қатынас.

ҰОҚ балалардың дербес әрекетімен үйлестірген жөн. Бала сабақта сөздік үлгілерді (дыбыстар, сөздер) қабылдайды, дербес әрекетте ол дыбыстарды шығаруды жаттығады.

Үшінші кезең (5-6 айдан 9-10 айға дейін)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту оқу құралы» сергектену кезінде тек жеке емес, сондай-ақ топтық ойын-жаттығуларды жүргізуді ұсынады. Сабақ барысы әртүрлі болуы мүмкін.

Қозғалысты түсінуді және оған еліктеуді дамыту үшін келесідей жаттығулар жүргізіледі:

«Алақан соғу», «Қош бол», «Қолыңды бер», «Қандай үлкен»

Төртінші кезең (9-10 ай-1 жас)

Бұл кезеңдегі сөйлеудің дамуына баланың ересек адамдармен және балалармен сан алуан өзара қарым-қатынасының қалыптасуы, және заттармен әрекет жасауының дамуы үлкен әсер етеді. Сабақ ойыншықтардың сюжетімен орындалады. Затта бейнеленген суреттердің көрсетілімі енгізіледі.

Сұрақтар:

1. Бала өмірінің алғашқы жылында болатын дене және физиологиялық өзгерістері туралы деректер келтіріңдер.

2. Бала өмірінің алғашқы жылын қандай кезеңдерге бөледі және неліктен?

3. Бала өмірінің алғашқы жылындағы сөйлеу алды әрекеті қалай ұйымдастырылады? Оны қашан «үйретеді»? Қандай әдістер мен тәсілдер қолданылады?

4. Баланың жүйелі сөйлеуді меңгеруіндегі сөйлеу алды дайындығы неден құралады?

5. Бала өмірінің алғашқы жылындағы сөйлеу алды жаттығуларына тәрбиешілердің жауапкершілікті қарым-қатынасы неліктен талап етіледі?

1.2. Бала өмірінің екінші жылындағы сөйлеудің дамуы

Өмірінің екінші жылы екі кезеңге бөлінеді (1 жастан 1 жас 6 айға дейін, 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін). Бірінші жартыжылдықта ересек адамның сөйлегенін түсінуді дамыту маңызды міндет болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту Үлгілік бағдарламасында адамдарды, заттарды (киімдер, жиһаздар, ыдыс-аяқтар, т.б.), қарапайым әрекеттерді білдіретін сөздерден құралатын категориялар тізімі беріледі. Балаларды жеке сөздерді ғана емес, сондай-ақ сөз тіркестерін түсінуге үйрету ұсынылады. Ересек адам сөз тіркестері арқылы сюжеттердің мазмұнын ашады, тапсырмалар береді, сәбиді тапсырмалардың мәнін түсінуге және оларды орындауға үйретеді. Екінші жартыжылдықта ересек адамның сөйлегенін түсінуді дамыту бұрынғыдай маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ол қоршаған болмыста баланың бағдарын кеңейту есебінен іске асырылады. Балаларды жақын жерде, сондай-ақ алыс ортада (балабақшада, алаңда, көшеде) орналасқан және болып жатқан заттардың, құбылыстардың, шаралардың атауын түсінуге; заттардың белгілерінің атауларын, мінез-құлық ережелерін меңгеру үшін қажетті түрлі сөздерді түсінуге; қысқаша әңгімелерді, өлеңдерді түсінуге; қиын емес тапсырмаларды орындауға үйрету қажет [9].

Белсенді сөйлеудің дамуы бұл жастағы балаларды тәрбиелеудегі басты міндет болып табылады. Балалардың бойында қоршаған ортамен негізгі қарым-қатынас жасау құралын дамыту, түрлі себептермен ересек адамдарға және балаларға жүгіну білігін қалыптастыру, бұрын алынған әсерлерді (көрген, естіген) бірнеше сөзбен немесе қарапайым сөз тіркесімен жеткізу қажет. Сөйлеуді дамытуда жануарлармен, қозғалып келе жатқан көлікпен танысу үлкен маңызға ие.

Сөйлеуді дамыту әдістемесінде сұрақтарды қабылдау маңызды тәсіл болып табылады. Балаларға өмірдің екінші жылында (әсіресе екінші жарты жылдығында) алуан түрлі сұрақтар қоюға болады және қою қажет (олардың кейбіреулеріне балалардың тез жауап бере алмауын, тек біраз уақыттан соң жауап беретіндігін естен шығармау қажет). «Анау қайда?мынау қайда?» сұрағын балаға оның алғашқы жылынан бастап қояды. Ең алдымен бұл оның затқа деген зейінін аударту үшін жасалады. Сұрақтан кейін зат көрсетіледі және аталады. Баланың сұраққа жауап беруінде белсенділік танытуы талап етіледі. Ең алдымен бала сұрақты заттың орналасуына қарамастан, оның атаулық мағынасын түсінеді, содан соң оның орналасуын көрсетеді. Сұрақтар: «Бұл кім? Бұл не?». Бұл сұрақтардан кейін заттарды немесе

әрекеттерді білдіретін сөздерді үлгі ретінде берген жөн. Баланы нақты сөздерді қолдануға бағыттайтын тәсілдер белсенді сөйлеудің дамуы үшін маңызды болып табылады. Тәрбиеші оны сөздерді қайталауға үйрете отыра ең алдымен үлгілер береді: «Бұл қуыршақ, бұл ит, ал бұл жерде аю допты ұстап тұр». Содан соң сәбиді осы сөздерді дербес жекеше, немесе бір сөз әртүрлі мәтінде болатындай етіп басқа сөздермен қоса қолдануына итермелейді: «Қуыршақтың аты Әйгерім. Әйгерім өте жақсы. Әйгерім серуендеуге шықты. Әйгерімді тамақтандырып, содан соң ұйықтату қажет». Суреттерді көрсету, қоршаған заттарға деген зейінін аударту қажет. Сонымен қатар, «Анау қайда -мынау қайда? Бұл не? Бұл кім?» деген сұрақтармен сүйемелдеген және «Қуыршақтың қайда отырғанын көрсетші. Аюды алып келші. Итті сөреге қойшы» секілді алуан түрлі тапсырмалар берген жөн.

Сұрақтар:

1. Бала өмірінің алғашқы жылымен салыстырғанда ана тілінің фонетикасынан қандай жаңашылдықты меңгереді?
2. Сөз қоры қандай тақырыптық топтармен байытылуы тиіс?
3. Бала өмірінің екінші жылында қандай грамматикалық дағдыларды меңгереді?
4. Баланың оған қолжетімді жүйелі сөйлеу нысанымен қолдану білігі неден байқалады?
5. Өмірінің екінші жылындағы балаларды сөйлеуге үйрету жұмысы қалай ұйымдастырылады?

Практикалық тапсырмалар

Тапсырма №1

Тәжірибелі тәрбиешінің бір жастан бір жарым жасқа дейінгі балалармен және бір жарым жастан екі жасқа дейінгі балалармен сөйлеу жаттығуларын қалай жүргізетіндігін бақылаңдар: өз байқауларыңның жазбаларын аудиторлық сабақтарда жолдастарыңмен талдаңдар.

Талдау жоспары:

- а) сөйлеудің түсінігін дамыту тәсілдері
- б) фонетикалық дағдыларды дамыту тәсілдері
- в) сөздерді жалпылама мағынамен қолданудың дағдыларын дамыту тәсілдері
- г) екі-үш сөздік тіркестерді қолданудың грамматикалық дағдыларын дамыту тәсілдері.

Тапсырма №2

Аталған әдістемелік зерттемелер бойынша өздеріңнің негізгі балабақшаларыңда өмірінің екінші жылындағы балалармен сабақ жүргізіңдер.

1.3. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөйлеуді дамыту жұмысының мазмұны

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесі – бала үшін негіз, тірек болып табылады. Сәби бойында туғаннан бастап 7 жасқа

дейінгі аралықта алдағы өмірде әрдайым қолданатын негіздер қалыптасатындығына еш күмән жоқ. Егер тәжірибе қоры аз болса, баланың бойында оның заманауи әлемде дамуына кедергі болатын жетіспеушіліктер жинақталады. Сөйлеу қабілеті жақсы дамыған бала өзін қоршаған әлемімен оңай қарым-қатынасқа түседі. Ол өз ойын, арманын түсінікті жеткізе алады, құрдастарымен, ата-аналарымен, педагогтармен кеңесе алады. Баланың түсініксіз сөйлеуі оның қарым-қатынас жасауын қиындатады және баланың мінез-құлқында жасқаншақтық пайда болады, бұл логопед, дефектолог, психолог және тағы басқалар сияқты мамандардың назарын қажет етеді. Сөйлеуі дұрыс дамымаған баланың білуге құмарлығы жоғалады, әсіресе мектеп жасына дейінгі жасқа тән [11].

Біздің заманымызда ақпараттық техниканың дамуы, сөйлеудің дамуы өзекті болып табылады. Балалар бұл техникамен қолдануды біледі, алайда өзінің сөздік шығармашылығын көрсету ынтасы жоқ. Өзінің сөздік мүмкіндігін көрсетуден гөрі. Өзінің жеке әсер алған тәжірибесін кем дегенде 2-3 сөзбен сипаттай алмайды. Қарсы, сондай-ақ жетектеуші сұрақтар ата-аналардың өздерін тығырыққа қояды. Көргеннің қарапайым сипаттамасы түсінбестік тудырады: неге? Жанды қарым-қатынас жасау, әсерлермен алмасу қысқаша сленгке немесе чатта, телефонда хабар алмасуға айналады. Сондықтан да, ең алдымен баламен жанды қарым-қатынас жасау және ана тілін сауатты үйрету өте қажетті болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды өнегелі және эстетикалық тәрбиелеудегі ана тілінің рөлі зор. Бала сөйлеу арқылы мінез-құлық, қарым-қатынас жасау ережесін меңгереді, қоршаған әлемнің әсемділігін қабылдайды және әсері мен сезімін жеткізе отыра көргенін айтып бере алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша арнайы құрастырылған тапсырмалар олардың тілдік және жалпы ой-өрістік жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне алып келеді.

Адамның тұлғасының қалыптасуы көп дәрежеде педагогикалық әсерге, оның қаншалықты ерте көрсетіле басталғандығына тәуелді. Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету мазмұны, жұмысты ұйымдастыру және үйретудің негізгі әдістері мектепке дейінгі тәрбие және оқыту Үлгілік бағдарламасымен анықталған.

Мектеп жасына дейінгі үлкен балалардың сөйлеу мазмұны адамның қоршаған адамдарға, табиғатқа қатысты борышы; қоғамдық өмір құбылыстары, мерекелер түсінігімен байланысты эстетикалық түсініктерден құралады. Сондықтан да, балабақшада тәрбие мен оқытудың Үлгілік бағдарламасы сөйлеуді дамыту жұмысы мен балаларды қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен таныстыру жұмысын біріктіреді және олардың жұмыс түрін анықтайды. Бағдарламада сөйлеуге үйретудің екі негізгі нысаны аталған: біріншісі – балалардың тәрбиешілермен, балабақшаның басқа да қызметкерлерімен, балалардың бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауындағы сөйлеуін дамыту жұмысы; екіншісі-сөйлеуді дамыту бойынша арнайы оқу сағаттары.

Баланың балабақшадағы **еркін сөздік қарым-қатынасы** келесідей жүзеге асады: тұрмыста (таңғы, кешкі дәрет, тамақ ішу және т.б.), серуендеу

кезінде, ойын процесінде, қоршаған айналамен танысу кезінде (қоғамдық өмірмен және барлық жыл мезгілдерінде табиғат аясымен), еңбек үдерісінде (шаруашылық-тұрмыстық, қолданбалы, табиғат аясындағы еңбек), мерекелер мен ойын-сауық іс-шаралары кезінде. Сөйлеуді дамыту бойынша арнайы сабақтар бала өмірінің үшінші жылында енгізіледі, бұл оның қарым-қатынас жасау және таным құралы ретінде, сондай-ақ өзінің мінез-құлқын реттеу құралы ретінде сөйлеуді меңгерудегі қабілетін арттыру үшін жүзеге асырылады. Бала ҰОҚ өзінің сөйлеу әрекетін тәрбиеші көрсететін үлгілермен және өзінің сөздерімен сәйкестендіруді үйренеді. Басқа балалармен бірге оқу әрекеттерін орындауды үйренеді: түсіндірмені, ертегіні, музыканы бірге тыңдау, бірге суреттер, диафильмдер қарау; әңгімелесуге үйрену, дидактикалық ойындарға қатысу, бірге өлең айту. Балалар ҰОҚ жаңа білімдер алады (болмыс құбылыстары арасындағы қарым-қатынасты білдіретін жаңа сөздермен және грамматикалық нысандармен бірге) берілген сөздік нұсқауларға сәйкес оқу жұмысын орындауға үйренеді; өзінің жұмысын бағалауға үйренеді. Балаларды сабақтағы тәртіпке баулиды. Қоршаған әлеммен танысу сабағында балалармен байқалатын заттар мен құбылыстар, олардың әрекеті, белгілері, қарым-қатынастары «зерттеу» объектілерін құрайды, ал тәрбиешінің, ата-аналардың балалар көріп отырғанды атаулары олардың лексикасын байытудың жалғыз көзі, диалогтық және монологтық сөйлеуді дамытудың өзіндік ынталандырғышы болып табылады. Көркем әдебиетпен ҰОҚ танысу балалардың сөздік қорын байытудың негізгі қайнаркөзі тәрбиешінің балаларға оқып жатқан немесе айтып жатқан көркем шығарманың мәтіні, ал қосымша қайнар көзі ретінде тәрбиешінің мәтінге түсінік беретін сөзі болып табылады.

Тапсырма:

1. Отандық және шетелдік педагогикада сөйлеудің даму мәселелері бойынша реферат дайындау.
2. Сөйлеуді дамыту ҰОҚ мазмұны неден құралған?

II ТАРАУ. АНА ТІЛДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

2.1. Сөйлеуді дамыту – теория және әдістеме негіздері

Ана тілі – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ой және өнегелі тәрбиесінің қайнар көзі және құралы болып табылады. Балалардың мектеп жасына дейінгі өмірінде сөйлеуінің қалыптасуы – тәрбиелеудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, себебі ана тілді білу бала санасының дамуымен, қоршаған әлемді тануымен, оның тұлға ретінде жан-жақты дамуымен тығыз байланысты. Бала балабақша қабырғасында қоғамдық тәрбие алады. Ол толыққанды дамудың барлық жағдайына, ересек адамның назарына тең құқығы бар құрдастар ұжымында ойнайды, жігерлікпен еңбек етеді. Сөз балалардың ойындары мен ермектерін сүйемелдей отыра, олардың біріккен әрекетінің туындауына және дамуына көмектеседі: балалар өзара келіседі, пікірлерімен алмасады, кей кезде айтысады, сөйлеседі [14].

Бала үшін ана тілі – балабақша қабырғасында ғылым негіздерін меңгеру кезінде білім байлығын ашатын кілт болып табылады. Ана тілі арқылы балаларды туған туған мәдениетіне қатыстырамыз: материалдық мәдениет (себебі бала өзін қоршаған тұрмыс заттарымен, техникамен және оның атауларымен танысады), рухани мәдениетке: көркем әдебиетке, фольклорға, өнеге. Бала жанды сөз бен бақылау арқылы оған қолжетімді қоғамдық өмірдің фактілерін, сондай-ақ заманауи қоғамның өнегелі көзқарасын қабылдайды.

Тәрбиеші жылы сөздерді балаларға әсер етудің, олардың ақылды бейнесін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде, білімді жеткізу құралы ретінде қолданады. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу бойынша міндеттерді сәтті шешу үшін балалардың дене және психикалық даму заңдылықтарын білу қажет. Балалардың сөйлеуін, бұл процестің мәнін, заңдылықтарын мен механизмдерін психологтар, физиологтар, лингвистер, педагогтар, фольклористер ғылымдарының өкілдері зерттейді.

Сөйлеуді дамыту әдістемесі педагогикалық ғылымдар қатарында тұр. Тілді және оны практикалық қолдануға үйрету процесі оны зерттеудің *пәні* болып табылады. Әдістеме сөйлеуді дамытудың тиімді құралдарын, әдістері мен тәсілдерін әзірлеуге, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтарын олармен жабдықтауға арналған. Әрбір жеке әдістеменің, соның ішінде сөйлеуді ғылым ретінде дамыту әдістемесінің ерекшелігі оның басқа ғылымдарға сүйенбей жүзеге асырылмайтындығында және дамымайтындығында.

Тілдің қоғам өміріндегі және және тұлғаның дамуындағы рөлі туралы теория, таным теориясы сөйлеуді дамыту әдістемесінің *әдіснамалық негізі* болып табылады. Бұл теориялық концепциялар тұрғысында ана тілді үйрету және бұл пәннің құралдарымен тәрбиелеу мәселелеріне жалпы келісімдер анықталады. Осылайша, әдістеме ғылым ретінде таным теориясы негізінде өзінің дамуын жүзеге асырады. Ғылыми мәселелер практика аясында анықталады және олардың дұрыс шешімі практикамен тексеріледі. Тілді

адамдардың қарым-қатынас жасауының маңызды құралы ретінде, оның мұқтаждықтан, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындауының түсінігі балабақшада ана тілін үйрету мақсатын, олардың қоғам алдына қойылған талаптарға сәйкестігін анықтауға көмектеседі. Сөйлеуді дамыту әдістемесі келесідей практикалық міндеттерді шешуге бағдарланған қолданбалы ғылым ретінде есептеледі: оқытуды оңтайландыру жолдарын іздеуге, негізделген ұсынымдарды әзірлеуге, оқыту процесінің қатысушылары – тәрбиешілер мен балалардың күнтізбелік нақты материалдарын құруға.

Әдістеменің **лингвистикалық негізін** тілді лексикалық, фонетикалық және грамматикалық деңгейлерде белгі жүйесі ретінде үйрену құрайды. Тілдің жүйелілігі балаға ана тілді меңгеруді түсінуге және түсіндіруге көмектеседі. Сөйлеуді дамыту әдістемесі сөйлеу дағдыларының құрамын және оларды қалыптастыру тәсілдерін, жұмыстың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық циклдың алуан түрлі ғылымдарының деректеріне сүйенеді. Осылайша, фонетика сөйлеудің дыбыстық мәдениетінің әдістемесін әзірлеу және сауаттылыққа үйретуге дайындау үшін негіз болады; грамматика біліміне морфологиялық және синтаксистік дағдылардың қалыптасуы; лексикология біліміне – сөздік жұмыс негізделеді; лингвистика ең алдымен қалыпты өмірде синоним ретінде қолданылатын «тіл» және «сөйлеу» секілді түсініктерді ажыратуға мүмкіндік береді.

Әдістеменің **психологиялық негізі** жалпы, сондай-ақ жастық психологияның, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалар психологиясының тұжырымдары мен нақты білімдерінен құралады. Сөйлеуді дамыту әдістемесі үшін Л.С. Выготскиймен және оның мектебінің психологтарымен (А.Н.Леонтьевпен, Д. Б. Эльконинмен, П. Я. Гальперинмен, В. В.Давыдовпен және т.б.) ұсынылған «датымып оқыту» тұжырымдамасы негізге алынды. Сөйлеу әрекетінің теориясы сөйлеуді дамыту әдістемесі үшін маңызды болып табылады. Сөйлеу әрекеті деп адамдардың әртүрлі қарым-қатынас жағдайында өзара әрекеттесу барысында тілдік құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын, пікірлер құрастыру мен қабылдаудың мақсатты бағытталған және белсенді үдерісі түсіндіріледі.

Сөйлеу ажыратылады:

- айту
- тыңдау (түсіну)
- оқу
- жазба.

Әдістеменің **педагогикалық негізі** сөйлеуді дамыту әдістемесінің жеке дидактика бола тұра, педагогиканың негізгі түсініктері мен терминдерін («мақсаты», «міндеттері», «әдістері», «тәсілдері» және т.б.), сондай-ақ оның тәрбиелеу және оқыту принциптері мен құралдарына, заңдылықтарға тиесілі орнын қолданатындығымен сипатталады. Балалардың танымдық әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің мәселесі, соның ішінде балалардың ҰОҚ маңызды орын алатын өнімді, ізденушілік немесе ішінара ізденушілік әрекеті әдістеме

үшін маңызды болып табылады. Тек осындай әрекет барысында ғана балаларда ойлау, шығармашылық қабілетінің негізін қалыптастыруға және жалпы әр баланың тұлғасының дамуына жәрдемдесуге болады.

Әдістеменің **физиологиялық негізін** И.П. Павловтың сөйлеудің қалыптасу механизмдерін түсіндіретін екі дабылдық жүйе туралы білімі құрайды. И.П.Павлов мидың негізгі міндетін сыртқы әлемнен келетін дабылды қабылдау және ойлау деп атап өткен.

2.2. Сөйлеуді меңгерудің заңдылықтары

Ана тілді меңгеру процесі – бұл жеке адам ағзасының сөйлеу жүйесін дамытудың, жетілдірудің заңды үдерісі. Біз тілді меңгерудің заңдылығы деп адамның сөйлеу жүйесінің даму дәрежесіне меңгеру нәтижесінің тәуелділігін атаймыз: оның сөз-қозғалыс бұлшықеті (сөйлеу дыбыстарының артикуляциясын және интонация элементтерінің модуляциясын орындайтын), ақыл-ойы (елестету, қиялдау, ойлау механизмдері), ес (сөз-қозғалысты, есту және графикалық болмысты тіл белгісі ретінде есте сақтау, сөйлеу нормаларын есте сақтау механизмдері), психиканың эмоциялық аясы (жоғары эмоцияларға байланысты туындайтын эмоциялық жағдайлар механизмдері).

Тәрбиеші үшін сөйлеуді меңгеру заңдылықтарын білу – бұл баланың тілді қоршаған болмыстың коды ретінде меңгеруіне қабілетті болуы үшін, яғни оның болашақта ең алдымен өз әрекетін ойланып жасайтын және тәрбиелік әрекеттерді қабылдайтын адам болуы үшін, ағзасының қай жерін (оның денесіндегі сөйлеу функцияларын орындайтын мүшелер) жетілдіру білімі болып табылады [14].

Сөйлеуді меңгерудің *алты заңдылығын* атап өтейік:

Бірінші заңдылық: ана тілін қабылдау қабілеті баланың сөйлеу органдары бұлшықетінің жаттыққандығына байланысты. Егер бала фонемаларды артикуляциялау және просодемаларды модуляциялау қабілетіне ие болса, сондай-ақ оларды дыбыстар кешенінен ажырата алса, ана тілін жетік меңгереді. Тілді меңгеру үшін баланың сөйлеу аппараты, содан соң жазбаша сөйлеуді меңгеру кезінде бұл тілдің және позициялық нұсқаулардың әр фонемасы мен әр просодемасын (дауыс күшінің модуляциясы, үннің, қарқынның, ырғақтың, тембрдің жоғарылығы) айту үшін қажетті көз бен қолы жетілдірілген болуы тиіс және осы қозғалыстар дыбыспен үйлестірілуі қажет. Егер бала өзгенің сөйлегенін тыңдай отыра, оны дауыстап, содан соң ішінен айтушыға еліктей отыра, оның артикуляциялары мен просодемаларын қайталаса, тіл меңгеріледі, бұл жерде оның сөйлеу мүшелерінің белсенділігін ескерген жөн. Осылайша, баланың сәбилік жасындағы сөйлеу алды әрекеттері – бұл артикуляциялық және модуляциялық дауыстық әрекеттер (гуілдеу, сыбызғы, былдырлау, модуляцияланған былдырлау) болып табылады. Егер тәрбиеші балалармен бірге осы әрекетке қосылса, олар қарқынмен жасалады. Гуілдеу, былдырлау сөйлеуге алмасады, бастапқыда тек дауыстап сөйлеу ретінде іске асырылады. Сөйлеу аппараты бұлшықетінің жұмысы баланың айтарлықтай ерікті күш

салуын талап етеді. Бала белгілі бір дәрежеде өзінің сөйлеу аппаратының бұлшықеттерімен басқаруды үйренгеннен кейін оның ішкі сөйлеуі пайда болады, яғни дыбыстық сүйемелдеусіз сөйлеу мүшелерінің артикуляциясы мен модуляциясын жасау мүмкіндігі туындайды. Бала шамамен өмірінің бесінші жылына қарай таныс сөздерде сөйлеу дыбыстарын таза, кемістіксіз (дауысты мен дауыссыздарды алмастырмай немесе қалдырмай, сақауланбай, еркелемей және т.б.) шығаруды үйрене алады. Мысалы, екі жастағы бала шляпа және репка сөздерінің орнына «ляпа» және «ека» деп айтады, үш жастағы – «съяпа», «лепка» немесе «Репъа», бес жастағы – шляпа, репка.

Екінші заңдылық: сөйлеу мәнін түсіну баланың лексикалық және грамматикалық тілдердің әртүрлі дәрежелі жалпыламадағы мағынасын меңгеруге байланысты. Бала лексикалық және грамматикалық дағдыларды меңгерген, сондай-ақ лексикалық және грамматикалық тілдік мағыналарды түсіну қабілеті дамыған жағдайда ана тілі меңгеріледі. Ана тілді меңгерудің табиғи жолын келесідей елестетуге болады: бала дыбыс кешенін естиді, оларды түсінбес бұрын дауыстап айтады, уақыт өте келе шығарылып жатқан дыбыстар кешенінің лексикалық мағынасын түсіне бастайды, яғни оларды белгілі бір болмыс құбылыстарымен салыстырады. Оның алғашқы сөйлемі – бұл сөздердің жиынтығы (қатары). Бала сөздердің лексикалық мағыналарымен бірге өзінің алғашқы синтаксистік абстракциясын: предикативтілік қарым-қатынас мағынасын түсінеді, яғни бастауыш пен баяндауыш қарым-қатынастарын, бекіту және терістеу мағынасын («Бұл-ана», «Бұл-тәте»). Бала сөздерді дұрыс айта алмай, өзінің сөйлеу органдарының бұлшықетін басқара алмай, қолының көрсеткіштік ишарасын «әмбебап есімдік» ретінде қолдана отыра, алғашқы сөйлемдерін құрастырады: «Ы-ляпа» (бұл шляпа).

Бала өз сөзінің лексикалық мағынасын – предикаттарын номинативті (дара затты атайтын) қабылдауы мүмкін, бірақ олардың предикативті мағынасын интуитивтік түсінеді. Және бұл грамматикалық мағынаның алғашқы түсінігі – ақыл-ой өрісінің маңызды құраушысының туындайтындығын растайды. Тілдік дағдыларды меңгерудің алдағы жүйелелігін және олардың көмегімен танымдық қабілеттің дамуын келесідей елестетуге болады. Бала өзі қолданатын сөздердің жалпылама мәнін жақсы сезіне бастайды. Ең алдымен ол сөздерді (Мысалы, қасық, мама, Әйгерім) берілген заттар немесе тұлғалардың белгіленуі ретінде қабылдайды. Содан соң, жануарлар, құстар, жәндіктер бейнеленген суреттерді қарай отыра, оған сөздердің жалпылама лексикалық мағынасы қолжетімді бола бастайды.

Үшінші заңдылық: сөйлеудің мәнерлілігін меңгеру баланың фонетика, лексика мен грамматиканың мәнерлі құралдарына қабілеттілігінің дамуына байланысты.

Лексикалық және грамматикалық бірліктерді түсінумен қатар олардың мәнерлілігіне деген қабілеттілік туындаған жағдайда ана тілі меңгеріледі. Балалар лексикалық және грамматикалық мағыналарды меңгере отыра, сөйлеп жатқан адамға қатысты сыртқы әлемнің тілмен қалайша бейнелетіндігін интуитивтік түсінеді, ал сөйлеудің мәнерлілік тәсілдерін

меңгере отыра, балалар адамның ішкі әлемінің тілде қалай бейнеленетіндігін, адамның өз сезімін, болмысқа өзінің бағасын қалай көрсететіндігін де интуитивтік түсінеді.

Төртінші заңдылық: сөйлеудің нормасын меңгеру баланың тілдік сезімінің дамуына байланысты. Егер баланың бойында сөйлеу кезінде тілдік белгілерді қолдану нормаларын, яғни олардың тіркесімділігін (синтагматика), өзара алмасу мүмкіндігін (парадигматика) және әртүрлі жағдайда сөйлеу орындылығын (стилистика) еске сақтау қабілеті пайда болған жағдайында ана тілі меңгеріледі. Адамның есте сақтау қабілеті әдеби тілде үндестік, морфемалар, сөздер, сөз тіркестері ретінде дәстүрлі қолданылуы тілдік сезім немесе тілдік сезгіштік деп аталады. Баланың бойында лексиканы меңгеру негізінде жатқан сезімнің қалайша дамуын түсіну үшін оның туынды негізбен сөздердің мәнін меңгеруін қадағалау қажет. А.Н. Гвоздев, М.А. Рыбникова баланың сөйлеуінде туынды сөздердің пайда болуын бақылай отыра, баланың ең алдымен жеке қосымшалардың мәнін меңгеретіндігіне көз жеткізді. Мысалы, егер ол «өзінің» сөздерін – «тістегіш» (ит) құрастырса, бұл оның -гіш жұрнағын жақсы түсінетіндігін білдіреді. Осылайша, егер бала түбір мен қосымшалардың әрқайсысын мәнін жекеше түсінсе, ол аталған морфемалардан құралған сөздердің мәнін бұрын естімесе де қателіксіз түсіне алады. Әрине «білім» бұл – интуитивтік, ол нақты және дұрыс емес те болуы мүмкін, алайда бұл ереже емес, тек ерекшелік болып табылады. Адамның ана тілінің лексикасын құрайтын бірнеше мың сөздерді меңгеруін (есте сақтауын) жеңілдететін заңдылық сөздер элементтерінің мәнін есте сақтау және оларды сөйлегенде дұрыс қолдану қабілетінен құралады. Сондай-ақ, бала синтаксисті көзге көрінер күш жұмсамай меңгереді, ең алдымен – сөзді түрлендіретін морфемалар (зат есімдердің, сын есімдердің, етістіктердің жалғаулары және қалыптастырушы жұрнақтар). Балаға ана тілдің мінсіз құрылымын сақтауға және оларды сөйлегенде пайдалануға мүмкіндік беретін «жұмыс механизмі» ес болып табылады; ес – тілдік сезімді дамытудың негізгі құралы. Адам негізінен мектеп жасына дейінгі өмір кезеңінде қалыпты сөйлегендегі ана тілдің элементтерінің дәстүрлі қолдануын есте сақтауы қажет.

Бесінші заңдылық: жазбаша тілді меңгеру ауызекі және жазбаша тіл арасындағы үйлесімділіктің дамуына байланысты. Жазбаша тіл дыбысталған сөзді жазбашаға «алмастыру» қабілеті туындаған жағдайда меңгеріледі. Оқуға және жазуға үйрету кезінде көз бен жазушы қол бұлшықеттерінің жұмысы қосылады, алайда көз бен қол (оқу және жазу) сөйлеу аппараты бұлшықеттерімен қатар жұмыс істемесе сөйлеудің функцияларын орындай алмайды. Н.С. Рождественский жазғандай «Бала үшін жазбаша тіл – бұл сөйлеуді меңгерудің екінші кезеңі болып табылады» және оны меңгерудің ерекшелігі – «ауызекі тілдің сөздері шынайы заттар мен олардың қарым-қатынасы үшін белгі болып табылады; жазбаша тіл ауызекі тілінің дыбыстары мен сөздерін шартты білдіретін белгілерден құралады». Егер бала ауызекі тілді меңгермесе, жазбаша тілді меңгере алмайды. Жазбаша тілді үйрету үшін жасанды ұйымдастырылған сөйлеу ортасы дидактикалық

материалдардың балаларға ауызша және жазбаша түрде (салыстыру үшін) ұсынылған жағдайында ғана оңтайлы бола алады.

Алтыншы заңдылық: тілді байыту қарқыны сөйлеу дағдылары құрылымының жетілдірілген дәрежесіне байланысты. Баланың сөйлеу дағдылары (әсіресе фонетикалық және грамматикалық) қаншалықты жетілдірілген болса, оның ана тілді меңгердегі, тілін жаңа лексикамен және жаңа құрылымдармен байытудағы табиғи үдерісі соншалықты тез жүреді. Бұл заңдылықты балабақшаның тәрбиешілері жиі байқайды: баланың сөйлеуі қаншалықты дамыса, ол өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді соншалықты есте сақтайды және олардың мазмұнын нақтырақ айтып бере алады. Бұл заңдылықты мектеп қабырғасында пән мұғалімдері де жиі байқайды. Мысалы, география, тарих, әдебиет пәндерін сөйлеу қабілеті жақсы дамыған балалардың оңай меңгеретіндігі бәріне мәлім: олар мұғалімді қызығушылықпен тыңдайды, оның ақпаратын оңай есте сақтайды және кітаптар мен пәнге қатысты әдебиеттерді құмарлана және нәтижелі оқиды.

Сұрақтар:

1. Сөйлеуді меңгеру үшін сөйлеу аппаратының дене дамуы не үшін қажет? Сөйлеуді меңгерудің бірінші заңдылығы қалай қалыптасады?
2. Сөйлеуді меңгеру үшін лексикалық және грамматикалық тілдік мағыналарды не үшін түсіну және ажырату қажет?
3. Бала сөздің грамматикалық мағынасын қалай түсінеді?
4. Тілдің сезімі немесе тіл сезгіштігі дегеніміз не?
5. Жазбаша тілге қарағанда ауызекі тілді неліктен озық қарқынмен үйрету қажет?
6. Сөйлеуді меңгерудің табиғи процесінің заңдылығы дегеніміз не?

2.3. Баланың сөйлеу функциялары. Баланың тілдік дамуының сөйлеу ортасын ұйымдастыру деңгейіне тәуелділігі

Баланың сөйлеуі оның сыртқы әлеммен байланысуының үш функциясын орындайды: коммуникативтік, танымдық, реттеуші. **Коммуникатік** функция – ең ерте: бала өмірінің тоғыз-он екі айында модульденген былдырынан туған алғашқы сөзі осы функцияны атқарады. Қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі бала тілінің болашақта жетілдірілуін ынталандырады. Бала екінші жылдың соңына қарай қоршаған адамдар үшін жеткілікті түсінікті болатын сөздермен өзінің ниетін, байқауларын білдіре алады, ересек адамның оған айтқан сөзін түсіне алады. Бала үш жастан кейінгі кезеңде ішкі тілді меңгере бастайды. Осы уақыттан бастап сөйлеу ол үшін тек қарым-қатынас құралы ғана болмай, сонымен қатар басқа да функцияларды атқарады, ең алдымен **танымдық функция:** бала жаңа сөздер мен жаңа грамматикалық түрлерін меңгере отыра, өзін қоршаған әлем туралы, заттар мен болмыс құбылыстары және олардың қарым-қатынасы туралы өзінің көрінісін кеңейтеді. Баланың коммуникативтік және танымдық функцияларының дамуымен сөйлеуді **оның мінез-құлқын реттеушісі** ретінде меңгеру басталады. Баланың мінез-

құлқын реттеуші – алғашқы сөздері *болады, болмайды* сөздері, *же, бар* және т.б. секілді бұйрық райы түрінде етістіктер болады.

- Болмайды! – ересек пышақтың жүзіне немесе отқа қолын созып жатқан балаға қорқыту интонациясымен айтады. – Аңсардың жанына батады (ақылды болу қажет, яғни өз әрекетінің салдарын алдын ала көру).

- Болмайды! – егер бала оның көзін шұқыса ренжу интонациясымен айтады. – Менің жаныма батты. Маған жанашырлық көрсетші, қолымды сипашы (мейірімді болу қажет, басқаны ренжітпеу, жанына тимеу қажет).

1. Қоғамдық өмірдің заттарымен және құбылыстарымен танысу.

а) Бақылау

б) Мақсатты серуендер

в) Экскурсиялар

г) Қарау сабақтары

д) Көрсету сабақтары

2. Заттардың қасиетімен және сапасымен танысу бойынша заттар туралы білімдерді тереңдету, салыстыру сабақтары.

3. Түрлік және тектік түсініктерді қалыптастыру бойынша сабақтар.

3.2. Бақылау және экскурсиялар жүргізу әдістемесі

Экскурсия –ҰОҚ түрлерінің бірі. Әрбір топ үшін балаларға меңгеру үшін міндетті бағдарламалық мазмұн анықталады. Тәрбиеші экскурсия кезінде балалардың қоршаған өмір туралы көріністерін кеңейте және нақтылай отыра, олардың сөздігін байытады және нақтылайды, ойлауын дамытады. Экскурсия объектісін анықтайды, қажет объектілерді табады, объектіні бақылау жүйелілігін жоспарлайды. Бақылау орнын алдын ала зерттеу тәрбиешіге экскурсия жүргізу тәсілдерін ойластыруға мүмкіндік береді, тәрбиеші балалардың сөйлеуін тезірек жеделдету үшін өлеңдер, жұмбақтар, мақалдар таңдай алады.

Балаларды экскурсияға дайындау, оны ұйымдастыру

Балалар қайда баратындарын білу, неге баратындарын, нені көретіндерін алдын ала білуі қажет. Объектілерді ең алғаш қарау кезінде еркін пайымдау мүмкіндігін беріп, кейін бақылауға кірісу қажет. Жиі экскурсия барысында мектеп жасына дейінгі балаларды заттармен ара қашықтықтан таныстырады. Тәрбиешінің сөзі өте маңызды болып табылады, көлемнің, кеңістіктің белгіленуін нақты және жиі қолдану қажет (кең көше, шетінде ағаштар, саяжол түзу, алыста тоған, балабақшадан ары қарай қиылыс). Қабылдау нақтырақ болуы үшін балаларды объектілерді зерттеу бойынша белсенді әрекеттерге тартқан жөн. Мысалы, жүк машинасының көлемін көрнекілеу көру үшін сәбилер бір-бірінің қолдарынан ұстап, оны қоршайды, ал доңғалақтың биіктігін білу үшін қолдарын жоғары көтеріп, шанаққа созылады. Балалар заттардың ұзындығын белгілеу кезінде қолының қимылын солдан оңға жүргізеді. Заттың пішінін қабылдауда зерттеу, пішінін қолмен белдеулеу, сырғу әдістерін қолданады.

Бақылау – қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстарын мақсатты, жоспарлы қабылдау.

Бақылауға дайындалу.

Объект жақсы жарықтандырылған, оған оңай жету үшін орналасқан.

Тәсілдер:

– Сұрақтар;

– Жұмбақтар;

- Затты зерттеу;
- Салыстыру;
- Ойын тәсілдері.

Тапсырма:

1. Бағдарламаны талдау негізінде жастық топтарда сөздік жұмыстың қиындатылуын қадағалау.

2. Әртүрлі жас топтары үшін қоршаған әлеммен танысудың жеке тақырыптары бойынша бағдарлық сөздіктер құрастыру («Көлік», «Мектеп» және т.б.).

3.3. Заттарды қарау

Сөздік құрастыру жұмысы заттармен ең алғаш танысуға арналған сабақтардан басталады. Бұл рөлді заттар мен олардың суреттерін, әрекетін көрсету сабақтары, сондай-ақ «Қуыршақты серуенге киіндірейік», «Аюға шай берейік» және т.б. секілді ойын сабақтары орындайды. Бұл сабақтардың неізгі мақсаты – балаларды сөйлеуіне заттардың атауын және олармен кейбір әрекеттерді енгізу. Тек қабылдауды дұрыс ұйымдастыра отыра осындай міндетті шешуге болады. Баланың назарын затқа, әрекетке аудартатын әдістемелік тәсілдер тиімдірек болады.

- заттың тұтас қабылдануын қамтамасыз ететін объектілерге балалардың назарын шоғырландыратын (заттың пайда болуы және жойылуы; затпен әрекет ұйымдастыру; тосын сый сәттері және т.б.);

- баланың назары шоғырланған зат немесе құбылыс атауының сәйкес келуі, оны көп реттік қайталау;

- сөйлегенде белгілі бір сөздерді қолданудағы, оларды қайталаудағы балалардың жаттығуы.

Мысал ретінде «**Әйгерім қуыршағын серуендеуге киіндіру**» ойынын қарастырайық.

Мақсаты: балалардың киім, заттардың қолданылуы туралы көріністі нақтылау. Серуенге киіндірудің реттілігін есте сақтауға үйрету.

Сабақ барысы:

Балалардың алдында Әйгерім қуыршағы отыр (тұр). Жанында – әдемі қорап, «Қорапта,- тәрбиеші айтып және көрсетіп жатыр,- Әйгерімнің киімі». Пәлтені алып шығады. Балалар оны атайды, оның бөлшектерін еске түсіреді: жаға, жең, түймелер. Пәлтенің түсін өздері атайды немесе тәрбиешінің артынан қайталайды. Пәлтені жанында тұрған шкафқа іледі. Одан әрі тәрбиеші баланы шақырады. Ол қораптан жаңа киімді алып шығады, оны атайды және педагогтың артынан қайталай отыра Әйгерімге береді «Мә, Әйгерім , телпек!». Сөйлем құрылымы бойынша күрделірек болуы мүмкін: «Катя, қара, қандай әдемі телме!» немесе «Әйгерім, бұл телме. Оны басқа киеді». Кезекпен шықырылатын балалар қораптан телмені, күртені алып шығады. Содан соң, Әйгерім серуенге жинала бастайды. Қуыршақ пәлтені киіп жатып сұрайды: «Ең алдымен пәлте кию қажет, солай ма?». «Жоқ, жоқ! - деп тәрбиеші наразылық білдіреді, - Сен енді күртені қалай киесін?». Тәрбиеші Әйгерімге біртіндеп шалбарды,бәтеңкені, күртені, телмені, пәлтені

кигізеді. Балалар қуыршақ пен тәрбиешіге ненің және неліктен кию қажеттігін естеріне түсіреді. Қуыршақты шешінетін бөлмеге шығарады. Ол балалардың қалай киінетіндігін қарайды. Олардың кейбіреулеріне киіну ретін естеріне түсіреді, білдіртпей айтады.

Балалардың сөздігін дамытатын ҰОҚ түрлері:

1. Заттардың сапасымен және қасиеттерімен таныстыру сабақтары.

Тәрбиеші бұндай сабақтарды жүргізу кезінде мына жағдаяттарды ескеруі қажет:

1. Сабақтардағы сөздік жұмыс заттардың сапасы мен қасиеттерін анықтауға сүйенеді, сондықтан да тәрбиеші олардың мұқият сенсорлық тексерілуін ұйымдастыруды білуі тиіс. Балалардың бойында тексеру тәсілі сол сабақтардың оқу үрдісінде қалыптасады.

2. Тексеру тәсілдерін қалыптастыру тәрбиешінің ажыратушы сапаға сәйкес болатын тексеру әрекетін қолдануында нақты нұсқауларды талап етеді (мысалы, *бас* – қаттылығын анықтау үшін, *сипа* – тегістігін, бетінің кедір-бұдырлығын анықтау үшін, *қыс* – жұмсақтығын анықтау үшін және т.б.).

3. Көрнекілік материал әр балаға белсенді зерттеу әрекетін жүргізу, оларды белгілеу және қабылдау негізінде заттардың сапасы мен қасиетін білдіретін сөздердің меңгерілуін қамтамасыз ету үшін ұсынылады.

4. Әрбір сапа мен қасиетті ажырату, оларды жалғаспалыдан бөліп алу оларды қарама-қарсымен салыстыру арқылы тиімдірек жүзеге асырылады. Мысалы, қатты сапасы жұмсақпен салыстырғанда, ауыр жеңілмен, мөлдір мөлдір емеспен және т.б. Бұл қаттыны қасиет ретінде ілеспелі температуралық сезінулерден, қабылданатын заттың кедір-бұдырлық немесе тегістік сезінуінен нақты ажыратуға болады.

5. Заттың сапасы мен қасиеті балалармен танылуы және меңгерілуі үшін оларды маңызды ету қажет, яғни сәттілігі аталған сапаны ескеруіне тәуелді болатын нәтижелі, мазмұнды әрекетке қосу қажет. Бұл баладан нәтижеге жету үшін есепке алуды және ізделетін сапаны немесе қасиетті ажыратуды талап етеді.

6. Осындай түрдегі сабақтарда сөздік жұмыс міндетінің сәтті шешілуі көрнекілік материалды таңдауға байланысты. Сабаққа ажыратылатын сапалар айқын, ал алаңдатпа сапа (ашық реңкті бояу, қозғалмалы бөліктердің болуы, ойын қызықтылығы және т.б.) мүмкіндігінше аз болып берілетін заттарды таңдау маңызды.

ҰОҚ құрылымы

Бірінші бөлік – қандай да бір әрекет жағдайында заттың сапасын ажырату.

Екінші бөлік – балаларды тексеру әрекеттеріне үйрету.

Үшінші бөлік – балалардың әртүрлі заттардың сапасын анықтау және жаңа сөздерді меңгеру.

2. Түрлік және тектік түсініктерді қалыптасуы заттардың түрлері мен топтарын нақты білдіретін сөздердің енгізілуімен жүзеге асырылады,

соның арқасында сөздің нақты қолданылуы, заттың нақты аталуы қамтамасыз етіледі. Түсініктер мен оларға сәйкес келетін сөздіктердің қалыптасуына арналған сабақтар балалардан заттардың ерекшеліктерін көру білігін талап етеді: бөліктерін, пішінін, тағайындалуын және т.б. Сондықтан да, олар мектеп жасына дейінгі балалардың заттар туралы білімдерінің тереңдетілуі жүзеге асырылған сабақтарда алынған біліктеріне сүйенеді. Осылайша, бұл сабақтар сөздікті дамыту бойынша жұмыстың жалпы жүйесіне кіреді және сабақтың басқа түрлерімен тығыз байланысты.

Сабақты жүргізу кезінде келесі талаптар ескеріледі:

1. Сабақ көрнекілік материал бойынша құрастырылады. Заттардың жиынтығы белгілер бойынша ажыратылатын бір заттан және оған ұқсас түрлі заттардан құралуы қажет: түсі, пішіні, көлемі бойынша әртүрлі тостағандар, сондай-ақ балалар тостағаннан ажыратуы тиіс стақан, бокал және т.б.

2. Балаға ұқсас топтағы заттарды таңдау қажет. Ол таңдау негізіне тиісті белгілерді бөле отыра өзінің шешімін ынталандыруы қажет.

3. Таңдау қажеттілігі балаға түсінікті болуы тиіс. Осыған орай, Осыған орай, таңдау міндеті бала үшін қызықты әрі жиі ойнатылуы шарт.

Тапсырмалар:

1. Екінші кіші топта заттармен танысу және сөздікті дамыту бойынша ҰОҚ толық жоспарын дайындау.

2. Әр түрлі жас топтардың біреуіне заттардың қасиетімен және сапасымен танысу үрдісінде сөздікті құрастыру бойынша ҰОҚ конспектісін құрастыру.

3. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөздіктің қалыптасу ерекшелігі туралы реферат дайындау.

3.4. Сурет бойынша әңгімелеу сөйлеуді дамыту

Баланың ақыл-ойы дамуы үшін суреттер оның өмірінің бірінші жылынан бастап ерекше орынды алуы қажет. Ойлау қабілетін дамыту үшін мектеп жасына дейінгі баланың жеке бақылауы және тәжірибесі маңызды рөлге ие. Сурет бізге өмірде кездестіретін бақылауды, үлгілерді ұсынады. Суреттерді қараудың мақсаты келесідей:

а) баланың ауызекі сөйлеуін дамыту;

б) бақылауға қабілеттілігі;

в) процестерді бақылау (қиялдау, ойлау, логикалық пайымдау).

Балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесінде балалармен сурет бойынша жұмыс істеу сабағы жетекші орын алады. Бала өзінің уайымын сөйлеумен жүзеге асырады. Бұл тілінің дамуындағы көмекші құрал болып табылады. Ерекшелігі – суреттерді үнсіз қарау. Кішкентай бала суретті қараған кезде үнемі сөйлей береді. Педагог балалардың сөйлеуін қолдауы, сұрақ қою арқылы олардың тізі мен назарын басқару қажет. Суреттерді таңдау кезінде қатаң біртіндеушілікті сақтаған жөн: қарапайым, қолжетімді мазмұндардан күрделі және қиындарға. Сурет балалардың даму және жас деңгейіне сәйкес

келуі қажет, алайда ол ақыл-ой өрісі мен сөз қорының кеңейтілуін ұсынған кезде тағайындалуына жетеді. . Балалар суреттерге қызығушылығын танытады: олар көргендерін, бастан кешкендерін еске алады, қиялын арттырады. Балалардың саралығын, ойлауын, тілін және байқауын дамыту үшін үлкен сүйіспеншілікпен қарау қажет. Қаралып жатқан суреттер баланың бойында эстетикалық сезімнің дамуын тудыруы тиіс.

Балабақша ағымдағы жұмыстың сұранысын қанағаттандыру үшін суреттер жинағының болу қамын ойлауы қажет. Сондай-ақ, тақырыптар бойынша жіктелген суреттердің жинағы болуы қажет, олардың тағайындалуы – әдістемелік сабақтар жүргізу үшін материал ретінде қолданылуы. Бұндай мақсаттар үшін кітаптардан, журналдардан, газеттерден қиылып алынған және картонға жабыстырылған суреттер, ашық хаттар қолданылуы мүмкін. Көркемдік дағдыларға ие тәрбиешілер суреттерді өздері сала алады. Суреттердің ыңғайлы қолданылуы үшін оларды сақтау техникасын ойластыру қажет. Әр тақырыптың өз орны болуы тиіс: қорап, сөредегі орны, хатқалта және т.б. Педагог тек осылай ғана кез келген уақытта қажет суретті таба алады. Балалар суреттерді жеке қарағанды ұнатады. Сондықтан да, еркін қолдануға арналған суреттер болуы тиіс. Мазмұны әртүрлі және балаларға түсінікті қолжетімді болуы қажет. Балалардың еркін қолдануына арналған суреттер балалар өз білгенінше алатын орындарда ауыспалы тәртіпте орналастырылады.

Суреттерді таңдау талаптары

1. Сурет графикалық сауатты болуы, өзінің ешбір бөлшегімен шындықты бұрмаламауы қажет.
2. Сурет психологиялық тұрғыда баланың жасына сәйкес келуі керек.
3. Суретті қарау баланың назары мен қызығушылығы артқан уақытқа дейін жалғастырылады.
4. Саналы пайымдауды және байқағыштықты тәрбиелеу тек бір суретті қолданумен шектелмеуі қажет.
5. Суреттер бойынша сабақ тілдің қатысуында ғана өзінің мақсаттарына жетеді.
6. Балаларға көрсетілетін суреттер мосыға немесе жарыққа қарсы тақтаға орналастырылады. Көрсету үшін арнайы таяқша қажет. Саусақпен көрсетуге қатаң тыйым салынады.
7. Педагог сабаққа немесе ойынға қатыса отыра өз үлгісімен, көрсетуімен балаларды қалаулы сөйлеу реакциясына түрткі болады.

Суреттер бойынша жұмыстардың көптеген түрлері бар. Бір сурет әртүрлі сабақтарда материал ретінде қолданылуы мүмкін. Педагогикалық ережелердің бірі – бір бағыттағы үлгімен жалықтырмау.

Суреттер бойынша ҰОҚ түрлері:

Номенклатура. Атауы:

- а) заттар мен оның бөлшектерінің;
- б) заттар әрекеттері мен жағдайларының;
- в) заттар сапасы мен белгілерінің.

Сипаттамасы. Заттардың белгілерін, сапасын, жағдайын атап өту

Салыстыру. Екі және одан да көп заттарды бір уақытта және қатарлас сипаттау

Суреттер сипаттамасы. Суретте бейнеленген кезді анықтау

Суреттерді жүйелендіру. Кішігірім суреттерді санаттар мен түрлер бойынша таңдау:

- гүлдер, жиһаз, жануарлар және т.б. Суреттерді ойын ретінде ұсынуға болады;

- жұппен және лото. Бұл ойындар балаларды заттар әлемінде бағдарлайды, заттардың белгілері, тағайындалуы бойынша жіктелімімен таныстырады. Олар балалардың пайымдауын, назарын, сөйлеуін дамытады.

Тақырыпқа суреттер таңдау. Балалар тақырыпқа сай папкалардың ішінен белгіленген суреттер таңдайды. Әдетте бұндай тақырыптар арасында плакатты, альбомды рәсімдеу бойынша қызықты жұмыс жазылады.

Сурет бойынша әңгіме (6 жастан 7 жасқа дейін). Үш нәрсені анықтау үшін: суретте берілген қазіргі, алдын ала болған және кейінгі – олардың себепті және логикалық өзара қатынасында.

Сөйлемейтін балалармен номенклатура бойынша сабақтар сөз бен зат арасындағы байланысты бекітуге және баланың сөз бойынша затты табуына әкеледі. Балаларға таныс заттары бейнеленген суреттер көрсетеді, әрбір заттың атауы нақты және бірнеше рет қайталанады. Балалар затты оның атауымен байланыстырған кезде «Тап және алып кел» ойыны жүргізіледі. Суреттер бөлменің қарсы жағына, үстелге қойылады және тәрбиешінің ұсынуы бойынша кезекпен белгілі бір сурет әкелінеді: мысық, ит, ұл, қыз және т.б.

Тәрбиешіге ең алдымен өзіне суреттерді жақсы қарап алу, көрсетілімді неден бастауын, балаларды не туралы сұрауын белгілеу қажет. ҰОҚ кейін суреттер бірнеше күнге бөлмеде қалдырылады, тәрбиеші балаларды оларды қарауларына түрткі береді.

ҰОҚ құрылымы барлық топтарда бірдей.

Бірінші бөлім. Суретті жауып енгізу және сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. Сабақты көркем сөзбен бастау.

Екінші бөлім. Тәрбиешінің сұрақтары бойынша суретті қарау және суретті сипаттау, яғни суреттік бір бөлігінен екіншісіне ауысу, бастысын, маңыздысын ажырату.

Суретті сипаттау кезінде сұрақтар қойылады.

1. Суреттің жалпы мағынасын анықтау үшін: Бұл сурет не туралы? Онда не бейнеленген? Бұл суретті қалай атаймыз? Немесе оны қалай атауға болады?

2. Суреттегі заттарды сипаттау үшін: Бұл не? Бұл кім? Қайда? Қандай? Қай? Не үшін? Не істеп жатыр? Неге ұқсайды? немен ерекшеленеді?

3. Сурет бөліктері арасында байланыс орнату үшін: Не себепті? Неге? Не үшін?

4. Суреттен тыс ауысу тапсырмалары: Қалай ойлайсындар, осыған дейін не болды? Кейін не болады? Оны қалай білдіңдер?

5. Балалардың жеке тәжірибесімен байланысы: Сендердің ойыншықтарың қандай? Сендердің б/б қалай келгендеріңді еске түсірейік?

6. Сөздік жұмыс үшін сұрақтар: синонимдер, бір түбірлі, ұқсас сөздерді таңдау. Бұл туралы басқаша қалай айтуға болады? Суретті қарау тәрбиешінің жалпылама әңгімесімен немесе жоғары топта көркем шығарманы оқумен аяқталады.

Тапсырма:

1. Ересек топтарда «Қысқы ойын-сауықтар» суреті бойынша сабақтың толық жоспарын дайындау.

3.5. ҰОҚ және күнделікті өмірдегі дидактикалық ойындар

Дидактикалық ойынның құрылымы. Дидактикалық ойын белгілі бір құрылымға ие. **Құрылым** – бұл ойынды бір уақытта үйрету нысаны және ойын әрекеті ретінде сипаттайтын негізгі элементтер. Дидактикалық ойын түріне қарамастан, оны басқа ойындардан және жаттығулардан ерекшелендіретін белгілі бір құрылым бар [4]. Дидактикалық ойынның келесідей құрылымдық құраушылары ажыратылады:

- ✓ дидактикалық міндеттер;
- ✓ ойын міндеттері;
- ✓ ойын әрекеттері;
- ✓ ойын ережелері;
- ✓ нәтиже (қорытынды жасау).

Үйрету мақсатында қолданылатын ойын ең алдымен үйретуші, дидактикалық міндеттерден құралуы қажет. Балалар ойнай отыра бұл міндеттерді белгілі бір ойын әрекеттерімен орындалатын қызықты нысанда шешеді. Ойын әрекеттері дидактикалық ойынның негізін құрайды – оларсыз ойынның өзі жүзеге асырылмайды. Олар ойын мазмұнының суреті болып табылады. Ойынның міндетті құраушысы оның ережелері болып табылады, тәрбиеші олардың арқасында ойын барысында балалардың мінез-құлқын, тәрбиелік-білім беру үрдісін басқарады. Осылайша, дидактикалық ойынның міндетті құрылымдық элементтері: үйретуші және тәрбиелеуші міндеттер, ойын әрекеттері мен ережелері болып табылады.

Алайда, балабақшалардың жұмыс практикасында бұл түсініктер әрқашан нақты саралана бермейді: кейде ережелер бір уақытта әрекет ретінде болады, бұл педагогтың ойынды дұрыс қолдануын қиындатады.

Дидактикалық міндеттер. Дидактикалық міндеттер мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу және оқыту Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсатымен және балалар тәрбиесімен анықталады, бағдарламада әрбір жастық топ үшін балаларға меңгеру қажет білімдер, біліктер мен дағдылардың көлемі анықталған. Осылайша, дидактикалық ойындарды таңдау үшін тәрбиеленушілердің дайындық деңгейін білуі және ойында олар бар білімдері мен біліктерін пайдалануы қажет. Басқаша айтқанда, дидактикалық міндеттерді анықтай отыра, балалардың табиғат туралы, қоршаған заттар туралы, әлеуметтік құбылыстар туралы білімдері, көріністері туралы қандай білімдердің меңгерілуі қажет екендігін, осыған

байланысты қандай ақыл-ой операциялары дамуы қажет екендігін, бұл ойынның құралдарымен баланың тұлғасында қандай қасиеттер қалыптастыру қажет екендігін (қойылған мақсатқа жетудегі адалдық, сыпайылық, байқағыштық, қажырлық, белсенділік, дербестік) ескерген жөн. Мысалы, барлық педагогтарға таныс «Ойыншықтар дүкені» ойынындағы дидактикалық міндетті келесідей айтуға болады: «Балалардың ойыншықтар, олардың ерекшелігі, тағайындалуы туралы білімін бекіту; жүйелі сөйлеуді дамыту, заттардың маңызды белгілерін анықтау білігі; байқағыштықты, сыпайылықты, белсенділікті тәрбиелеу». Ойында балалардың алдына қойылған бұл дидактикалық міндет тәрбиешіге ойынды және оны басқаруды ұйымдастыруға көмектеседі: тағайындалуы бойынша, материал, сыртқы келбеті бойынша бірдей ойыншықтар таңдау; сатушыға ойыншық сипатының үлгісін беру, сыпайылық қарым-қатынас. Әрбір дидактикалық ойынның өзіндік оқыту міндеті бар, бұл оларды бір-бірінен ажыратады. Дидактикалық міндетті анықтау кезінде оның мазмұнында қайталанудың, жаттанды сөйлемдердің («назарды, есті, ойлауды тәрбиелеу») болуын болдырмау қажет, ереже бойынша бұл міндеттер әрбір ойында шешіледі, алайда бір ойындарда естің дамуына көп көңіл бөлу қажет болса, екіншісінде – назарға, үшіншісінде – ойлауға. Педагог дидактикалық міндетті алдын ала жақсы білуі және тиісті анықтауы қажет. Осылайша, «Не өзгерді?» ойынын – еске сақтауды, «Ойыншықтар дүкені» - ойлау мен сөйлеуді дамытуды, «Ненің жасырылғандығын ойлап тап» - байқағыштықты, назар аударуды жаттықтыру үшін қолданылады.

Қолданыстағы бағдарламаға сәйкес балаларды оқыту және үйрету үдерісінде- әрбір ойында нақты міндет болған жөн .

Ойын ережелері. Ойын ережелерінің негізгі мақсаты – балалардың әрекетін, мінезін ұйымдастыру. Ережелер ойында балаларға бірдеңені тыйым салуы, рұқсат беруі, бұйыруы, ойынды қызықты, қызу болдыруы мүмкін. Ережелер қаншалықты қатаң болса, ойын соншалықты кернеулі және өткір болады. Ойында ереженің сақталуы балалардан белігілі бір ерік күшін, құрдастарымен қарым-қатынас жасау білігін, нәтиже сәтсіздігінен туындайтын жағымсыз эмоцияларды болдырмауды талап етеді. Ойын ережесін анықтай отыра, балалардың тапсырма орындаудан қуанышын тудыратын жағдайлар ұсыну. Балалардың ойындарында «Айдос, бәрі сенің кесірінен! Енді бізбен ойнамайсың!» немесе «Сен бізбен ойнауға сұранып, барлығын өзің бүлдірдің!» сөздерін жиі естуге болады. Тәрбиелік – білім беру үдерісінде дидактикалық ойындарды орындай отыра, балалардың бойынша оның ережелері мен әрекеттері арқылы әдептілікті, ұстамдылықты, ақкөңілділікті қалыптастыру қажет.

Ойын әрекеттері. Дидактикалық ойын ондағы ойын ережелерінің орындалуы ойын әрекеттерінің бағытталуымен, бақылануымен ойын жаттығуларынан ерекшеледі. Мысалы, «Бұл шындық па әлде жоқ па?» ойынында барлығы жалған:

Жылы көктем бізде,

Жүзім пісті мүлде.

*Мүйізді ат жайлауда
Секіреді қар үстінде жазда.
Аю кешкі күзде
Арықта отырады сүйсіне.
Ал қыста бұтақ арасында
Бұлбұл әндетті «Га-га-га!» .
Жауапты тез сен айт маған –
Бұл шындық ба әлде жалған?*

Ойын балалардың кезекпен қол көтере отыра барлық ауыстырылған жалған сөздерді атауы үшін жиі осылай жүргізіледі. Алайда ойын қызықтырақ болу үшін және барлық балалар белсенді қатысулары үшін тәрбиеші ойын әрекеттерін енгізеді, мысалы: балаларда үстел басында қораптың ішінде текшелер жатады. Өлеңді оқу барысында өтірікті байқаған бала өзінің алдына текшені қояды. Бұл өлеңде 6 өтірік бар. Зейін қойып тыңдаған және оларды байқаған бала өзінің алдына алты текшені қояды. Басқа ойын қатысушысы бір өтірікті байқап, тек бір текшені қояды. Тәрбиеші бір текшені қойған балаға сұрақ қояды?

- Сен қандай өтірікті таптың?
- Мүйізді ат – олай болмайды.
- Кім бұл өтірікті байқады, сол текшені қорапқа салсын. Ал сен, Анар, қандай өтірікті таптың? – тәрбиеші екі текше қойған қыздан сұрайды.

Анар атайды:

- Жазда қар болмайды және бұлбұл «Га-га-га» деп әндетпейді.
- Дұрыс, Анар. Балалар, кім тағы өсы өтірікті байқады, өз текшелеріңді қорапқа салыңдар.

Соңғы өтірік аталғаннан кейін ойын аяқталады. Осыдан кейін жеңімпаз аталады. Ол сыйлық алады. Бұл белгі, ашық хат, ту болуы мүмкін. Тек атап айтуға да болады: «Қанат жеңді. Ол зейінділік пен тапқырлық танытты. Жарайсың!».

Ойын әрекеттерінің дамуы тәрбиешінің ойлап табуына байланысты. Кейде балалар ойынға дайындала отыра, өз ұсыныстарын енгізеді: «Біз жасырайық, ал біреу оны іздесін?», «Ал мен санамақпен жүргізушіні таңдаймын!» немесе «Ыстық-суық» ойынын қашан ойнағанымыз естеріңде ме? Қалай қызық болды!». Осылайша, әрбір ойын негізгі құраушылардан, дидактикалық міндеттерден, ережелерден, ойын әрекеттерінен құралғанда дидактикалық ойын болады.

Дидактикалық ойындар оқытушы мазмұны, балалардың таным әрекеті, ойын әрекеттері мен ережелері, балалардың ұйымдасуы мен өзара қарым-қатынасы, тәрбиешінің рөлі бойынша ажыратылады. Аталған белгілер барлық ойындарға тән, алайда біреулерінде бірі айқын көрінеді, басқаларында – басқасы. Әрбір дидактикалық ойын бірнеше элементтерден құралады, яғни: дидактикалық міндеті, мазмұны, ережелер мен ойын әрекеттері. Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндеті болып табылады. Ол сабақ бағдарламасымен тығыз байланысты. Қалған барлық элементтер осы міндетке бағынады және оның орындалуын

қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттер әртүрлі. Дидактикалық ойынның сөйлеуді дамыту бойынша міндеті келесі болуы мүмкін: дыбыстың дұрыс шығарылуын, сөздіктің байытылуын, жүйелі сөйлеу мен ойлаудың дамуын бекіту. Дидактикалық ойындардың мазмұны әдетте қоршаған болмыс болып табылады (табиғат, адамдар, олардың қарым-қатынасы, еңбек, қоғамдық өмірдің оқиғалары және т.б.). Дидактикалық ойындардағы баланың мінез-құлқы, оның әрекеті, басқа балалармен өзара қарым-қатынасы ережелермен реттеледі. Ережелер әрбір баланың нені және қалай істеуін анықтайды, мақсатқа жету жолын көрсетеді. Ереже балалардың бойында ұстамдылық, өз мінез-құлқын басқару біліктерін тәрбиелейді. Ойын шынымен де тәрбиелік мақсатты болуы үшін, балалар оның ережелерін білуі және оларды нақты қодануы қажет. Оны тәрбиеші үйретуге міндетті. Әсіресе оны өте ерте жастан бастаған маңызды, сонда ғана балалар ереже бойынша әрекет жасауға әдеттенеді және бойында дидактикалық ойындардағы мінез-құлық біліктері мен дағдылары қалыптасады. Ойын әрекеттері дидактикалық ойындарда айтарлықтай рөлге ие. Ойын нысанына жасырылған дидактикалық міндеттер баланың назары ең алдымен ойын әрекетін өрістетуге және ойын ережелерін орындауға бағытталса, сәтті шешіледі. Қандай да бір ынтасыз ойын ойнай отыра, дидактикалық міндеттерді байқамастан орындайды. Сабақта қолданылатын дидактикалық ойындар ойын әрекеттерінің арқасында оқуды қызықты, эмоциялы етеді, балалардың үйреншікті зейінін жоғарылатады, білімдер, біліктерді және дағдыларды терең меңгеру үшін алғышарт жасайды. Ойын әрекеті мектеп жасына дейінгі жастағы үлкен балалар үшін ойын қатысушылары арасында жеткілікті күрделі өзара қарым-қатынасты орнатуы қажет. Ережеге сәйкес ойын әрекетіне ойынның белгілі бір жағдайында қандай да бір рөлін орындау жатады. Бала өзінің балалық шағындағы қиялындағыдай кескінделген бейненің әрекетіне қарай әрекет етеді, осы бейнемен байланысты сәттілік пен сәтсіздікке ұшырайды.

1. Саяхаттау ойындары әсерді күшейтуге, балалардың назарын қасында орналасқанға аударуға үндейді. Олар байқағыштықты күшейтеді, қиындықтарды жеңуді көрсетеді. Бұл ойындарда ойын әрекетімен бірге тіркесте таным мазмұнын ашудың көптеген тәсілдері қолданылады: міндеттер қою, оны шешу тәсілдерін түсіндіру, міндеттердің кезеңмен шешілуі және т.б.

2. Тапсырма ойындары мазмұны бойынша қарапайым, ал ұзақтығы бойынша – қысқа. Олардың негізінде заттармен, ойыншықтармен, сөздік тапсырмалар жатыр.

3. Болжау ойындары («Егер..... болса, не болар еді»). Балалардың алдына кейінгі әрекетті түсінуді талап ететін міндет қойылады және жағдай жасалады. Сонымен бірге, балалардың ойлау қабілеті қосылады, олар бір-бірін естуді үйренеді.

4. Жұмбақ жасыру ойындары. Олардың негізінде білімдерді, тапқырлықты тексеру жатыр. Жұмбақтарды шешу талдау, жалпылау, пайымдау білігін қалыптастыру, қорытынды жасау біліктерін дамытады.

5. Әңгімелесу ойындары. Оның негізінде сөйлесу жатыр. Уайымның, қызығушылықтың, ақкөңілділіктің тікелей болуы негізді болып табылады. Бұндай ойын эмоциялық және ойлау үдерістерін қосуға талап қояды. Ол сұрақтар мен жауаптарды тыңдау білігіне, мазмұнына зейін қоюға, айтылғанды толықтыруға, пікірін айтуға тәрбиелейді. Танымдық материал ойынның бұл түрін жүргізу үшін оңтайлы көлемде, балалардың қызығушылығын тудыру үшін қолжетімді және түсінікті берілуі қажет. Танымдық материал лексикалық тақырыппен, ойын мазмұнымен анықталады. Ойын, ең алдымен балалардың ойлау қабілеттеріне сәйкес келуі қажет.

Дидактикалық ойын мектеп жасына дейінгі педагогикада оқыту ойын және дидактикалық міндет негізінде жүретін оқыту мақсаттарын үшін құрастырылады. Бала дидактикалық ойында тек жаңа білімді алып қана қоймай, сондай-ақ оларды қорытындылайды және бекітеді. Дидактикалық ойын бір уақытта ойын әрекетінің түрі және тәрбиешінің баламен өзара әрекет етуін ұйымдастыру нысаны ретінде болады. Оның ерекшелігі осында. Осылайша, педагогтың жұмысында дидактикалық ойындарды пайдалану балалардың сөйлеу белсенділігінің дамуына және тәрбиелік-білім беру жұмысының нәтижелілігінің жоғарылауына әкеледі.

Сөздік ойындар. Дидактикалық ойындардың әртүрлілігі негізгі үш түрге біріктіріледі: заттармен, ойыншықтармен, табиғи материалдармен ойын, үстел-баспа ойыны және сөздік ойындар. Сөздік ойындар ойыншылардың сөздері мен әрекеттерінде құралған. Балалар осындай ойындарда заттар туралы бар көріністеріне сүйене отыра білімдерін тереңдетуге үйренеді, себебі бұл жерде бұрын алынған білімдерді жаңа байланыста, жаңа жағдайда қолдану талап етіледі. Балалар әртүрлі ойлау міндеттерін дербес шешулері қажет: заттарға тән сипаттарды ажырата отыра оларды сипаттау, ұқсас және айырмашылық белгілерін анықтау, заттарды түрлі қасиеттер, белгілер бойынша топтастыру, пікірлерде алогизм табу. Кіші және орта топтардаға сөздермен ойын негізінен сөйлеуді дамытуға, дұрыс дыбыс шығаруды тәрбиелеуге, сөздікті бекіту мен қолдануға, кеңістікте дұрыс бағдардың дамуына бағытталады. Балалардың бойында логикалық ойлау белсенді қалыптаса бастайтын мектеп жасына дейінгі үлкен жаста сөздік ойындар ойлау әрекетін қалыптастыру, міндеттерді дербес шешу мақсатында қолданылады. Бұл дидактикалық ойындар барлық жастық топтарда қолданылады, бірақ олар мектеп жасына дейінгі үлкен жастағы балаларды тәрбилеуде және оқытуда ерекше маңызды, себебі балаларды мектепке оқуға дайындайды: педагогты зейін қойып тыңдау, қойылған сұраққа қажет жауапты тез табуға, өзінің ойын нақты және анық жеткізу, өз білімін қойылған міндетке сәйкес қолдану білігін дамытады. Сөздік ойындар көмегімен балалардың ақыл-ой еңбегімен айналыу ниетін тәрбелейді. Ойында ойлау үдерісі белсенді жүреді, бала өзін үйретіп жатқандығын байқамай ақыл—ой жұмысының қиындығын оңай жеңеді.

Педагогикалық үдерісте сөздік ойындарды пайдаланудың ыңғайлығы үшін оларды шартты түрде 4 негізгі топқа біріктіруге болады. Олардың

біріншісіне заттардың, құбылыстардың айқын (басты) белгілерін ажырату білігі қалыптасады: «Ойлап тапшы», «Дүкен», «Радио», «Асхат қайда болды?», «Иә-жоқ» және т.б. Екінші тобын балалардың бойында салыстыру, теңестіру, алогизмдерді байқау, дұрыс ой қорытынды жасау біліктерін дамыту үшін қолданылатын ойындар құрайды: «Ұқсайды-Ұқсамайды», «Өтірікті кім көбірек табады?» және т.б. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша заттарды жалпылау және жіктеу білігі дамитын ойындар үшінші топқа біріктіріледі: «Кімге не керек?», «3 затты ата», «Бір сөзбен ата» және т.б. Ерекше төртінші топқа зейінді, аңғарымпаздықты, ойлау тездігін, табандылықты, әзіл-сықақ сезімді дамыту ойындары жатады: «Бұзылып қалған телефон», «Бояулар», «Ұшады-ұшпайды», «Қара мен ақты атамау» және басқалар.

Баспа үстел ойындары. Баспа үстел ойындары – балалар үшін қызықты іс. Олар түрлері бойынша әртүрлі: жұп суреттер, лото, домино. Оларды пайдалануда шешілетін дамытушы міндеттер де әртүрлі. Суреттерді жұп бойынша таңдау. Осындай ойындағы ең қарапайым тапсырма – әртүрлі суреттер арасында екі бірдейін табу: түсі мен үлгісі бойынша бірдей екі телпек немесе сырттай бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ екі қуыршақ. Содан соң тапсырма күрделенеді: бала суреттерді тек сыртқы белгілеріне қарай біріктірмейді, сондай-ақ мәні бойынша: мысалы, суреттер арасында екі ұшақты, екі алманы табу. Ұшақ та, алма да суретте бейнеленген, олар түсі бойынша, пішіні бойынша әртүрлі болғанымен, олардың бір зат түріне жататындығы біріктіреді, ұқсастырады. Ортақ белгілер бойынша суреттерді таңдау (жіктеу). Бұл жерде заттар арасындағы байланысты жалпылау, анықтау талап етіледі. Мысалы, «Бақта (орманда, бақшада) не өседі?» ойынында балалар өсімдіктердің тиісті суреттерін таңдайды, олардың өсу жерімен ара қатынасын белгілейді, осы белгі бойынша біріктіреді. Немесе «Содан сон не болды?» ойыны: балалар ұндай да бір ертегінің мазмұн әрекетінің даму жүйелілігін ескере отыра иллюстрациялар таңдайды.

Суреттердің құрамын, санын және орналасуын еске сақтау . Ойындар заттармен жүргізілгендей жүзеге асырылады. Мысалы, «Қай суреттің жасырылғандығын ойлап тап» ойынында балалар суреттер мазмұнын еске сақтайы қажет, содан соң олардың қайсысын суретімен төмен айналдырғандығын анықтауы қажет. Бұл ойын есті, еске сақтауды және еске түсіруді дамытуға бағытталған. Бұл ойын түрінің ойын дидактикалық міндеті балалардың бойына есептік және реттік шот туралы, үстел үстіндегі суреттердің кеңестікті орналасуы туралы (сол жағында, оң жағында, үстінде, астында, алдында, бүйірінен және т.б.) білімдерді, суреттермен болған өзгерістер, олардың мазмұны туралы байланыстырып айту білігін бекіту болып табылады. Кеспелі суреттермен және кубпен жұмыс. Бұл ойын түрінің міндеті – балаларды логикалық ойлауға үйрету, жеке бөліктерден тұтас заттарды құрастыру білігін дамыту. Бұл ойындағы күрделілік бөліктер санын ұлғайту, сондай-ақ құрамын, суреттер мазмұнын күрделендіру болып табылады. Егер кіші топта суреттерді 2-4 бөлікке кессе, орта және жоғары топтарда 8-10 бөліктерге бөледі. Сонымен бірге, кіші топтардағы ойын үшін

суреттерде бір зат бейнеленеді: ойыншық, өсімдік, киім заттары және т.б. Үлкен балалар үшін суреттерде оларға таныс көркем әдебиеттеріндегі, ертегілердегі заттар бейнеленеді. Негізгі талап – суреттердегі заттардың балаларға таныс болуы. Тұтас суреттің болуы мәселені шешуді жеңілдетеді. Сондықтан да, кіші топтардағы балалар үшін тұтас суреттер беру қажет, тапсырма берілмес бұрын суреттің бөліктерінен тұтас суретті құрастырып, оны балаларға көрсетіп алу қажет.

Әрекет, қозғалыс көрсете отыра сурет жөнінде айту, сипаттау. Бұл ойындарда тәрбиеші мына міндетті қояды: балалардың тек сөйлеуін ғана дамытпай, қиялы мен шығармашылығына да дамыту. Жоғары топтарда күрделірек міндеттер шешіледі: бір балалар суретте салынған әрекетті бейнелесе, басқалары – суретте ненің салынғандығын, адамдардың не істеп жатқандығын айтады, мысалы, өрт сөндірушілер өрт сөндіріп жатыр, теңізшілер теңізде жүзіп келе жатыр, құрылысшылар үй салып жатыр, оркестр әртүрлі аспаптарда ойнап жатыр. Бұл ойындарда баланың қажет бейнені жасауда шығармашылық ізденіске, қайта түрлендіруге қабілеттілігі секілді тұлғалық қасиеттері қалыптастырылады.

Заттармен ойын. Заттармен ойында ойыншықтар және шынайы заттар қолданылады. Балалар олармен ойнай отыра, салыстыруды, заттардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтауды үйренеді. Бұл ойындардың құндылығы – балалар олардың көмегімен заттардың ерекшеліктерімен танысады: түсі, өлшемі, пішіні, сапасы. Ойындарда салыстыру, жіктеу, міндеттерді шешудегі жүйелілікті анықтау жүзеге асырылады. Балалар заттық орта жөнінде жаңа білімдерді меңгере отыра ойындардағы тапсырмалар күрделенеді: балалар затты қандай да бір сапасы бойынша анықтауға жаттығады, осы белгілер бойынша заттар біріктіріледі (түсі, пішіні, сапасы, тағайындалуы және т.б.), дерексіз логикалық ойлауды дамыту үшін маңызды. Кіші топ балалары үшін сипаты бойынша бір-бірінен ерекшелетін заттар беріледі, себебі бұл топ балалары заттар арасындағы болмашы айырмашылықты таба алмайды.

Орта топта айырмашылығы сәл байқалатын заттар ойында қолданылады. Балалар заттармен ойында заттардың саны мен орналасуын саналы еске сақтауын, жетіспейтін затты табуды талап ететін тапсырмаларды орындайды. Балалар ойнай отыра, бөлшектерден тұтасты құрастыру, заттарды тізу (кішігірім шарлар, моншақтар), әртүрлі пішіндерден өрнек жасау біліктерін меңгереді. Қуыршақтармен ойнау кезінде балалардың бойында мәдени-гигиеналық дағдылар және өнегелі қасиеттер қалыптасады, ойындағы серіктесі-қуыршаққа деген қамқорлық қарым-қатынасы болашақта өзінің құрдастарына, үлкен балаларға алмасады. Әртүрлі ойыншықтарды дидактикалық ойындарда кеңінен қолданылады. Ойыншықтардың түсі, пішіні, тағайындалуы, көлемі, жасалған материалы ашық көрінеді. Бұл тәрбиешіге белгілі бір дидактикалық міндеттерді шешуде балалармен жаттығуға мүмкіндік береді, мысалы, ағаштан (металдан, пластмассадан, керамикадан) жасалған ойыншықтардың немесе әртүрлі шығармашылық ойындар үшін қажетті ойыншықтардың: отбасы ойыны, құрылысшы,

ұжымшар, аурухана және т.б. барлығын алып тастау. Бұл жерде ойыншықтар жасалған материал туралы білім, сондай-ақ адамдарға әртүрлі әрекет түрлерінде қажетті заттар туралы білім белсендіріледі.

Тәрбиеші ұқсас мазмұнды дидактикалық ойындар көмегімен балаларда дербес ойынға қызығушылығын тудырады, тандалған ойыншықтар арқылы ойынның мәнін білдіртпей айтады.

Дидактикалық ойынды жүргізген кездегі тәрбиеші мен баланың біріккен әрекеті. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту жұмысында біріккен әрекеттің келесі нысандары қолданылады: табиғат аясында бақылау және қарапайым еңбек; белсендіруші қарым-қатынас сценарийі, өзімен өзі сөйлеуі; жарыспалы сөздер; араңдатушылдық немесе баланы жасанды түсінбеу; қарым-қатынасты дамытудағы көңілді ойындар және хормен жүріп ойнау; ашық әсерлі суреттерді қолдану арқылы көркем әдебиетті тыңдау; әдеби шығармаларды сахналау және қарапайым драмаландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту ойындары; дидактикалық ойындар мен жаттығулар; тұрмыстық және ойындық жағдайлар; қарапайым эксперименттеу. Адамдарға, ең алдымен балаларға қоршаған әлемді саналы түрде қабылдауға көмектесетін және қарым-қатынас құралы болып табылатын ана тілінің рөлін асыра бағалауға мүмкін емес. Балалардың сөйлеуді меңгеру қарқыны бірдей емес. Осы жастағы балалардың сөйлеуі жалпы жұмсарыңқы, сөздерді жеткіліксіз нақты айтумен көптеген дыбыстарды дұрыс шығармаумен, күрделі шығарылатын дыбыстарды қарапайымдармен алмастырумен сипатталады. Әр сабақты балаға таныс жағдай тақырыптарына барынша жақындатып, ойынмен өткізуге талпыну қажет. Мысалы, «Кімнің анасы қандай» тақырыптағы сабақта мектеп жасына дейінгі балаларға кішкентай жануарлар үшін балабақша салуды ұсыну қажет. Мысалы, «Үйді салып жатырмыз» өлеңін айтып. Жанауарлардың (ешкі, мысық және т.б.) аналары өзінің балаларын балабақшаға алып келеді, содан соң бірнеше тапсырманы орындағаннан кейін, оларды үйге алып кетеді. Осындай сабақта балалар жануарлардың балаларын тануды және атауды үйренеді, сондай-ақ аналары барлық балаларды кешке қарай үйге алып кететіндігіне көздерін жеткізеді. Бұл оларға қосымша психологиялық жайлылық жасайды. Мектеп жасына дейінгі балаларға бір үлгілік, тартымсыз әрекеттерде жинақталуы қиын, ал ойын үдерісінде олар жеткілікті ұзақ уақыт бойы зейінді болуы мүмкін; зейін сырттай тартымды заттарға, оқиғаларға пайда болады және қызығушылығы сақталғанға дейін сақталады; мінез-құлық жағдаяттық және әрқашан ырықсыз әрекеттерден туындайды; мектеп жасына дейінгі балаларға еліктеу, жеңіл иланушылық тән; көру – эмоциялық ес және көрнекілік-әрекеттік ойлау басып болып табылады. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту міндеттерін шеше отыра, ұйымдастырылған әрекеттің келесідей болуын ескеру қажет: біріншіден, жағдаяттық (жеке тәжірибедегі қандай да бір жағдаймен байланысты); екіншіден ырғақты (қозғалу және ақыл-ой әрекеті кезектесуі қажет); үшіншіден, процессуалдық (мектеп жасына дейінгі балалар тұрмыстық үдерістегі дағдылардың дамуында үшкен қажеттілікті сезінеді.

Олар үшін жуынудың, киінудің, тамақ ішудің және т.б. үдерісі ұнайды. Тәрбиеші баланың белсенді сөйлеуін дамыту үшін баланың әрекетін сөздермен сүйемелдеуі және оны қайталауға итермелеуі қажет).

Аудиожазылым сүйемелденетін ойындар балалармен өте жақсы қабылданады. Ойынның басында жеке жүргізіледі, жиі тәрбиешінің аяғында, бір бала аяқта отырады, ал қалғандары топпен айнала қуанады, әркім білгенін айтады, билейді – өз кезегін күтеді. Балалар біртіндеп ортақ ойынға қосылады және ойынның мәтінін айтуды жалғастырады. Аудиожазылым оқылуы қозғалыспен үйлеседі, оны барлық балалар бір уақытта орындайды. Бұл саусақпен ойындар да («Сауысқан-сауысқан»), қызықты өлең де («Алақанды алақанға соғу»). «Алақанды алақанға соғу» ойынында барлық балалардың аттарын қолдану қажет: «...маймен жақты, балаларға берді: Серікке екеу, Әйгерімге екеу, Аңсарға екеу». Сонымен, әрбір баланың алақанына өз қолын тигізу керек. Сөздікті дамыту үшін тапсырма беру тәсілін қолдану қажет. Бала нақты тапсырмаларды орындағаннан кейін, «Сен не әкелдің? Қайдан алдың? Қайда қойдың?» деп сұрау қажет. Осындай сұрақтар көмегімен бала объектілердің және оларды білдіретін сөздердің байланысын және өзара тәуелділігін анықтай бастайды. Бала тапсырманы дербес орындауға талпынысы, қиындықтарға төтеп беруі, тапсырманы орындаудың объективті жағдаын сезінуі маңызды. Бұл жағдайда соңғы нәтиже тек түсініліп қана қойылмайды, сондай-ақ есте сақталынады және сөйлеуінде байқалады. Баланың сөйлеуін белсендіру тәсілінің бірі – заттармен және объектілермен әрекеттерді ынталандыру, мысалы, бөлме өсімдіктерімен. «Өсімдіктерге су құямыз, себебі оның су ішкісі келеді!», «Жапырақтары таза болу үшін оларды сүртеміз!». Балалардың сөйлеуін дамытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін топта ізгі ниетті жағдай жасау қажет. Ол үшін балалармен бірлескен ойындарды қолданған жөн, олармен бірге кітаптар қарау, күнделікті ертегілер мен аудиожазылымды қою.

Тапсырмалар:

1. Ойыншықтармен және суреттермен сөздік ойындарын жүргізу және оның талдау. Сөздік дидактикалық ойындарды жүргізу және оны талдау.
2. Әртүрлі жастық топтар үшін дидактикалық жаттығулар құрастыру және оны талдау.

IV ТАРАУ. ӘРТҮРЛІ ЖАСТЫҚ ТОПТАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДҰРЫС АЙТЫЛЫМҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

4.1. Сабақтарда және күнделікті өмірде сөйлеудің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу

Сөйлеу мәдениеті – сөйлеу қарым-қатынасы мен пікірдің мақсатын ескере отыра, айтылып жатқанның мазмұнына сәйкес барлық тіл құралдарымен (дыбыс құралдарымен, соның ішінде интонация, лексикалық қор, грамматикалық нысандар) дұрыс қолдану білігі болып табылады.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөйлеу мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалар оларды қоршаған адамдарымен қарым-қатынас жасау процесінде меңгереді. Балалардың жоғары мәдени сөйлеуіне тәрбиеші зор әсер етеді. Сөйлеудің дыбыс мәдениетін тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын анықтай отыра, педагог алдына келесі міндеттер қойылады: балалардың сөздердегі дыбыстарды анық айтуын, сөздерді дұрыс айтуын, анық айтылымға (жақсы дикция), балалар сөйлеуінің мәнерлілігін тәрбиелеу [6].

Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуін тек дыбыстардың дұрыс айтылымын қалыптастыруына ғана аудармау қажет. Дұрыс дыбыс айтылымын қалыптастыру сөйлеудің дыбыстық мәдениеті бойынша жұмыстың тек бір бөлігі болып табылады. Тәрбиеші балаларға сөзді дұрыс айтуын, сөздердің анық шығарылуын, дауысты қолдануды білуін меңгеруге көмектеседі, балаларды асықпай интонациялық мәнерлі сөйлеуіне үйретеді.

Тексеруге арналған материал тәрбиешімен таңдалады және дұрыс рәсімделеді. Дыбыс айтылымын тексеру үшін белгілі бір дыбыстарға заттық суреттер болуы қажет. Тәрбиеші тексерілетін дыбыстар сөздің басында, ортасында және аяғында орналасқан суреттерді таңдайды. Суреттер бояулы және мазмұны мен орындалуы бойынша қолжетімді болуы қажет. Заттық суреттердің өлшемі - 10*10 см.

Тексеру жүргізу. Тәрбиеші материал дайындайды және дыбыс айтылуын ексере бастайды. Ол дыбыстың тек болмауын немесе алмасуын ғана белгілемей, сондай-ақ оның бұрмалануын, айтылымдағы қандай да бір дәлсіздігін анықтайды. Бала дыбысты қалай айтатындығын анықтау мүмкін емес болған жағдайда тәрбиеші дыбыстың көмескі айтылуын белгілейді. Кейде бала аталған дыбыста суретті атай отыра, оны сөзде дұрыс айта алмайды. Бұл жағдайда тәрбиеші балаға еліктеу бойынша дыбысты айтуды ұсынады. «Маса ұшып жүріп ызылдайды –з-з-з. Маса секілді сен де ызылда. Егер бала масаға еліктей отыра з дыбысын дұрыс айтса, бұл дыбыстың оқшауланып айтылуы мүмкін екендігін білдіреді, алайда бала оны сөзге әлі енгізген жоқ». Бұл жағдайда сол дыбыстың тек бекітілуі қажет, яғни оны сөздерге, сөз тіркестеріне, аудиожазылым және т.б. біртіндеп енгізілуі. Егер бала дыбысты басқамен ауыстырса немесе бұрмалап айтса, бұл балада сол дыбыстың әлі пайда болмағандығын білдіреді. Бұл жағдайда ең алдымен дұрыс дыбысты шығарып, кейін оны сөзге енгізу қажет. Педагог балалардың сөйлеуін тексеру кезінде олардың сөзінің қарқынына, анықтығына, сөздердің

дұрыс айтылуына, дауыстың сыңғырлығына назар аударады. Егер қандай да бір кемістіктер болса, оларды белгілеу қажет[13].

4.2. Дыбыс айтылымы бойынша жұмыс түрлері

1-інші жұмыс түрі—артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалуын нақтылау. Тәрбиеші қозғалысты дамыту немесе нақтылау, дыбыстардың дұрыс артикуляциясын тудыратын белгілі бір ережелер құрастыру үшін ойын жаттығуларын жүргізеді. Сонымен бірге, сөйлеудің дыбыстық мәдениетінің келесі бөлімдерімен жұмыс ажыратылады: нақты және дұрыс артикуляцияны тәрбиелеу, ауызбен баяу тыныс шығару, дауыстың қаттылығын дамыту [12].

Мақсаты: артикуляциялық аппарат мүшелерінің анық қозғалуына және дұрыс орналасуына машықтандыру. Ауызбен баяу, ұзақ тыныс шығарылуына жаттықтыру .

«Тәтті тосап»

Мазмұны. Тәрбиеші: «Лаура құлпынай тосабын жеді және үстіңгі ерін ластады. Лаура осылай (көрсетеді) жалпақ тілімен тосапты үстіңгі еріннен жалап алды». Содан соң ол балаларға ауыздарын сәл ашып, тілінің жалпақ шетімен үстіңгі ерін жалағандай жоғарыдан төмен қимыл жасауын ұсынады.

Әдістемелік нұсқаулар. Балалар тілмен жан-жаққа емес, жоғарыдан төмен қимыл жасауын қадағалау. Тілі жалпақ болуы қажет.

«Мынау саңырауқұлақ!»

Мазмұны. Тәрбиеші балаларға саңырауқұлақтың қалпағы мен аяғының бар екенін естеріне түсіреді. Қалпағы жалпақ, ал аяқтары әртүрлі болады. Содан соң балаларға тілін саңырауқұлақ секілді жасауды ұсынады. Ол үшін тілді көтеріп, арқасымен жоғары басу қажет, сонда жіңішке аяқ көрінеді (тіластылық жүген).

Әдістемелік нұсқаулар. Педагог балалардың саңырауқұлағы дұрыс шығуы үшін олардан ауызын ашып күлуді және тілді таңдайға жабыстыруды сұрайды. Егер кейбір балалар оны жасай алмаса, алдымен оларға таңдайын қағуды, кейін оны жоғарыда ұстап қалуды ұсынады.

2-інші жұмыс түрі—оқшауланған дыбыстың айтылуын және сөйлеу естілімін дамытуды анықтау. Тәрбиеші оқшауланған дыбысты айту немесе оны еліктеу арқылы шығару үшін ойындар немесе ойындық жаттығулар береді. Балалардың зейіні сол дыбысты айту және оның дыбыстау кезінде артикуляциялық аппарат мүшелерінің орналасуына шоғырланады. Дыбыс топтарынан бұл дыбысты ажырату үшін ойындар қолданылады. Жұмыстың бұл түрі сөйлеу естілімін тәрбиелеуге, дауыстың қаттылығын өлшеуді білуге, сөйлеу тынысын, артикуляциялық аппараттың дамуына әкеледі.

Мақсаты: артикуляциялық аппарат мүшелерінің қимылын анықтау, оқшауланған «Ж» дыбысын дұрыс айту. Сөйлеу естілімін, дауысты дамыту, ауызбен ұзақ тыныс шығаруды үйрету.

«Ненің ызылдап жатқандығын тапшы»

Мазмұны. Тәрбиеші: «Балалар орманға серуендеуге кетті. Алаңқайда көп гүлдер өсіп тұр. Олардың үстінен ара ызылдап ұшып жүрді (*ж* дыбысын қатты, ұзақ айту). Балалар ары қарай жүрді, бұтада өрмекші өрмегін тоқыпты. Оған маса түсті, шыққысы келеді, бар күшімен тартылып ызылдап жатыр (*ж* дыбысын ақырын, қысқарырақ айту). Ал енді тыңдаңдар және табыңдар не ызылдайды, ара ма, әлде маса ма» (*ж* дыбысын қатты және ұзақ, ақырын және қысқарырақ шығарады). Балалар анықтайды және атайды. Содан соң олар екі топқа бөлінеді. Біреулері араны, екіншілері өрмекке түскен, сәйкесінше *ж* дыбысын шығаратын масаны бейнелейді. Ойынды қайталау кезінде балалар рөлдерімен ауысады.

Әдістемелік нұсқаулықтар: Балалардың *ж* дыбысын дауыстың тиісті қаттылығымен анық және дұрыс айтуын қадағалау.

3-інші жұмыс түрі—сөздердегі дыбыстардың дұрыс шығарылуын тәрбиелеу және фонематикалық естуді дамыту. Тәрбиеші сөздердегі дыбыстардың анық және дұрыс қолданылуына әкелетін әртүрлі ойын материалын (негізінен дидактикалық ойындар) пайдаланады. Алдымен жаттығып жатқан дыбыс екпіндік буында тұрған сөздер беріледі.

Мақсаты: сөздерде *ж* дыбысының дұрыс шығарылуына қол жеткізу, сөздерді анық, жеткілікті дауыспен айту білігін қалыптастыру, фонематикалық естуді дамыту.

«Не пайда болды?»

Мазмұны. Педагог үстел үстіне атауында *ж* (*жолбарыс, жылқы және т.б.*) дыбысы бар ойыншық қояды. Балалар оларды атайды. Содан соң тәрбиеші ойыншықтарды атайды, орындарын ауыстырады және атауында *ж* дыбысы бар жаңасын қосады, мысалы, қоржын немесе жүк машинасы. Балалардан жаңадан ненін пайда болғанын сұрайды. Кейін тәрбиеші балалардың өздеріне *ж* дыбысы бар сөздерді таңдауды ұсынады.

Әдістемелік нұсқаулар: Балалардың *ж* дыбысын дұрыс, анық шығаруын қадағалау қажет. Егер балалар жеткіліксіз сөздер атаса, тәрбиеші алдын ала таңдалған суреттерді көрсете отыра, олардан онда ненің бейнеленгенін атауды ұсынады.

4-інші жұмыс түрі—сөздердегі дыбыстардың дұрыс шығарылуын тәрбиелеу және фонематикалық естуді дамыту. Педагог арнайы таңдалған сөйлеу материалын қолданады: сөздік ойын, жаңылтпаштар, жұмбақтар, аудиожазылым, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер. Ол аталған материалда бұл дыбыстың дұрыс қолданылуын қадағалайды.

Мақсаты: *ж* дыбысын фразалық сөйлеуде дұрыс шығарылуын бекіту, сөздер мен сөз тіркестерінің анық, мәнерлі және жеткілікті дауыспен шығарылуы.

«Суретті әңгімеле»

Мазмұны. Балаларға заттар бейнеленген суреттер таратылады, олардың атауында *ж* дыбысы бар. Әрқайсысы өзінің суреті туралы бірдеңе айтуы

кажет. Мысалы, жолбарыс бейнеленген сурет туралы балалар «Жолбарыс ақырады» деп айтуы мүмкін, жүзгіштер бейнеленген сурет туралы «Жүзгіштер сайысы жүріп жатыр» және т.б. .

Әдістемелік нұсқаулар: Бала өзінің суреті туралы сөз тіркесін айтқаннан кейін, басқа балаларға осы зат туралы тағы бірдеңе айту ұсынылады.

Фразалық сөйлеуде дыбыстарды бекіту үшін қолданылатын сөйлеу материалы

Тіл ұстарту жаттығулар

Жи-жи-жи— төсегінді жи,

Жу-жу-жу— қолыңды сен жу.

Жаңылтпаштар

Жағажайды жағалай

Жүгіреді қамажай.

Жұмбақ

Жазу жазып жалықпаған,

Жаза-жаза арықтаған.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті бойынша сабақтар. 2 жастан 3 жасқа дейінгі балалармен сөйлеудің дыбыстық мәдениетін тұтастай тәрбиелеу сабақтары кемінде аптасына бір рет ұйымдастырылады, олардың ұзақтығы 7-15 минуттан аспауы қажет.

Бұл жастағы балалармен жүргізілетін сабақтар есту арқылы қабылдауды, сөз тынысын және дауыс аппаратын дамытуға, артикуляцияны анықтауға, сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс және анық айту тәрбиесі мен білігіне бағытталады. Оларды дыбыс шығаратын әртүрлі жануарлар мен заттарға дыбыстық еліктеуді қолдана отыра, бұл дыбыстық еліктеуді әуенге, аудиожазылым , дидактикалық ойындарға, шағын өлеңдер мен әңгімелерге қосу арқылы жүргізеді.

Жас топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі:

1) ерте жас тобы (1-2 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 7 сағат;

2) I кіші топ (2-3 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 9 сағат;

3) II кіші топ (3-4 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 11 сағат;

4) ортаңғы топ (4-5 жастағы балалар) –ұзақтығы 15-20 минуттан 12 сағат;

5) ересектер тобы (5-6 жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат;

6) орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат.

Бұл жастағы балалармен жүргізілетін ҰОҚ фонематикалық және сөйлегенді естуді дамытуға, артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалғыштығын кейінгі жетілдіруіне, ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс шығару білігін меңгеруге және бекітуге, сөздер мен сөз тіркестерінің анық

айтылуын жақсартуға, сөздердегі екпінді дұрыс қолдану білігін және оларды әдеби айтылым нормаларына сәйкес айтылуын машықтауға, сондай-ақ барлық балаларда дауыстың қажет қаттылығымен қолдану білігін, сөздер мен сөз тіркестерін мәнерліліктің интонациялық құралдарын ескере отыра қажет ырғақта айтуды тәрбиелеуге бағытталады.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу бұл кезеңде дидактикалық ойындарды, әртүрлі сөйлеу материалдарын қолдана отыра ойын жаттығуларын: жаңылтпаштар, жұмбақтар, аудиожазылым, өлеңдер, әңгімелер; жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

5 жастан 6 жасқа дейінгі балалармен ҰОҚ барлық топпен ұйымдастырылады және сөйлеуді дамыту бойынша ҰОҚ бөлігі ретінде жүргізіледі (5-8 минут). Бұл кезеңде сөйлеудің дыбыстық мәдениетінің барлық тарауларына жататын біліктер мен дағдылар меңгеріледі, бекітіледі және жетілдіріледі. Келесі дыбыс топтарының жіктелуіне ерекше назар бөлінеді: ф-в, с-з, ш-ж, п-б, д-т, к-г, с-ш, з-ж, ц-ч, л-р, т-ть, және т.б., яғни қатаң және ұяң, сыбыс және шуыл, л және р дыбыстары қатаң және үнді, олардың алмасуы мектеп жасына дейінгі балаларға тән. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетінің барлық тарауларын меңгеру дидактикалық ойындар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мақалдар, мәтелдер, аудиожазылым мен өлеңдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Тапсырма:

1 Ц дыбысының шығарылуын үйрету мақсатында кіші топқа арналған сабақтың толық жоспарын құрастыру (ойыншықтармен дидактикалық ойындар немесе әңгімелеу-драмалау).

2. Ересек топ үшін *с* және *ш* дыбыстарын жіктеу бойынша сабақтың конспектісін құрастыру.

3. Балалардың сөйлеу тынысын, сөйлеу естуін және артикуляциялық аппаратын ҰОҚ тыс дамыту үшін жаттығулар таңдау.

V ТАРАУ. СӨЙЛЕУДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

5.1. Мектеп жасына дейінгі балалардың ана тілдің грамматикалық құрылымын меңгеру ерекшеліктері

Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту – тілдік жүйенің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық деңгейлерін практикалық меңгеруді қамтамасыз ететін сәтті жалпы сөйлеу дайындығының кепілі. Грамматикалық дағдылардың қалыптасуы балалардың пікірін білдірудегі еркін факторларының өсуіне жағымды әсер етеді, норма түсінігін енгізу үшін сөйлеудің жоспарлы функциясының пайда болуына алғышарт жасайды («болады», «болмайды», «дұрыс», «дұрыс емес»).

Сөйлеудің грамматикалық құрылымы дамыған бала эмоциялы сау: өз құрдастарымен қарым-қатынас жасауда жасқанбайды, ұялмайды, пікірін, ойын, сезімін, көңіл-күйін білдіруге қорықпайды; ол мектеп ұжымына қиналмай кіреді, өзін ұжымды әрекетте бағалы және тең құқылы қатысушысы ретінде сезінеді [11].

Сөйлеудің грамматикалық құрылымын меңгеру баланың танымдық дамуының белгілі бір деңгейі негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, бала сөз түрлендіруді қалыптастыру кезінде ең алдымен грамматикалық мәндерді жіктеуді білуі қажет (тегінің, санының, септігінің мағынасы және т.б.), себебі тілдік нысанды қолданбас бұрын ол оның нені білдіретіндігін білуі тиіс.

Балаларға сөйлеудің грамматикалық құрылымының жеке жақтарын меңгеру жолдары.

Сөйлеудің синтаксистік жағын меңгеру. Шамамен баланың өмірінің екінші жылының ортасына қарай сөйлеуінде екі сөздік сөйлемдер пайда болады. Дәл соның пайда болуы «алғашқы синтаксистік тұтастығындағы» сөйлем дамуының алғышқы сатысын білдіреді. Екі жасқа қарай үш-төрт буында сөйлемдер туындайды, оларды сөйлемнің грамматикалық құрылымын меңгерудің алғашқы кезеңі деп қарастыруға болады. Ол грамматикалық санаттармен және олардың сырттай көрінісімен байланысты.

Күрделі сөйлемнің негізгі түрлері үш жасқа қарай меңгеріледі. Алғашында олар жалғаусыз, кейін жалғаумен біріктіріледі. Балалар сабақтас жалғаулықта да, бағыныңқы жалғаулықта да қолданады.

Өмірінің төртінші және бесінші жылы ана тілі жүйесін меңгерудегі кейінгі кезең болып табылады. В.И. Ядэшко айтқандай, бала өмірінің төртінші жылында әлі де қарапайым таралған сөйлемдер басым (57%), алайда олардың құрылымы сөйлем мүшелері санының өсуі есебінен күрделене түседі. Осы жастағы балалардың монологтық сөйлеуінде күрделендірілген түрдегі күрделі сөйлемдері кездеседі, олар сабақтас немесе бағыныңқы жалғаулықпен біріккен үш немесе одан да көп қарапайым сөйлемдерден құралады. Балалар тура және жанама сөйлеуді пайдаланады.

Бала өмірінің бесінші жылында өз әрекетін сөзбен куәландыру ниетінің және білігінің күшеюі байқалады. Шынында, бұл жағдайлардағы баланың сөзінің 90% қарапайым сөйлемдерден құралады. Баланың сөзінде

грамматикалық рәсімделген қарапайым және күрделі сөйлемдерінің туындауы сөйлемнің басты және қосалқы мүшелерін айту үшін олардың жеткілікті үлкен сөздікті және грамматикалық нысандарды меңгеру жағдайында болуы мүмкін.

Сөйлеудің морфологиялық жағын меңгеру. 1 жас 10 айдан 2 жасқа дейінгі аралықта сөздердің сөйлеу бөліктері бойынша жіктелуі басталады. Морфологиялану үдерісі баланың заттық әлем мен ондағы әрекетті жіктеу анықтығын көрсете отыра, бір уақытта зат есімдер мен етістіктерден бастау алады. Неғұрлым таралған етістікті нысандар: өтініш және ұсыныс («берші», «алшы»); өз әрекетін басқа баламен үйлестіру («отыр», «жібер», «ұстама»); қандай да бір қызыққа, өз әрекетінің нәтижелеріне назарын аудару («қара»).

А.Н. Гвоздеваның айтуынша, бала өмірінің үшінші жылында барлық шақ пен нысандағы етістіктерді қолданады. Бала үш жасқа қарай барлық негізгі септік нысандарын меңгереді. Баланың сөзінде зат есімдермен бірге жиі аталық немесе аналық текте атау септігінің нысанында болатын сын есімдер пайда бола бастайды, кейін үстеу, жіктеу есімдігі, сан есім, шамамен 2 жас 3 айда – жалғаулар мен көмекші сөздер.

Г.М. Лямина бойынша, төрт-бес жастағы балалар әртүрлі етістіктерді қолданады және оларды дербес құрастырады («жетекте», «балаларды шақырайық»), әңгімелесуге байланысты бұйрық райының түрлерін қолданады.

Сөзжасамды меңгеру. Сөзжасам – бұл түзету және ескертуді қажет ететін сөз қателігі емес, керісінше баланың тілде бар лексикалық байлығын меңгерудің заңды жолы. Баланың сөйлеуін зерттеушілер, сөзжасамның балаға сөздің белгілі болған (естіген), алайда жеткіліксіз меңгерілген жағдайда басталатындығын атаған. Мысалы: «читус», «поливас», «окниг». Бұл жерде ортақ стратегия қарастырылады: грамматикалық нысандардың кейбір маңызды өзгерулерін көрсету. Сонымен бірге, алғашқы кездегі құрал әртүрлі болуы мүмкін. Сөзжасам 3,5 жастан 5,5-6 жасқа дейінгі балаларда жиі байқалады. Кейін оның құлдырауы басталады. К.И. Чуковский бұл құбылысты тілге деген табиғи сезгіштіктің төмендеуімен, лингвистикалық кемеңгерліктің жойылуымен байланыстырған. Д.Б. Богородицкий сөзжасамның құлдырауын баланың үлкен морфологиялық тілімен, морфологиялық элементтердің тұтасуымен түсіндірді, нәтижесінде сөздер тұтас «гештальт» ретінде қолданыла бастайды. А.Н. Гвоздев бұл құбылысты мектеп жасына дейінгі баланың үлкендер сияқты сөйлеуге талпынысымен, тілдің грамматикалық нормаларын меңгеру ниетімен байланыстырды.

5.2. Мектеп жасына дейінгі балаларды грамматикалық дұрыс сөйлеуге үйрету сабақтарындағы ұйымдастыру жұмыстары

Грамматикалық дұрыс сөйлеуді ұйымдастыру жұмысы барысында келесі жағдайларды ескеру қажет.

1. Бала тілдің грамматикалық құрылымының әртүрлі жағын (синтаксис, морфология, сөзжасам) әртүрлі меңгереді. Сондықтан да, әр жастық сатыда оның тек бір жағы ғана алдыңғы жоспарға шығады.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларды сабақ үдерісінде күнделікті қарым-қатынас жағдайында әдетте қиын меңгерілетін дағдыларға үйрету қажет (сын есімдер мен есімдіктердің текте зат есімдермен келісуі, бұйрық райындағы етістіктердің, көптік жалғаулы ілік септігіндегі зат есімдердің күрделі нысандарының жасалуы және т.б.). Балаға сөз түрлендірудің типтік тәсілдерінде толық, әрі кең бағдарын беру, тіл сезгіштігін, тілге деген зейінді қарым-қатынасты тәрбиелеу арқылы тілдік материалды таңдау қажет, балалардың практикада сөйлемдердегі сөздерді келісу, басқару және қабыса байланысу ережелерін меңгерулеріне көмектесу қажет.

Грамматикамен жұмыс әрбір балаға күрделі сөйлеу міндеттерін шешу мүмкіндігі ұсынылатындай етіліп құрастырылуы қажет.

3. Грамматикалық дамуды басқару ең алдымен ересек адаммен арнайы, біріккен әрекетін ұйымдастыру арқылы, баланың педагогпен және құрдастарымен қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылуы керек.

4. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді қалыптастыру бойынша сабақтар барлық жастық топтарында көрнекілік материалмен және оларсыз берілетін дидактикалық ойындар мен жаттығулар сипатына ие. Ойындар мен жаттығулар 5-10 минут алады, яғни тек сабақтың бөлігін құрайды. Оқытудың белсенді әдістері үлгі, түсіндіру, қайталау, салыстыру, сондай-ақ түзету және білдіртпей айту болып табылады.

5.3. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру бойынша арнайы ойындар мен ҰОҚ

Екінші кіші топ

1. «Сендерде не бар?» дидактикалық жаттығуы

Көрнекілік материал: көптік түрде берілген заттар бейнеленген заттық суреттер (әр балада). Тәрбиешіде жекеше түрдегі заттар бейнеленген сол суреттер.

Ойын барысы. «Менде қуыршақ. Ал сендерде?» деп тәрбиеші айтады, балалар жауап береді және т.б.

2. «Дүкен» дидактикалық жаттығуы

Көрнекілік материал: ойыншықтар.

Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға сатушы, ал олар сатып алушы болатындығын айтады. Кезекпен сұрайды: «Сен не сатып аласың?», балалар жауап береді:

- Мен доп сатып аламын.

- Мен қуыршақ сатып аламын.

3. «Ағаштың жапырағын тап» дидактикалық ойыны

Көрнекілік материал: таныс ағаштардың жапырақтары берілген карточкалар.

Ойын барысы. Тәрбиеші карточкаларды бірінен соң бірін көрсетіп, сұрайды «Бұл қай ағаштың жапырағы?». Жауап үлгісін береді:

- Бұл аққайың жапырағы (бұтасы).
- Бұл жөке ағашының жапырағы және т.б.

4. «Бұл не? Қайда салынады?» дидактикалық жаттығуы

Көрнекілік материал: суреттері бар карточкалар – алмалар толы жәшік, алмұрт толы қап.

Ойын барысы. Тәрбиеші салынған суретке сурет қояды және сұрайды: «Бұл не? Қайда салынады?»». Балалар жауап береді.

5. «Мен бастаймын, ал сен аяқта» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты: сөзде да, де септік жалғауын белсендіру.

Ойын барысы. Тәрбиеші бастайды:

- Әдемі көйлек (кімде?) Әсельде.
- Көк бантик (кімде?) Нұрланда және т.б.
- Қуыршақ (кімде?) Аружанда және т.б.

6. «Суреттер» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Зат есімдердің текті тағайындалуына балаларды жаттықтыру (қай? Қандай?).

Көрнекілік материал: суреттер жинағы

- үстел, телме, доңғалақ;
- қарындаш, кәстрөл, үлкен шелек;
- апельсин, алмұрт, кіші шелек;
- лимон, ағаш;
- қызанақ, табақша;
- марғау, алма;
- шөже, пәлте.

Ойын барысы: Тәрбиеші айтады:

- Менде қорапта көп суреттер бар. Сендер маған суреттерді көрсетесіңдер, ал мен онда не бейнеленгендігін айтамын (үлкен алма, көкшіл телме, қызыл қызанақ). Енді мен сендерге сурет көрсетемін, ал сендер оларды атаңдар.

Тәрбиеші аталған суреттерді үстелдің үстіне қояды. Барлық суреттер аталғаннан кейін ойын аяқталады.

7. «Кім қалай айқайлайды» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты: Дыбыстық еліктеу сөздерінен етістіктер құрастыру.

Көрнекілік материалдар: марғау, торай, балапан, бақа, тауықтар бейнеленген суреттер.

Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен сөйлеседі:

- Еске түсіріңдерші, торай дауысын қалай шығарады?
- Хрю-хрю.
- Ол не істейді?
- Қорсылдайды (торайлар қорсылдайды).
- Марғау дауысын қалай шығарады?
- Мияулайды.

К.И. Чуковскийдің «Шатақ» өлеңін пайдалануға болады

«Төлдерін тап?» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты: ал қарсылықты шылауы бар салалас құрмалас сөйлемді практикалық меңгеру.

Көрнекілік материал: жануарлар мен олардың төлдері бейнеленген заттық суреттер.

Ойын барысы. Балалар ең алдымен қарапайым сөйлемдер құрастырады: «Сиыр,бұзау». Кейін тәрбиешінің үлгісі бойынша екі сурет жұбымен салалас құрмалас сөйлем құрастырады:

- Сиырдың төлі бұзау, ал ешкінің төлі лақ.

Тірек сөздер немесе көрсетілген әрекеттер бойынша дидактикалық ойындарды қолдануға болады.

8. «Еркелетейік» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты: сүйіспеншілік мағынасын жұрнақ көмегімен сөзжасалымды практикалық меңгерту.

Ойын барысы. Балалар қол ұстасып әндетіп ойын ойнайды:

Қол ұстасып айнала, еркеледік баршаға,

Шеңберге шақырдық, атын атадық,

Шеңберге сен шықшы,

Жалаушаны алышы.

Кейін кезекпен әрбала бір-бірін еркелетіп атын атап ,бір-біріне жалаушаны береді.

Орташа топ

1. «Әртүрлі шелек» дидактикалық жаттығулары

Мақсаты: Балаларды сын есімдерді орта текті зат есіммен қиыстыруды жаттықтыру.

Көрнекілік материал: әртүрлі түсті және көлемді үш шелек, сары және қызыл алмалар.

Ойын барысы. Тәрбиеші сұрайды, балалар жауап береді.

- Үстелдің үстінде қандай шелектер тұр?

- Кішкентай жасыл шелек.

- Кішкентай қызыл шелек.

-Үлкен ақ шелек.

- Қазір сендер көздеріңді жұмыңдар, ал мен бір шелекті алып тастаймын. Сендер қандай түсті шелектің жетіспейтіндігін табуларың қажет. Келесідей жауап беру керек: «Кішкентай көк шелек жетіспей тұр» (жаттығу 4-5 рет қайталанады).

- Қалқанқұлақ сары алманы шелектердің біреуіне жасырады. Сендер зейін қойып қарап, Қалқанқұлақ қай шелекке сары алманы жасыратындығын байқауларың қажет. Ол туралы келесідей айтуларың керек: «Қалқанқұлақ сары алманы кішкентай көк шелектің ішіне жасырып қойды». Кейін Қалқанқұлақ алмаларды әртүрлі шелектерге жасырады. Балалар оның әрекеті туралы сөйлемдер құрастырады.

2. «Не жетіспей тұр» дидактикалық жаттығуы

Көрнекілік материал: бір немесе бірнеше заттар бейнеленген заттық суреттер.

Мақсаты. Жалғау жалғанбайтын көптік мағынаны білдіретін ілік септігіндегі зат есімді сөйлегенде қолдану (алма, шұлық, етік)

1. «Сөйлем құрастыр» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты. Сөйлегенде кеңістікті бағдарлау сөздерін қолдануды белсендіру.

Көрнекілік материал: магниттік театр (бұта, саңырауқұлақ, қоян, ұс, гүл, көбелек, қызыл қоңыз).

Тәрбиеші әңгіме желісін айтады: гүл бұтаның астында, көбелек бұтаның үстінде және т.б. Балалар сөйлем құрастырады.

2. «Кім не істеп жатыр» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты: Балаларды әрекетті көрсететін киіну (кию) және киіндіру (кигізу) етістіктерін дұрыс қолдануға үйрету.

Ойын барысы. Тәрбиеші балаға айтады: «Күртені, телпекті, пәлтені киін». Әсет не істеп жатыр? (Күртесін киіп жатыр). Талғат не істеді? (Киінді).

- Көйлекті үстімізге болады (киюге), пәлтені серуендеуге ... қажет (кию), қолғапты ... қажет (кию). Ал Айшаны ... (киіндіру), Ерланды.... қажет (киіндіру), шұлықты ... қажет (кию).

Тәрбиеші Аюды киіндіріп жатып, балалардан сұрайды: «Мен не істедім?» (күртеше кигіздім, телме кигіздім).

- Мен Аюмен не істедім? (Аюды киіндірдім).

Тәрбиеші қорытынды жасайды: шешуге болатынды киеді (күрте, пима); ал біреуді киіндіреді (қызын, қуыршақты, аюды).

3. «Сөйлем құрастыр» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты. Балаларды сөйлемнің бірыңғай мүшелерін құрастыруын үйретуді жалғастыру.

Көрнекілік материал: заттық суреттер (гүлдер, көкөністер, жемістер, киім).

Ойын барысы. Балалар суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады: «Бақта жемістер пісті: алмалар, өріктер, алмұрттар». Дүкенде киімдер сатады: пәлте, көйлек, костюм».

4. «Қарағайлы ормандағы аю» дидактикалық жаттығуы

Ойын мақсаты. Балалардың сөйлеу белсенділігін, өлең сөзімен өз қимылын сәйкестендіре білу икемділігін дамыту, *р* дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру.

Ойын барысы. Балалар орындықтарына отырады. Тәрбиеші балаларға қарсы отырады да: «Балалар, біз бүгін «Қарағайлы ормандағы аю» деп аталатын ойын ойнаймыз. Мына суретке қараңдаршы (аю бейнеленген суретті көрсетеді). Орманда жүрген аю үлкен екен. «Р-р-р» деп гүрілдейді.

Осы аю туралы өлеңді тыңдаңдар:

Аю жүрген орманнан,
Жидек тере мен барғам.
Аю отыр гүрілдеп,
Жарамайды мұның деп.

Аю қалай гүрілдейді? Келіңдер ойнайық. Қазір біз аюды таңдаймыз. (Санамақтың көмегімен аюды таңдайды. Балаларды ұзақ күттірмеу үшін

санамақ әрқашанда өте қысқа болуы тиіс. Тәрбиеші аю-балаға бет-перде кигізеді.) Міне, аю қандай! Ал ол гүрілдеп дыбыс шығара ала ма? Аю-бала: «Р-р-р» деп гүрілдейді.

«Балалар, аю осы жерде, орманда тұрады (аюды бір орынға отырғызады). Біз орманға барып, жеміс-жидек теріп келейік. Аюдың гүрілдеген дауысы шыққанда, біз барлығымыз мына үйімізге қашамыз», - деп тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді.

Сөзі: Қимылы:

Аю жүрген орманнан, Тәрбиеші және балалар жеміс-жидек теріп мен жидек тере барғам деп жүргендей қимыл көрсетеді де, аю тұрған орманға қарай жақындайды.

Аю отыр гүр-р-рілдеп, Тәрбиеші және балалар қашады, аю оларға жарамайды мұның деп. қуады. «Р-р-р!»

Тапсырма:

1. 3-6 жастағы балалар үшін 2-3 грамматикалық жаттығу құрастыру.
2. Балаларды грамматикалық дұрыс сөйлеуге үйрету бойынша конспект құрастыру.

VI ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

6.1. Әңгімелесу – балаларды жүйелі диалогтық сөйлеуге үйретудің негізгі құралы ретінде

Әңгімелесу үйрету әдісі ретінде – тәрбиешінің балалар тобымен белгілі бір тақырыпта мақсатты, алдын ала дайындалған әңгімелесуі. Балабақшада **жалпылау және елестету** әңгімелері пайдаланылады. Бірінші және екінші жағдайда – бұл балалардың бар білімін жүйелендіретін, бұрын жинаған фактілердің талдауын жүзеге асыратын қорытынды сабақ. Әңгімелесу – сөздікті белсендірудің тиімді әдісі, себебі тәрбиеші балаларды жауап үшін анығырақ, жақсы сөздерді іздеуіне түрткі болады [11]. Алайда, педагог пен баланың сөйлеу белсенділіктерінің дұрыс байланысы бұл үшін қажетті шарт болып табылады. Тәрбиешінің сөйлеу реакциясы барлық айтылған пікірдің тек 1/4-1/3, ал қалғаны балалардың үлесіне тиесілі болғаны жөн. Әңгімелесудің мағынасы зор. Ол балалардың бұрын алған білімін, нақтылайды, толықтырады, бекітеді және жүйелендіреді. Өз ойын қарапайым және анық білдіруді, тақырыптан ауытқымай дәйекті ойлауды үйретеді. Әңгімелесу арқылы тұрақты зейін, басқалардың сөйлеуін тыңдау және түсіну білігі тәрбиеленеді. Айқайламай, жеткілікті жоғары дауыспен сөйлеу әдетін тәрбиелейді. Еңбекке, үлкендердің еңбегіне, Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметке деген қарым-қатынасты, өсімдіктерге, жануарларға қамқорлық көрсету дағдыларын және т.б. тәрбиелейді. Әңгімелесу тәрбиелік мағынаға ие. Идеялық-өнегелік қуат сөйлесудің дұрыс таңдалған мазмұнын атқарады (Біздің қала несімен танымал? Автобуста, трамвайда неге қатты сөйлеуге болмайды? Біз балаларымызды немен қуанта аламыз?). Әңгімелесудің ұйымдастырушылық нысанын да тәрбиелейді. Балалардың бір-біріне деген қызығушылығы арта түседі, білуге құмарлық, көпшілдік, сондай-ақ табандылық, өнегелілік және т.б. секілді қасиеттер дамиды. Әңгімелесудің көптеген тақырыптары балалардың мінез-құлқына, әрекетіне әсер ету үшін мүмкіндік береді. Әңгімелесу үйрету әдісі ретінде жоғары және дайындық топтарда қалыптасады.

Әңгімелесу тағайындалуы бойынша:

Кіріспелі (ескертуші), оның мақсаты – алдағы әрекетке қызығушылығын тудыру, балаларды жаңа білімдерді, біліктерді, дағдыларды меңгеруге дайындау. Олар қысқаша және эмоциялық болуы қажет.

Жалғаспалы (сүйемелдеуші), мақсаты – бақалау немесе қарау қызығушылығын қолдау, заттар мен құбылыстардың толық қабылдануын қамтамасыз ету, анық, айқын білімдерді алуға көмектесу. Олар балалар әрекеті, экскурсиялар, серуендер үдерісінде жүргізіледі. Бұл әңгімелесудің ерекшелігі олардың түрлі талдамаларын белсендіруінде және сөзден қабылдаған әсерді қорытындылауында..

Қорытынды (соңғы, жалпылау), мақсаты – балалардың білімі мен көріністерін нақтылау, бекіту, тереңдету және кеңейту. Қорытынды әңгімелесудегі сөйлесудің сипаты баланы білімді мақсатты қолдануына,

салыстыруына, пайымдауына, қорытынды жасауына түрткі болады. Балалар заттар мен құбылыстар арасындағы таныс қолжетімді байланысты көрсететін қарапайым жалпылауды меңгере бастайды. Бұл әңгімелесулер диалог жүргізу ережелерін үйретеді (бір-бірін тыңдауға, үзбеуге, толықтыруға, бірақ айтылғанды қайталамауға, жолдастарының пікірін ізгі ниетпен бағалауға және т.б.).

Әңгімелесудің сәтті жүруі көбінесе тәрбиешінің дайындығына, жеке қызығушылығына және әңгімелесуді басқару білігіне байланысты. Ол әңгімелесудің затын анық елестетуі, оның мазмұнын ойластыруы, негізгі сұрастарды құрастыруы қажет. Тәрбиеші бір тақырыптан екіншісіне секірмеуі үшін, оған әңгімелесудің реті айқын болу қажет.

Әңгімелесудің болжалды тақырыптары:

1. Біздің балабақша
2. Киімді қалай тігеді
3. Үйдегі ананың еңбегі
4. Құрылысшы туралы әңгіме
5. Фермерлердің еңбегі туралы
6. Көлік туралы
7. Туған елі туралы
8. Отан қорғаушылары туралы

6.2. Әңгімелесуді жүргізу әдістемесі

Әңгімелесудің басы өте жауапты, себебі педагогтың міндеті – балалардың назарын аударту және оларға ойлау мүмкіндігін беру. Әңгімелесудің басы бейнелі, эмоциялық болуы, балалардың бұрын көрген заттарын, құбылыстарын қалпына келтіруі қажет.

Әңгімелесуді әртүрлі бастауға болады:

- балаларға қарап, айтудан «Маған бүгін автобуспен жүруге тура келді. Менің балаларым қандай көлік түрімен жүруге болатындығын біледі ме деген ойға келдім?»

- өлеңді оқудан (мысалы, хаттың саяхаты туралы әңгіменің басы ретінде С.Я. Маршактың «Жұмбақ» өлеңі болуы мүмкін)

- суретті көрсетуден (мысалы, күз туралы әңгімені И. Левитанның «Алтын күз» суретінің көшірмесін көрсетуден бастауға болады)

- жұмбақтан (мысалы, кітапхана жөніндегі әңгіме кітап туралы жұмбақтан басталады)

- әңгіменің желісі болып табылатын балалардың есінде фактілер (оқиғалар) туралы әсерін тудыруы мүмкін сұрақтан (мысалы, теміржол туралы әңгімені бастай отыра «Балалар, қайсыларың пойызбен жүрдіңдер?» деп сұрау).

Әңгіменің негізгі бөлігінде нақты мазмұны ашылады. Сол мақсатпен балаларға дәйекті түрде сұрақтар қойылады, бұл тақырыптың дамуы мақсатты болу және мектеп жасына дейінгі балалар одан алаң етпеуі үшін қолданылады. Тәрбиеші сұрақтар барлық балаларға түсінікті болу және мақсатқа жету үшін, олардың мазмұны мен тұжырымдамасын жете

ойластыру қажет. Әңгімелесу бірнеше шағын тақырыпшаларға немесе кезеңдерге жіктелуі мүмкін, әр кезең тақырыптың маңызды, аяқталған тарауына сәйкес келуі қажет, яғни кілттік кезеңдер бойынша тақырып талдауы жүзеге асырылады. Басында айрықша мағыналы күрделі материал анықталады. Тәрбиеші әңгімелесуге дайындала отыра, оның кезеңдерін белгілеуі қажет, яғни балалармен талданатын түсініктердің маңызды құраушыларын анықтау қажет.

Әңгімелесудің аяқталуы уақыты бойынша қысқа, тақырып синтезіне әкеледі. Әңгімелесудің бұл бөлігі барынша эмоциялы, іс жүзінде әсерлі болуы мүмкін: үлестірме материалдарды қарау, ойын жаттығуларын орындау, көркем мәтіндерді оқу, ән айту т.б. Әңгімелесуді аяқтаудың жақсы нұсқасы – балаларға олардың алдағы бақылауына тілек білдіру.

Оқыту әдістері. Ереже бойынша, әңгімелесуде оқыту тәсілдерінің толық кешені қолданылады. Осы әдіс көмегімен шешілетін тәрбиелік – білім беру міндеттерінің көптүрлілігімен түсіндіріледі. Айрықша тәсілдердің бір тобы балалар ойының жұмысын қамтамасыз етеді, толық пайымдау жасауға көмектеседі; екіншісі нақты сөздің іздеуін, оның еске сақталуын жеңілдетеді және т.б. Бірақ, әңгімелесу – бала тәжірибесін жүйелендіру әдісі болатындықтан, **сұрақ** жетекші тәсіл болып есептеледі. Дәл осы сұрақ ойлау-сөйлеу міндетін қояды, ол бар білімге бағыттайды.

Әңгімелесуде объектілер арасында байланыс туралы ой тұжырымын талап ететін іздеу және мәселелік сипаттағы сұрақтар жетекші рөлге ие: Не себепті? Неге? Неліктен? Неге ұқсас? Қалай тануға болады? Қандай жолмен? Не үшін? Жалпылауды ынталандыратын сұрақтар да маңызды: қала тұрғындары үшін біздің көшемізде қандай қолайлылық жасалған? Қай балалар жөнінде олардың дос екендігін айтуға болады? Балабақшада ересек қызметкерлердің тұтас ұжымы жұмыс істейтіндігін енді қалай түсіндіре аласыз? Мазмұны бойынша тым қарапайым көшірмелі (белгілеу) сұрақтар аз орын алады: Не? Қайда? Қанша? Қалай аталады? Қандау? және т.б. ереже бойынша, әңгімелесудің әрбір аяқталған бөлімінде (микротақырып) сұрақтар келесідей реттілікте орналасады: ең адымен көшірмелі, кейін шағын, бірақ жаңа материалды түсіну үшін жеткілікті күрделі іздеу сұрақтары және қорытындыда 1-2 жалпылама сұрақ.

Тәрбиешіге сұрақ қоюдың дұрыс әдістемесін есте сақтауы қажет. Анық, нақты сұрақ асықпай қойылады; логикалық екпін көмегімен мәндік акценттер қойылады. Бала «ойын жеткізе» алуы, жауап беруге дайын болуы үшін педагог кідіріс жасайды. Кей кезде ол балалардың біреуіне сұрақтың қайталауын ұсынады («Қайталаймыз, сіздер қазір қандай сұраққа жауап бересіңдер. Нұсқау берілуі: «Қысқаша жауап беріңдер; нақтылап жауап беріңдер (бірақ толық жауаппен емес) немесе толықтырылуы мүмкін «Жолдастарыңа қарағанда, кім қысқаша жауап бере алады (нақтырақ, әсерлі).

Педагог толық жауапты тудыру үшін балаларға екі-үш сұрақтан құралатын тапсырма немесе жауап жоспарын ұсынады. Мысалы, тәрбиеші денсаулық туралы әңгімелесу барысында балаға: «Қолды қалай дұрыс жуу

керек екендігін Аленаға (қуыршаққа) түсіндірші. Ең алдымен не істеу керек, содан соң және не үшін солай істейді?» деп айтады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың білімін кеңейту және нақтылау, есі мен эмоциясын белсендіру міндеттерін шешу үшін келесі тәсілдер қолданылады:

- тәрбиешінің түсіндіруі және айтуы;
- көркем шығармаларды оқу (немесе үзінділерін);
- көрнекі материалдар көрсету;
- ойын тәсілдері;
- сөздік ойындар немесе жаттығулар;
- ойын кейіпкерін тарту немесе ойын жағдайын жасау.

Тапсырма:

1. Балаларды әңгімелесуге дайындау жоспарын құрастырыңдар.
2. «Көлік түрлері» тақырыбында дайын әңгіме әдісімен диалогтық сөйлеуді дамыту бойынша сабақты жүргізуге дайындалыңдар.
3. Өздеріңмен дайындалған әңгімені негізгі балабақшада жүргізіңдер.

6.3. Айтылымға үйрету міндеттері

Балабақшада айтылым дағдыларын қалыптастыруға басты назар бөлінеді. Балаларды жүйелі сөз сөйлеуге үйретеді, бұл өзінің бөліктері арасындағы дербестікпен, аяқталумен логикалық байланыспен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі жаста ауызша монологтық сөйлеудің екі түрі меңгеріледі: мазмұндау және әңгімелеу. **Мазмұндау** – тыңдалған көркем шығарманы жүйелі мәнерлі айту. Мазмұндау – салыстырмалы оңай сөздік әрекеті. Бала дайын мазмұнын айтып береді және автор мен дауыстап оқушы – тәрбиешінің дайын сөйлеу нысанымен қолданылады. Әрине, баланың мазмұндауында шығармашылық элементтері кездеседі – бұл мәтінді жатқа жеткізу, механикалық жаттап алу емес. Баланың мәтінді түсінуі, оны еркін жеткізуі маңызды, алайда кейіпкермен бірге мазасыздана отыра, автордың негізгі лексикасын сақтау қажет. Балабақшада негізінен толық немесе мәтінге жақын мазмұндау қолданылады, бірақ айтушы адамды өзгерте отыра мазмұндау (бірінші адамнан емес, үшінші адамнан және керісінше), үзіндісін мазмұндау (дидактикалық ойындарда), ұқсастық бойынша мазмұндау (кейіпкерді, мезгілді және т.б. ауыстырумен), сахналық мазмұндау (ойыншықтармен, кескіндермен, «актер» - балалармен) секілді нұсқалар мүмкін болады. .

Әңгімелеу – қандай да бір фактіні, оқиғаны дербес құрастырылған толық айту. Әңгіме құрастыру (тапсырма бойынша) – мазмұндауға қарағанда күрделірек әрекет. Бала берілген тақырыпқа сәйкес баяндаудың сөздік нысанын таңдауы және мазмұнын өзі анықтауы қажет. Материалды жүйелендіру, оны жоспар бойынша (тәрбиешінің немесе өзінің) қажет реттілікпен баяндау маңызды міндет болып табылады. Балаға оның әңгімесінің қажет екендігін көрсеткен, табиғи пікірін айту қажеттілігін қолдаған жөн. Балалар өз әңгімелерінен қуанышты және қанағаттанушылықты сезінуі маңызды.

Әңгімелер нысаны бойынша сипаттаушы және сюжеттік болуы мүмкін. Сипаттау – жеке затқа немесе құбылысқа тән белгілерді баяндау. Әдетте сипаттау іскерлік сипатта болады, онда нақты анықтамалар мен жағдайлар көп беріледі, бірақ балаларды тартатын бейнелік элементтерінің болуы тиіс. Сонымен қатар, сипаттау қысқа болуы қажет. Мысалы, тәрбиешінің ойыншық үйректі сипаттауы (орта топтағы сабақ): «Бұл Кряк үйрегі. Ол сап-сары, мамықты. Кряктың көздері үлкен қара түйме сияқты. Үйрек күлкілі. Өзі үлкен және толық, ал қанаттары кішкентай. Кряк берет киіп алып, теңселе жүре жөнелді: «Кряк-кряк-кряк» (В. В. Гербовой бойынша).

Сипаттау әңгімесіне тән құрылым, композиция бар. Оның басында зат аталады (немесе суреттің қысқаша мазмұны айтылады), кейін тексеру ретіне сәйкес сипатты белгілер, тағайындалуы және бөлімдердің өзара байланысы көрсетіледі, қорытындыда заттың тағайындалуы немесе онымен жасалған әрекет туралы айтылады. Қандай да бір еңбек үдерісін сипаттау оның реттілігіне тіреледі (мен кемені қалай жасаймын, жуу және т.б.).

Сипаттаушы әңгімелердің әртүрлілігі – **салыстырмалы және түсіндірмелі** әңгімелер. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды екі заттың бір мәнді белгілерін кезеңмен салыстыруға негізделген қарама-қарсы белгілермен сипаттауға үйретеді (мысалы, ең алдымен көлемі бойынша, кейін түсі бойынша, материалы, бөлшектері, пішіні). Аталып жатқан әрекеттерді көрсетумен сүйемелденетін пайымдау, дәлелдеу элементтері бар түсіндіруші әңгімелер пайдалы. Бірдеңені басқа адамға түсіндіру – оның айтылып жатқан құбылысқа тән басты байланыстар мен қарым-қатынастарды түсінуін белгілі бір реттілікпен жеткізу. Мысалы, бала қандай да бір затты, ойыншықты қалай пайдаланатындығын, қандай да бір ойынды қалай ойнауға болатындығын жолдасына түсіндіруі мүмкін.

Сюжеттік (хабарлы) әңгіме – белгілі бір уақыт реттілігінде қандай да бір кейіпкермен болатын оқиғаларды жеткізу. Балаларға бұндай әңгімелердің типтік құрылымы туралы көріністер беріледі – басында (қойылым) кейіпкер (немесе кейіпкерлер) аталады, кейде оның сыртқы келбетіне сипаттама беріледі, содан соң бірінші оқиға (басталу) баяндалады, мүмкіндігінше қашан, қайда болғандығы түсіндіріледі. Кейін әрекет дамиды, екі-үш оқиға арасында уақыттық немесе себептік байланыс орнатылады, содан кейін аяқталу (түйін) жүреді.

Бала аталған сызба бойынша сюжеттік әңгімені құрастыру білігін біртіндеп үйренеді. Әдістемеде пропедевтикалық (алдын ала) оқыту әдістері құрастырылған: әңгіменің тек соңын ойлап табу, тек әрекет орнын ғана сипаттау, ойнаушы адамдардың диалогын ойлап табу және т.б. Сюжеттің әңгіменің кейіпкері ретінде автор-бала да, егер ол болып жатқан оқиғаны айтса («Менің туған күнім қалай өтті») немесе ойдан шығарса, болжамдаса («Мен бірінші сыныпқа қалай барамын») болуы мүмкін.

Айтылымды үйрету тәсілдері. Айтылымға үйретуде өзгешелік тәсілдер қолданылады, олардың тағайындалуы – баладан жүйелі пікір айтуын, монолог алу (сөзбен, ыммен, сөйлеммен жауап алынбайды). Сабақтың алғашқы кезеңінде балаларға алдағы сөйлеу әрекетінің жобалы

нәтижесі (олардан не талап етіледі) және бұл нәтижеге жету жолы (бұл қалай жасалады) соның көмегімен көрсетілетін тәсілдер қоданылады. Негізгі тәсілдерді анықтайық.

Әңгіме үлгісі – бұл қандай да бір заттың немесе оқиғаның қысқа, жанды сипаты, мазмұны мен нысаны бойынша алып пайдалану үшін балаларға қолжетімді. Тәрбиешінің балалардың тыңдалымына, олардың ой-өрісін кеңейтуге арналған танымдық әңгімесін еліктеуге арналған дидактикалық тәсіл – үлгілік әңгімеден ажырата білу қажет. Басқа тәсілдердің әңгіме үлгісі оқыту үдерісін жеңілдетеді, себебі балаға қолжеткізуі тиіс нәтижені көрсетеді. Сонымен қатар, үлгі балалардың болашақ әңгімелерінің жобалы мазмұнын, олардың көлемі мен мазмұндалу реттілігін анықтайды, сөздіктің таңдалуын жеңілдетеді. Үлгі оқытудың алғашқы сатыларында, ал жаңа тапсырманы қою жағдайында білмейтіндерге айтуға көмектесу үшін пайдаланылады. Педагогтың әңгіме үлгісін жаман баяндайтын 1-2 бала қайталауы мүмкін, сонымен бірге, тура еліктеу сөйлеу белсенділігін тудыра жағымды рөл ойнайды. Алайда үлгіні сөзбе-сөз қайталауға талпыну қажеті жоқ, керісінше дербестік элементтерін мадақтау қажет. Әңгіме үлгісі тура оқыту тәсілі ретінде жиі сабақтың басында қолданылады. Бұл тәсілдің әртүрлілігі – *ішінара үлгі*. Ол айту білігін бекіту үдерісінде, яғни, егер балаларға қандай да бір тапсырманы орындау қиын болса пайдаланылады, мысалы, баяндаудың басын ойлап табу. Тәрбиеші күллі әңгімені толығымен немесе ішінара қажеттілігіне және сабақ барысына қарай қайталауы, жауапты толық бағалауға қосуы мүмкін (орта топта бұны ойын нысанында жасауға болады – сипатталатын ойыншықтың атынан: «Айша менің шашым туралы қалай дәл айтты – ақ, жұмсақ, жуан бұрымға өрілген»). Жоғарыда айтылағандай, балаларға тек олардың алдағы сөйлеу әрекетінің нәтижесін көрсетіп қана қоймай, оған жету құралдарын да айту қажет. Сондықтан да, ереже бойынша үлгі оны түсіндіретін, механикалық көшіруді болдырмайтын және ойлаудың дербес шығармашылық жұмысына әкелетін басқа тәсілдермен жиынтығында қолданылады. Осылайша, балаларға әңгіменің екінші нұсқасын ұсынуға болады – *үлгінің дублері*, оны біріншімен салыстыру кезінде баяндаудың құрылысын құрастырудың ортақ заңдылықтары айқын анықталады. Мысалы, педагог екі әртүрлі ойыншықты ретімен сипаттайды және бұл сипаттаудың міндетті элементтерін түсіндіреді.

Сөйлеу нысандарының саналы таңдалуына *әңгіме үлгісін талдау* секілді тәсіл септігін тигізеді, ол баяндау жоспарының талдауына әкеледі. Ол әдістемелік әдебиетте кең сипатталған.

Әңгіме жоспары — баяндаманың мазмұны мен реттілігін анықтайтын 2-3 негізгі сұрақ (тармақ). Әдетте әңгіме үлгісімен өткен бір-екі сабақтан кейін жоспар дербес, оқытудың жетекші тәсіліне айналады (кейде жоспар – еркін түсіндіру тапсырмалары ретінде – үлгіден алдын ала болуы мүмкін, бұл жағдайда балалар пікірін айтуды құрастырудың ережелерін саналы түрде қабылдайды). Тәрбиеші балаларды әңгімелердің ортақ тақырыбын, сондай-ақ олардың сипатын айтқаннан кейін жоспармен таныстырады (өмірде болғандай нақты айту немесе ойдан шығару «рас емес» - әңгіме немесе

ертегі ойлап табу және т.б.). Балалардың әңгімелерін түрлендіру үшін педагог жоспардың қосымша, жаңа тармақтарын алдын ала дайындауы қажет. Бір сабақ үдерісінде сұрақтардың алмасуы балалардың зейінін белсендіреді, сонымен қатар, бұл тапсырманы жекешелендіру құралы болып табылады. Мысалы, мектепалды даярлық тобындағы балалар өз бөлмелерін сипаттаған кезде, келесідей жоспар ұсынылуы мүмкін: 1. Бөлме нешінші қабатта? 2. Ол қандай? 3. Бөлмеде не бар? Балалар бұл мазмұнмен сенімді жұмыс істеуін көре тұра, жаңа, қосымша сұрақтар ұсынуға болады (сол сабақта, екі-үш жауаптан кейін): 1. Бөлмедегі тазалықты кім сақтайды? 2. Жинауға қалай көмектесесің?

Жоспарды қатаң ұстану қажет пе? Орта топта бірінші сабақта жоспардан ауытқыған жағдайда баланың сөзін кідіртпеуге болады. Алайда салдарынан балаларға әңгіменің толық еместігін немесе ретсіздігін біртіндеп көрсету, оларды бір-бірінің жауаптарын толықтыруға қатыстыру қажет. Сонымен бірге педагог әңгімелеушінің тақырыптан немесе жоспардан ауытқуын тек өзі ғана байқамай, балаларды да жолдасының әңгімесін бақылауына қатыстырады (Қазір не туралы айту қажет? Барлығына түсінікті болу үшін, ең алдымен нені айтқан дұрыс?).

Мектепалды даярлық тобында **балалардың жоспарды жаңғыртуы** секілді қосымша тәсіл орынды (педагог «жоспар» терминін қолданбай, барлығына нені және қазір нені айтатындығын іштей қайталауды ұсынады және бір-екі баланы дауыстап жауап беруге шақырады). Жоспарды бір тармақты екіншісінен мәндік кідірістермен бөле отыра, сөйлемдердегі тірек сөздерін екпінмен білдірте отыра нақты хабарлау қажет. «Аңсар өзінің күшігін серуендеуге шығарды» тақырыбындағы шығармашылық әңгіменің жоспар үлгісін келтірейік: «Әңгіменің басында, ортасында және соңында не айту қажеттігін тыңдаңдар. Басында Аңсар қандай күшік болғандығын толық айту қажет, кейін – бала өз күшігімен қыдырып жүргенде серуендеуде қандай қызықтар болды, соңында Аңсардың серуендеуі немен аяқталғандығын айту қажет». Мектепалды даярлық тобында педагогпен ұсынылатын жоспармен қатар балаларды болашақ баяндаудың жоспарын дербес ойластыруға және таңдауға итермелеу қажет. Әңгіме үлгісі – оқытудың ең оңай тәсілі, әңгіменің жоспары күрделірек. Бұл маңызды және таралған әдіс, ол айтылым бойынша бірқатар сабақтарда пайдаланылады.

Балаларға жоспар бойынша әңгімелер құрастыруды жеңілдету және олардың пікірлерінің мазмұнын байыту үшін **жоспарды ұжымдық талдау** қолданылады. Бұл тәсіл балаларды әңгіме құрастыруға оқытудың алғашқы сатыларында пайдаланылады (сурет немесе берілген тақырып бойынша ойлап шығару). Бұл тәсілдің мәні неде? Тәрбиеші тапсырманы орындауды бастамас бұрын балалардың болашақ әңгіме мазмұнының мүмкін әртүрлілігін көрсете отыра, олармен жоспардың кейбір сұрақтарын талқылайды. Жоспардың бір тармағына, мысалы «Бала қандай күшікті тауып алды?», педагог бірнеше балаға орыннан жауап беруді ұсынады, бұл жерде олардың әрқайсысын күшікті өзінше сипаттауға, иттердің қандай болатындығын еске түсіруге итермелейді. Бұл тәсіл балалардың

бастамашылдығын жандандыруға, қажет көздікті алдын ала белсендіруге көмектеседі, яғни, мектеп жасына дейінгі балаларды әңгімені дербес құру күрделі үдерісіне үйретеді. Тәрбиеші сабаққа дайындала отыра, әңгіменің жоспарын, балалармен ұжымдық талдауға оның күрделі болатын, сондай-ақ тәрбиешілік қарым-қатынаста маңызды болатын тармақтарын ойластыруы қажет.

Әңгімені ұжымдық құрастыру — шығармашылық әңгімелеуге үйретудің ең алғашқы сатыларында пайдаланылатын ерекше тәсілі. Әңгіменің алдын ала белгіленген жоспарын ретімен талдай отыра, тәрбиеші мен балалар жеке жауаптарды тыңдайды, олардың қайсысы орынды екендігін талқылайды және педагог оларды болашақ әңгіменің басы ретінде қайталайды. Содан соң, кейінгі сұрақтарға орынды жауаптарды таңдайды, ал тәрбиеші сөйлемдерге өзінің ұсыныстарын қоса отыра, оларды тұтас баяндамаға біріктіреді. Педагог соңында бүкіл әңгімені қайталайды, содан соң бұны балалардың біреуі орындайды.

Бұл тәсілдің артықшылығы барлық балалардың жұмысқа белсенді қатысуы болып табылады. Бірлескен әрекет үдерісінде олар әңгімені құрастырудың не екендігі туралы көрнекі көрініс алады, біртіндеп олардың қиялы қалыптасады. Алайда, бұл тәсілдің кемшіліктері де бар: мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу әрекеті тек сөйлем құрастырумен, сөздер таңдаумен, монологтық сөйлеуге аз жаттығумен шектеледі. Сондықтан жоғарыда аталған тәсілдің қолдануы шектеледі. Кейбір сабақтарда **әңгімені бөліктермен құрастыруды** пайдалануға болады. Бұл тәсіл тапсырма көлемі кішірейетіндіктен, әңгімелеушілердің міндетін жеңілдетеді. Соның арқасында сабақ әртүрлі, қызықты болады, ал әңгімелердің мазмұны толық және терең болады; сондай-ақ, біраз балаларды сұрастыруға болады. Қандай да бір объектілерді ажыратуға оңай және жалпы ойды бұзбауға болатын суреттер бөліктермен сипатталады, мысалы «Тауықтар» («Үй жануарлары» сериясынан. Автор С.А. Веретенникова), «Балабақшадағы 1 Мамыр мерекесі» («Сөйлеуді дамыту және өмірінің екінші және үшінші жылындағы балалардың көріністерін кеңейтуге арналған суреттер» сериясынан. Авторлар Е.И. Радина және В.А. Езикеева) және т.б. Балаларда бар тәжірибеге сүйене отыра әңгіме тақырыбын тақырыпшаларға бөлу, кейін балаларға әр тақырыпшаға нақты жоспарлар ұсыну орынды мысалы, педагог: «Біздің кірпіміз туралы әңгімелейтін боламыз, бірақ барлығын бірден емес, барлығын жете түсіну үшін рет-ретімен айтамыз. Ең алдымен кірпінің немен қапталғандығын, түрінің қандай болатындығын, қалай қозғалатындығын еске түсіріңдер» деп айтады. Жануардың сыртқы келбетінің сипаттамасы құрастырылғаннан кейін, оның қылықтары, азығы, торы сипатталады. Тәсілдер кешенінде әңгіменің қандай болу қажеттігін көрсететін нұсқаулар ерекше орын алады: толық немесе қысқаша әңгімелеу, әңгімені басынан аяғына дейін ойластыру, әртүрлі кейіпкерлерге сөйлегенде дауыс өзгерту және т.б. Нұсқаулар барлық балаларға немесе бір балаға берілуі мүмкін.

Айтылымның кейбір түрлеріне үйрету кезінде **тәрбиешімен басталған әңгіменің балалармен аяқталуы** секілді тәсіл орын алады (ұсынылған жоспар бойынша, содан соң онсыз).

Балаларда қиялдың дамуына нұсқаулардың әзір жауабы (сюжет, әрекет жағдай және т.б.) әсер етеді. Тәрбиеші балалар жауаптарының біркелкілігін, жұтандығын көре отыра, осы тәсілге жүгінеді.

Айтылымға үйретін сұрақтар қосалқылық рөл ойнайды. Оларды негізінен әңгіме құрастырылғаннан кейін, оны нақтылау және толықтыру үшін қойылады. Айтылым үдерісінде баланың қандай да бір қателігінде *сөздің немесе сөйлемнің әзіржауабын, жіберген қателікті түзетуді* пайдаланған дұрыс, бұл сұраққа қарағанда әңгіменің жүйелілігін бұзбайды.

Бағалау да үйретуші тәсіл болып табылады. Ол балалардың тәрбиеші мақтағанға еліктеуі және айыптауынан қашқалақтауы үшін қолданылады. Бағалау тек әңгімесі бағаланатын балаға ғана емес, сондай-ақ басқа балалардың кейінгі әңгімелеріне де әсер етуі қажет. Сондықтан да, сабақ соңында берілетін бағалау шынында мәнсіз; сонымен бірге, балаларға барлық тыңдалған әңгімелердің құндылықтары мен кемшіліктерін есінде сақтап қалу қиын; сабақтың соңына қарай олардың шаршағандығын және тәрбиешінің нұсқауларын қабылдамауын да ескеру қажет.

6.4. Қабылдау бойынша айтылым

Қабылдау бойынша айтылым баланың дамуына, соның ішінде сенсорлық дамуына үлкен әсер етеді. Сезіну мен қабылдау негізінде ойлау, қиялдау секілді күрделі психикалық үдерістер дамиды. Қабылданып жатқан заттарды дауыстап атаған кезде олар ажыратылады, тез ұғынады, берік еске сақталатындығы психологтармен дәлелденген. Бала заттың белгілі бір қасиетін атап отыра, оларды айқынырақ бөледі, яғни өзінің сезінуі мен қабылдауын жаттықтырады. Балалар өздері білетін, көрген объектілерді сипаттауды үйренетіндіктен, педагогтар бұл әңгімелерді тәрбиелеу мақсатында пайдалануы қажет. Бала заттың шынайы жақтарын қамтып көрсетуі және оның тағайындалуын дұрыс анықтауы қажет; сонымен бірге, балаларды заттармен қолдануды үйрету қажет (қасықты қалай ұстау керектігін, қуыршаққа мойынорағышты қалай байлау керектігін көрсетуді ұсыну).

Ойыншықтардың сипаттамасы. Ойыншықтарды сипаттау сабақтарының алдында балалар ойыншықтардың бөліктері мен сапасын ажыратуға үйрететін, тиісті сөздікті меңгертетін оларды қарау бойынша сабақтар болу қажет. Орта топта үйретудің бірінші кезеңінде бұл сабақтардың кейбір ерекшеліктері бар. Балада кейіпкердің «жағдайын» аңғару (қуыршақ күледі, күлкілі үйрек және бұзық, т.б.) немесе олардың қозғалыста көрсету мүмкіндігі болу үшін оларға бейнелі, жарқын даралығы бар ойыншықтар ұсынған жөн. Кейде ойыншықтарды сабаққа дейін 5 минут бұрын топ бөлмесіне кіргізген, балаларға оларды қарауды және ұстауды ұсынған, ал сабақта әңгіме барысында оларды қолдарына бермеген жөн себебі басында бұл балаларға баяндама құрастыруда зейін қоюына кедергі

болуы мүмкін. Балаларға таныс ойыншықтың пайда болуын басқаша келтіруге болады, содан соң сол кейіпкер оларға қосымша бірдеңе айту сұрақтармен және өтінішімен бұрыла сөйлейді («Айша, менің құйрығым туралы да айтшы», «Саған менің алжапқышым ұнайды ма? Мен ол туралы естіген жоқпын»). Үйретудің жетекші тәсілдері – педагог беретін сипаттама үлгісі, әңгіме жоспары, білдірмей айту, балалардың толықтырулары. Ересек топтарда бұндай ҰОҚ сирек жүргізіледі, ал ойыншықтар күрделірек таңдалады. Бұндай ойыншықтың, сондай-ақ оның материалы мен пішінінің (ойыншық сағат, телефон, тақта, автобус) сипаттамасы оның бөліктерінің кеңістіктік орналасуын талап еткендігі дұрыс. Сол бір ҰОҚ тапсырмаларды саралау қажет: жоғары даму деңгейлі балалар тек бір ғана ойыншықты сипаттамай, екі-үш заттан құралатын тұрақты композицияның үстел үстінде орналасуын көрсете отыра, оларды элементтері бойынша салыстыра жұп ойыншықтарға сипаттама құрастыра алады. Көп жағдайда ойыншықтарды ҰОҚ үстіне жауып кіргізеді және балаларға бір-бірлеп береді.

Тәрбиеші бірінші сабақта әңгіменің үлгісі мен жоспарын береді (Сенде қандай зат? Оның қандай бөліктері бар? Олар не үшін қажет? Сол затты қалай қолданатындығын түсіндір және көрсет?). Бала педагог үстеліне келіп, ойыншықты қолына алады, оның жан-жағын қарайды, ұстайды, топқа денесімен бұрыла отыра, барлық қатысушыларға сипаттау объектісін көрсете тұра, әңгімелей бастайды. Егер әңгіме туындамаса, бұл ойыншықты тағы екі-үш балаға тапсырманы қалай орындау керектігін көрсету үшін ұсынуға болады.

Табиғи заттардың сипаттамасы. Балаларға күнделікті өмірден, оларды қоршайтын, тұрмыста пайдаланылатын таныс табиғи заттар ұсынылатын сабақтар тәрбиелік – білім берудің үлкен мағынасына ие. Бұл табиғат объектілері (көкөністер, жапырақтар, бөлме өсімдіктері), еңбек құралдары және т.б. болуы мүмкін. Бұл сабақтардың алдында көрнекілік және үлестірме ойыншықтармен жұмыс болғандықтан, топтағы балалар санына қарай барлығына тарату үшін заттардың жиынтығын қолданған тиімді. Тәрбиеші – әдіскер қоршаған ортамен танысу бойынша бағдарламаны жетекшілікке ала отыра тәрізді жиынтықтарды біртіндеп жинауы қажет. Мысалы, ересек топ үшін – жуынатын, пошта заттары (конверт, ашық хат, маркалар), тігін заттары (бір шүйелі және бір шарғы жіп, түймелер, қиымдар жиынтығы, қайшалар және т.б.), мектепке дайындалу жазу заттары, сондай-ақ әртүрлі заттар жинақтары (кілттер, қаптама, жазба кітапшасы, шам және т.б.).

Бала әңгімелеп жатып, заттың тағайындалуы және пайдалану ережесін түсіндіреді, олармен жасалатын әрекетті көрсетеді (тіс жуу кезінде щеткамен қимылдар, бір шарғыда жіптің шетін бекіту және т.б.). Әр жинақта байқалмайтын белгілерімен ерекшеленетін ұқсас қатар болады, балалар олар жөнінде салыстырмалы әңгіме құрастырулары мүмкін. Сабақтар жұмбақтарды ойлап табу мен заттар туралы көркем шығармаларды оқумен түрленеді.

Басқа сабақтарда, сондай-ақ серуендеуде балалар әңгіме-этиюдтарды

құрастырумен танысуы мүмкін. Бұл табиғаттың айрықша бейнелі объектілері мен құбылысының, қолданбалы өнер шығармаларының кішігірім бейнелі сипаттамасы (жаңа ашылған гүл, орман шетінің кешкі көрінісі, қара фондағы шілтер майлық және т.б.). Заттарды сипаттау білігі басқа әрекетте бекітілуі мүмкін – бала құрастыру сабағында құрылыс туралы айтады, космонавтар туралы рөлдік ойында төменен әлемде не болып жатқандығын «радиомен» хабарлайды.

Суреттер бойынша әңгімелеуге үйрету. Сипаттаушы әңгімелерді құрастыру үшін балабақшалар үшін арнайы жасалған заттық және сюжеттік дидактикалық суреттер қолданылады. Ересек топтарда сипаттау үшін пайдалы көрнекілік материалдар – балалардың суреттері мен аппликациялары, сондай-ақ слайдтар, өмірдегі фотосуреттер, соның ішінде олардың портреттері. Бұл кескіндердің экранда ірі проекциялануы балалар үшін ерекше қызығушылық тудырады. Осы топтарда балалармен пейзаждық суреттер, натюрморт бойынша сипаттаушы әңгімелер құрастыру тәжірибесі бар. Ірі сюжеттік суреттер бойынша, сондай-ақ суреттер сериялары бойынша балалар сол бір кейіпкерлермен жүйелі баяндау әңгімесін құрастырады. Барлық жастық кезеңдердегі табыс кепілі балалардың суреттің жалпы мазмұнын түсінуі болып табылады (Ол не туралы? Кім туралы? Оны қалай атауға болады?).

Орта топта тек көрсету суреттері ғана сипатталады. Осы жастағы балалардың суреттерінде кейіпкерлер мен қоршайтын заттар аз. Педагог балаларға күрделірек іс – осы кейіпкерлердің әрекет себептерін, олардың көңіл-күйлерін, өзара қарым қатынасын сипаттауға көмектесуі қажет. Тәрбиеші ҰОҚ бірінші бөлігінде бірлескен әрекетті ұйымдастырады – бір объектінің сипаттамасын бастайды, ал бала оны екі-үш сөйлеммен аяқтайды. Педагог суреттердің жеке бөліктері туралы бұндай бірлеспеген айтылым нәтижесінде бір әңгімені біріктіреді, балалардан оның қайталауы талап етілмейді.

Ересек топтарда суреттерді сипаттау кезінде эпизодтың біреуі бойынша ішінара әңгіме үлгісінің болуы да орынды, бірақ ол балалардың ұқсас әңгімелерінің алдында болады. Кейінгі сабақтарда әңгіме құрастыруға жоспар көмектеседі. Сюжеттік, көп заттық суреттердің тағайындалуы – өзінің қабылдауына сүйене отыра балаға баяндау (сюжеттік) әңгімесін құрастыруға көмектесу. Баяндау үшін бағыт көрсететін бірыңғай сызбалық жоспар мазмұны бойынша ұқсас екі сурет бойынша ұсынылуы мүмкін және Е.И. Радина мен В.А. Езикееваның «Қысқы серуендеуде». Тәрбиеші басында суреттердің атауына сүйене отыра, балаларға оның кім туралы екендігін айтуды сұрайды: «Балалар серуендеуге шықты». Содан соң әрекеттің қашан болып жатқандығын және неге қыс мезгілі деп ойлайтындарын айтуы қажет: «Бұл қыста болды. Жердің қармен жамылғаны көрініп тұр. Сондай-ақ, балалардың көмегімен екінші сурет туралы педагогтың баяндауы құрылады. Және кейіпкерлердің не істеп жатқандығы туралы әңгіме басталады (ішінара үлгі). Ересек топтағы балаларға суретке мұқият қарау, толығырақ әңгімелеу ұсынылады. Келесідей сұрақ айтылуы мүмкін: сендердің не туралы

толығырақ айтқыларың келіп тұр? Қабілеттірек балаға күрделірек тапсырма беріледі – пейзажды, ауа-райының жағдайын, кейіпкерлердің ымы мен қылығын сипаттау.

Мектепалды даярлық тобында педагог балаларды суретті дербес қарау кезінде әңгіме жоспарын өздеріне ойлап шығаруды үйретеді (Сен неден бастар едің? Бастысы не туралы айтқың келеді). Бейнеленгенді ғана сипаттау тапсырмасы берілген жағдайда, егер бала баяндау шегін асыра кеңейте бастаса, оның міндетінің басқа екендігін көрсете отыра, баланы тоқтатқан дұрыс.

6.5. Ес бойынша айтылым

Ұжымдық тәжірибедегі тақырыптарға айтылым. Ес бойынша әңгімелерге үйрету ересек топтағы жыл басынан басталады. Жеңілдірек тақырыптар – жалпы, ұжымдық тәжірибеден, яғни тәрбиешімен бірге барлық топ балаларымен бұрын қабылдаған туралы. Әңгімелеудің бұл түрі ерікті есті талап етеді. Психологтардың айтуынша, естің ең мықты түрі – эмоциялық. Сондықтан да, балаларға олардың санасында, сондай-ақ сезімінде ерекше із қалдыратын тақырыптарды ұсынған дұрыс. Бұл «Балабақшадағы шырша», «Біздің тиын», «Балаларға ойыншықтарды қалай жасаймыз», «Егін мерекесі» және т.б. тақырыптар болуы мүмкін. Әдетте айтылымды оқиғадан кейін жүргізбейді. Балалардың әсері ең алдымен бастан кешкенді көру туралы әңгімелерде, ойыншықтарда, суреттерде сақталады. тобында тәжірибені, моральдық пікірлерді жалпылауды талап ететін жалпы сипаттағы тақырыптар да пайдаланылады: «Біздің сүйікті ойыншықтарымыз бен ойындарымыз», «Күз адамдарға не сыйлайды», «Кіммен ойнауды ұнатамын». Табиғаттану білімдерін ерекше жалпылау балаларға қандай да бір сұраққа жауап іздеу, тәрбиеші бастаған табиғат туралы әңгіме-жұмбақты жалғастыру қажет болғандағы логикалық сөйлеу міндеттерін шешу болып табылады. «Түрлі түсті кемелер» атты әңгімесін мысал ретінде келтірейік. Мен тоғанға келдім. Бүгін тоғанда қаншама түрлі түсті кемелер жүзіп жүр – сары, қызыл, қызғылт сары! Олар осында ауамен ұшып келді. Осындай кеме суға түседі де, жүзе жөнеледі. Өлі де қаншамасы бүгін, ертең, арғы күні ұшып келеді. Айтыңдаршы, қандай кемелер тоғанда жүзіп жүр, жылдың қай мезгілінде олар болады.

Сабақты ойдағыдай жүргізу үшін балалардың эмоциялық жүріс-тұрысы маңызды, ол балалармен бұрын қабылданғанды бейнелі нысанда еске түсіру шеберлігімен қамтамасыз етіледі. Сол мақсатпен педагог балаларға сұрақ қоюы, кішігірім әңгіме ұсынуы, сондай-ақ көрнекілік материал: фотосуреттер, суреттер, қолдан жасалған ойыншықты көрсетуі мүмкін. Жалпы тақырыпты кішігірім тақырыпшаларға бөлген және сол бөліктер бойынша әңгіме құрастырған дұрыс. Сол бір тақырыпшаны бірнеше балаға дәйекпен ұсынуға болады, әсіресе, егер бірінші әңгімелеуші тарсырман қанағаттанарлықсыз орындаса. Балаларды берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыруды, айтылғанды қайталамауға және алға жүріп кетпеуге үйрету қажет. Мысалы, шырша мерекесі туралы кішігірім

әңгімелер (шырша ойыншықтары қалай жасалды және мерекеге қалай дайындалды; қандай шырша, қалай безендірілген, зал қалай безендірілген, шыршадағы қандай ойыншық саған көбірек ұнады; мереке қалай өтті; біздің балаларымыздың сахнаға шығуы; жаңа жылдық сыйлықтар).

Айтылым материалы тәрбиелік тұрғыда пайдалы болуы қажет. Мектеп жасына дейінгі балалар өз тәжірибесі жөнінде шын, түсінікті және қысқаша айту қажеттілігімен кездесетін ерекш сабақ хат құрастыру бойлып табылады. Педагог жетекшілігімен балалардың хат алысуы – өнегелік және ақыл-ой тәрбиесінің маңызды құралы. Бұл жұмысты сабақтан тыс жүргізуге болады. Кіші топтарда хат құрастыру – бұл ұжымдық жұмыс, ортақ әңгіме, олардан педагог жеке сөздерді, пікірлерді таңдайды және жазады. Үлкенірек балалармен хаттың мазмұны мен нысанын толығырақ талқылайды. Балалар хат алысуға саналы қарау үшін, жоғары және мектепке дайындық тобында бұған бірнеше сабақты арнауға болады. Ұжымдық хаттың мәтіні балалардың өмірі туралы бөліктерден құралған ауқымды, толық әңгімесін білдіреді.

Хат жазу үшін себептер әртүрлі болуы мүмкін: жолдасына қамқорлық таныту (ауырып қалған, кетіп қалған), қызықты адамға жазу (жазушыға, суретшіге, өндіріс озатына), басқа балабақшаның балаларымен хат алысуды орнату (басқа селода, ұлттық республиканың), мерекемен құттықтау жіберу.

Жеке тәжірибе тақырыптарына айтылым. Ес бойынша балалар әңгімелерің басқа категориясы – баланың жеке (тұлғалық) тәжірибесінен. Балалар педагогтың тапсырмасына сәйкес келетін өздерінің әсерлерін дербес таңдау қажет. Сипатталатын зат немесе оқиға тыңдаушыларға белгіссіз болғандықтан, оны түсінікті, толық әңгімелеуі қажет. Педагог алдағы әңгіменің толық мазмұнын білмейтіндіктен, жауапты толықтыра және түзете алмайтындықтан, оны басқаруда қиындық туындайды. Тәрбиеші үшін бұндай әңгімелер – баланың қызығушылықтарының, көріністерінің көрсеткіші.

Жыл басында жоғары топта балаларға әңгімелеу үшін жеке фактілер ұсынуға болады: бала үйде ойнайтын сүйікті ойыншығын еске түсіру және сипаттау, өзінің үй жануары жөнінде, өзі тұратын бөлме немесе пәтер туралы айту. Уақыт өте келе тақырыптар өзгереді: қандай да бір оқиғаны (туған күн қалай өтті немесе ең қызықты демалыс күні), сүйікті кітабын сипаттау.

Мектепалды даярлық тобында этикалық сипаттағы тақырыптар пайдалы: «Менің досым», «Өзім үйренсем – өзгені де үйретемін», «Балаларға қалай көмектесеміз», «Менің жолдасымның жақсы қылығы».

Көріп тұрғанымыздай, барлық тақырыптар нақты, белгілі бір сұрақтар аясына арналады. Дерексіз тақырыптар, мысалы, өмірдегі жағдай, қызықты саяхат, күлкілі жағдай балалардың есінде қажет байланыстарды тудырмайды. Ереже бойынша, баланың өмірлік тәжірибесін талдау қажеттігі ол үшін қиындық тудырады. Жиі осындай тапсырмаларды тек үздің әңгімелеушілер орындайды. Бірақ олар да тәрбиешінің әңгімесін көшіреді

немесе ашық түрде қиялдайды. Әңгіме тақырыптары балалардың өмірлік жағдайымен туындауы мүмкін.

Осылайша, жеке тәжірибеден айтылым тәрбиешінің орасан зор көмегін қажет етеді. Педагог алғашқы сабақтарда әңгіме үлгісін пайдалануы мүмкін. Оның мазмұнын балалардың әңгімелеріне жақындату үшін, балалық шақ туралы еске түсіру немесе өзіне таныс баланың әңгімесін айту нысандарын қолдануға болады.

Ес бойынша объектіні сипаттаудағы дидактикалық ойындар
Дидактикалық ойындар көмегімен көрініс бойынша әңгімелеу білігін бекітуге болады. Әсіресе жұмбақ ойындар осы мақсатта кеңінен қолданылады: «Қандай жануар, ойлап тапшы?», «Бұл кім (не), ойлап тапшы?». Балалар жоқ заттарды сипаттайтын ойындар ұқсас: «Біз не ойладық, ойлап тапшы?», «Бұл қашан болады?», «Ерлан қайда болды?». Бұл ойындардағы негізгі ереже – ойланған затты атамай, оны басты (елеулі) белгілері бойынша сипаттау. Алғашқы сабақта бұл белгілерді ажыратуға сипаттау әңгімесінің жоспары немесе әңгіме үлгісі көмектеседі. Мысалы, жануар туралы жұмбақ құрастыруда оның сыртқы келбеті туралы, оның немен тамақтанатындығын, қайда тұратындығын айту қажет; кәсіп туралы жұмбақтарда – еңбек операциялары туралы, еңбек құралдары, арнайы киімдер.

Ес бойынша балалардың әңгімелерінен тұратын сөздік дидактикалық ойындар, мысалы «Радио», «Мен не көрдім», «Таңертең, кешке саяхаттау», «Ойлап тапшы», «Ұқсайды - ұқсамайды», балаларға күрделі болғандықтан созылмалы болмауы қажет. Оларды заттардың, ойыншықтардың, көзбен қабылдау бойынша суреттердің сипаттамасынан құралатын ұқсас сабақтар мен ойындар [4].

6.6. Қиялдау бойынша айтылым

Балалардың бұл әңгімелері алдыңғыларға қарағанда сапасы жағынан ерекшеленеді, себебі басқа психологиялық негізде құрылады – балалар қиялы. Егер ес функциясы – алынған тәжірибені сақтау болса, қиялдау функциясы – оның түрленуі болып табылады. Қиялдау бейнесінде жаңа әрекеттерде бұрын меңгерілген білімдер, ес көріністері синтезделеді, бұл мидың аналитикалық-синтетикалық әрекетінің жеткілікті дамуын білдіреді. Мектеп жасына дейінгі балаларда жаңғыртушы қиял басым болады. Практикалық, заттық әрекеттегі жаңғыртушы қиял мектеп жасына дейінгі кезеңдерде ойында, құрастыруда, сурет салуда кеңінен байқалады. Сөздік әрекетте алтыншы жылдың соңына қарай және жетінші жылы туындайды. Қиялдау бұл кезеңде белсенді және шығармашылық сипатқа көбірек ие бола бастайды. Жалған кейіпкердің өмірі туралы әңгімені ойдан шығара отыра, бала өзі көрген немесе біреуден естіген тәжірибесіндегі ұқсас жағдайларына ой талдауын жүргізуі, содан соң жаңа құбылысты шығармашылық синтездеуі қажет: жаңа сюжет, кейіпкердің жаңа бейнесі және оның өмірінің жағдайлары. Әңгімелерді ойдан шығаруды басқара отыра, жасампаз, шығармашылық қиял бос қиялдауға айналмауын қадағалау қажет,

психологияда ол ақыл-ой сыншылдығының жоқтығымен сипатталатын жағымсыз қасиет ретінде бағаланады. Әңгімелерді ойдан шығару үдерісінде бір уақытта балалардың сынмен ойлау қабілеті де қалыптасады (Осылай болуы мүмкін бе?).

Балаларға неғұрлым оңай тәсіл – тәрбиешінің сюжет дамуының бірнеше нұсқаларын ұсынуы (балалар әңгімелерінің алдында). Басында балалар тәрбиешіге білдіртпей айтқан нұсқаларды ұстанады, кейін өзінің нұсқаларын ойдан шығарады. Балалардың тәрбиеші бастаған әңгімені аяқтауы (аяғын ойдан шығару) қиялдауды дамыту үшін жақсы тәсіл болып табылады. Педагог бірнеше логикалық тапсырмаларға жол беруге байланысты ұсынады. Балалардың қиялын және сөйлеуін және келесі тәсілдерді белсендіреді: әңгімелеушіге қолданылатын тақырыпты дифференциялау («Бала күшікті қалай тапты», «Қыз күшікті қалай тапты»), әңгімеге кейіпкерлердің тікелей сөйлеуінің қосылуы.

Аталған тәсілдер балалардың біліктеріне байланысты дифференциялы қолданылады. Барлық ерекше тәсілдер айтылымға үйретудің дәстүрлі, жалпы қолданылатын тәсілдерімен бірге қолданылады. Балаларды әңгімені ойдан шығаруға үйрету әртүрлі ҰОҚ жүзеге асырылады, басында (ересек топта) – көрнекілік материалға сүйене отыра. Ойыншықтар туралы әңгімелерді ойдан шығару әртүрлі сабақтарда жүзеге асырылады, басында (жоғары топта) – көрнекілік материалға сүйенеді.

Ойыншық туралы әңгімелерді ойдан шығару

Бұл түрдегі сабақтар үшін бейнелі ойыншықтарды пайдалануға болады, сондай-ақ сенсорлық, дидактикалық: пирамидалар, матрешкалар, жалаушалар, сылдырмақтар және т.б. Алғашқы сабақтар ереже бойынша көрнекілік материалдарды пайдалану арқылы жүргізіледі. Педагог балаларды жаңа тапсырмамен таныстыра отыра, әңгіме үлгісін, жоспар мен басқа тәсілдерді пайдалануы мүмкін. Мысалы, тәрбиеші ойыншықты көрсете отыра балаларға осы ойыншық болған бала немесе қыз туралы әңгімені ойдан шығаруды ұсынады. Осындай әңгіменің жиі қолданылатын жоспары: 1) Бұл ойыншық балада қайдан болды? 2) Ол қандай болды? 3) Ол онымен не істей бастады? Алғашқы сабақтарда балаларға әңгіме құрастырудың 2-3 нұсқасын білдіртпей айта отыра, жоспардың бірінші және үшінші тармақтарын талдаудан бастаған дұрыс (ойыншық сатып алды, сыйлады – кім, қашан, қандай жағдай бойынша; бала ойыншықпен жалғыз емес, жолдасымен ойнай бастады немесе балабақшаға алып келді).

ҰОҚ барысында тәрбиеші кезекпен көрсетіп жатқан ең алдымен бір ойыншықтар туралы, кейін басқалар туралы әңгімелер тыңдалады. Егер балалар аталған нұсқаларды ұстанса және шығармашылық бастама танытпаса, тәрбиеші сюжет дамуының тағы 1-2 нұсқасын ұсынады (ойыншықты тапты – кім, қайда, қашан). Жаңа байланыс әңгіме мазмұнының өзгеруіне әкеледі. Бұл күрделі тапсырма айтушы балаларға жақсы қонады.

Мектепалды даярлық тобында жоғарыда келтірілген жоспар келесі тармақтармен толықтырылуы мүмкін: ойыншық балада ұзақ болды ма? Ойыншық әдемі және бүтін болуы үшін ол не істеді? Бұл сұрақтар

балаларды тапсырманы орындауға шығармашылықпен қарауға итермелейді. ҰОҚ екінші жартысында тәрбиеші балалардың алдына 3-4 ойыншық қояды (сол сабақта пайдаланылған және жаңа) және олардың біреуін таңдап әңгіме құрастыруды ұсынады. Әңгіме барысында ойыншықпен кейбір әрекеттер көрсету үшін, оларды қолға алуға рұқсат берген дұрыс. Егер балалар қайндай да бір қарапайым ойыншық туралы қысқа әңгімелерді оңай айдан шығаратын болса, тәрбиеші күрделі ойыншық, сондай-ақ екеуін немесе жинағын ұсынады (плита және мұздатқыш, жуу жиынтығы, конструктор, машиналар тұрған гараж және т.б.). Осындай сабақтармен ең алдымен артта қалған балалардың сөйлеуін дамыту үшін, сондай-ақ материалды таңдау кезінде олардың қызығушылықтарын ескере отыра және олардың толығырақ, жүйелі әңгіме құрастыруына жету үшін қолдану қажет.

Осындай ҰОҚ ұйымдастыру алданы ойластырылуы тиіс: сахналауды көрсету үшін үстелдің орналасқан жері, ойыншықтарды сақтау, әңгімелеушілінің тұрысы. Сабақтар балаларды қызықтырады, олар жолдастарының сахналауын сүйсіне тыңдайды және қарайды. Алғашқы әңгіме қысқа болуы және ойыншықпен тек бірнеше әрекет орындаудан тұруы қажет. Осы сабақта басқа 2-3 ойыншық (марғау, матрешка) туралы әңгімелер немесе ертегілер ойдан шығарылады. Алдыңғылардан сипаты бойынша ерекшеленетін ойыншықтар пайда болған кезде әңгіме үлгісінің жоспарын (матрешка қайда бара жатты, ол жол бойы не істеді) көрсете отыра, оны қайта берген жөн. Келесі ҰОҚ көрнекілік, содан соң үлестірмелік материалмен екі ойыншықты, сондай-ақ декорация элементтерін (жануарлар, шыршалар, үй, қуыршақ; қуыршақ, үстел, плита, ыдыс-аяқ) пайдалануға болады. Э. П. Короткова бұрамалы және музыкалық ойыншықтармен тәріздес сабақтар құрастырды. Үлестірме материалдармен ұқсас сабақтар өте пайдалы. Тәрбиеші есеп үшін тағайындалған бірдей кішкентай ойыншықтарды балаларға таратуы мүмкін (автокөліктер, үйректер, матрешкалар). Балалар алынған ойыншықтарды қарастырып, оларды өздерінің үстелдеріне қояды және ұсынылған үлгі немесе жоспар бойынша «өзі туралы» сыбырлап әңгіме құрастыруға тырысады. Осындай алдын ала жұмыстан кейін, бір бала дауыстап, қалғандары өздерінің ойыншықтарын қолдана отыра, оның атап жатқан әрекеттерін бейнелейді (үнсіз). Жұмыс үдерісінде балалар бір-бірінің әрекеттерін қадағалайды.

Е.И. Тихеева тағы да бір тәсілді ұсынды – балалап топшаларымен бірлесіп әңгіме құрастыру. Бұл тәсілді жеңілдеу нұсқада қолдануға болады: бір үстел басында отырған екі балаға үстелде сахналау үшін ойыншықтар жиынтығын ұсынып, қажет ойыншықтарды бірге таңдау, әңгіме құрастыру тапсырмасын беріп, содан соң оны балаларға кімнің көрсететіндігін шешу қажет. Барлық сахналау сабақтарында баяу қарқын, ойластыру және «өзіне» әңгімені сыналы ойнау үшін балаларға уақыт беру маңызды болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сабақта алынған біліктірін күнделікті өмірде қолдану үшін жағдай жасау өте маңызды, мысалы, ойыншықтардың үстел үстіндегі театрын көрсету кезінде.

Әңгімені сурет бойынша ойдан шығару. Ересек және мектепалды даярлық топтарында балалар сурет бойынша шығармашылық әңгімелер құрастыруды үйренеді. Сурет бойынша шығармашылық әңгіме бейнеленгеннің алдында болған оқиғадан, суретте тиянақталған уақыттан және кейінгі оқиғалардан (немесе аталған үш элементтің тек екеуі) тұрады. Суретпен танысу кезінде балалардың қиялын ынталандыратын, олардың көріп тұрғанының алдында болып өткен немесе содан кейін болған оқиғалары туралы ойлауға мәжбүрлейтін бірнеше сұрақтар қойылады (Сендер қалай ойлайсыңдар, бұл балалар қайдан келді? Олар атасы мен әжесінің ауылында не істейді? – Е. Радинаның және Л. Пенъевскаяның «Балабақшаларға арналған суреттер» сериясынан «Қуанышты кездесу» суретіне).

Тәрбиешінің балаларға тапсырманы түсіндіруі, суретте салынбағанды, бірақ аңғаруға болатынды өзінше айтуға ұсынуы маңызды болып табылады. Егер топта ойыншықтар бойынша әңгімелерді ойдан шығарудың жүйелі үйретуі жүргізілсе, балалар тапсырманы орындауға дайын болады. Сондықтан да, әңгіменің үлгісін қолданбай-ақ, оның кейінгі талдауы бар жоспарын беруге болады, бұл балалардың бастамашылығын жақсы белсендіреді.

Егер балалар монологтық сөйлеуді нашар меңгерсе, тапсырманы жеңілдетуге болады: әңгімені бөліктер бойынша ойдан шығарылуын жүргізу. Мысалы, «Кішкентай достарын қонаққа күтеді» суреті («Біздің кішкентай достарымыз» сериясындағы) бойынша балаларға ең алдымен «Қонақтардың келуіне дайындалу» тақырыбына әңгіме құрастыру ұсынылады: балалар топтың бөлмесін қалай жинады, кішігірім концертті қалай дайындады, қандай сыйлықтар дайындады. Сурет мазмұны осындай шығармашылық әңгіменің құрастырылуын жеңілдетеді (терезедегі сауытта терек бұтағын жайды, боялған плакат, әдемі қойылған жалаушалар және т.б.) Педагог осы тақырыпта 1-2 әңгімені тыңдап, ары қарай ойдан шығаруды ұсынады: балаларға қонаққа кім келді, қалай киінген, қонақтар, бұл қашан болды («Алғашқы танысу»). Әңгімені соңғы бөлігі аяқтайды – «Қонақтар мерекеде»: балалар алыс Өзбекстаннан келген қонақтарды қалай қабылдады, оларды қалай алдандырды. Содан соң тәрбиеші жеке тапсырма беруі мүмкін: барлығын бірден айту, яғни жеке бөліктерді тұтасқа біріктіру. Бір суретке әңгімені ойдан шығарудан кейін, әсіресе егер оған деген қызығушылық жоғалса, біріншінің мазмұнына жақын басқа сурет ұсынуға болады. Егер баланың қолында кілттік сюжеттік кездер болатын суреттер сериясы немесе ірі фотосуреттер болса, шығармашылық әңгімені ойдан шығару оңай (балалар шыршаға әшекейлер дайындап жатыр, Аяз Атадан сыйлықтар алып жатыр). Мектепке дайындық тобында III тоқсанның бір сабағында бірнеше суреттерді бірден ұсынуға болады (танымал және жаңа), тапсырманы орындау үшін балаға олардың біреуін таңдау құқығын беру қажет. Бұл балалардың дербестігін дамытады, сабаққа деген қызығушылығын арттырады, оның әрекетін түрлендіреді.

Ұсынылған сюжетке әңгімені ойдан шығару. Мектепалды даярлық тобындағы балаларды ұсынылған (сөздік) тақырыпқа әңгімелерді ойдан шығаруды үйрету сұрақтары педагогикалық әдебиетте жақсы сипатталған. Балалар әңгімелерінің тақырыбы, сабақ жүргізу әдістемесі Е.И. Тихеевамен, О.И. Соловьевамен, Л.А. Пенъевскаямен зерттелген. Практикада «Қыз қолғабын қалай жоғалтын алды», «Бала күшікті қалай тапты», «Балалар көршіге қалай көмектесті» және т.б. тақырыптар кең таралған. Э.П. Короткова «Славик жаңа қоныстанушы болды», «Балабақшада жаңа қызды қарсы алып жатыр» және т.б. тақырыптарында сабақтар құрастырған.

Педагог алты-жеті жасар балалармен келесі тәсілді падалануы мүмкін: бір кейіпкермен біріктірілген миниатюра әңгімелерін ойдан шығару. Бұл бірнеше сабақта ойдан шығарылатын, жалғасы бар әңгімелер. Мысалға, «Лена туралы» миниатюра серияларына тақырыптар: «Лена қандай болды?», «Ленаның жаңа көйлегі», «Балабақшада ойыншықтың қайсысы Ленаға қатты ұнады?», «Балалар Ленаға өздерінің суреттерін көрсетіп жатыр» (Э.П. Короткованың тәжірибесінен). Шығармашылық әңгімелердің мазмұндылығымен және әртүрлілігімен жұмыс істеу баланың бақылау, қабылдау тәжірибесін байытумен, оның белсенді сөздігін кеңейтумен қатар жүруі қажет.

Балалардың сөздік шығармашылығы әңгімелердің қарастырылған түрлерімен шектелмейді. Үлкен жастағы мектеп жасына дейінгі балалар ертегілер, өлеңдер шығарады. Алты жастағы баланың ойдан шығарған ертегісін мысал ретінде келтірейік: «Баяғыда жасыл шөп өмір сүріпті. Ол басын жоғары көтеріп, ақ қайыңның жапырақтарын көре алмайтын: олар жоғары, оларға бәрі көрінеді. Бірақ шөпте жіңішке аяқты көгілдір қоңырау өсіп шықты. Енді шөп ешкімге қызғанбайды. Ол қоңыраудың нәзік шылдырын тыңдап, осы әуенге ақырын жайқалды» (О.С. Ушакованың жазбасы).

Әңгімелер мен ертегілерді, сондай-ақ балалар әңгімелеуінің басқа да түрлерін ойдан шығару білігін бекіту үшін сөздік дидактикалық ойындарды қолдануға болады. «Өтіріктер» секілді ойындар қалжың сезімін, ақыл-ой сынын, ұқсас баяндаманы бейнелеп құруды дамытады. Ең алдымен бұл ойындардың үдерісінде педагог балаларды ертегілерде, оның әзіл әңгімелерінде өтірікті аңғаруға, содан соң қиялдағы жағдайларды құрастыра отыра өздеріне шығаруда үйретеді. «Өтірікті кім көбірек аңғарады?», «Ал, егер....», «Өтірікті ойдан шығар» ойындар әдістемесі А.К. Бондаренкомен құрастырылған.

Тапсырмалар:

1. Әртүрлі жастық топтарда айтылымға үйрету үшін сурет таңдаңдар және талдаңдар.
2. Пейзаж суреттерін және натюрморттарды балалармен карау жоспарын құрыңдар.
3. Әртүрлі жастық топтарда балаларды сурет бойынша айтылымға үйрету бойынша сабақ конспектiлерiн құрастырыңдар.

4. Айтылым үшін ойыншықтар таңдаңдар. Ойыншықтар туралы әңгімелер құрастырыңдар және оларды талдаңдар.

5. «Жеке тәжірибеден айтылымға үйрету» тақырыбы бойынша сабақ конспектілерін құрастырыңдар.

6. Шығармашылық әңгімелер мен ертегілерді құрастыру үшін тақырып таңдаңдар.

6.7. Балаларды мазмұндауға үйрету

Балалардың жүйелі монологтық сөйлеуі мазмұндау бойынша сабақтарда сәтті дамиды. Балабақшада әдеби шығармаларды мазмұндау бұл үлгі негізінде сөйлеуді дамыту құралы; мәні тыңдалған мәтінді жүйелі мазмұндау болып табылатын балалардың жұмыс түрі. Бұл айтылыммен салыстырғанда монологтық сөйлеудің жеңілдірек түрі, себебі ол шығарманың авторлық композициясын ұстанады, онда дайын авторлық сюжет пен дайын сөйлеу нысандары мен тәсілдері пайдаланылады. 5 жастан асқан балаларды ғана мазмұндауға үйрету қажет, себебі бұл кезде балаларда монологтық сөйлеудің негізі салынады. Бұл жасқа дейін дайындық жаттығуларын жүргізу қажет.

Екінші кіші топта педагог балаларды ертегідегі, әңгімедегі әрекеттің дамуын қадағалауға; шығарма кейіпкерлерін атауға және оларға жаны ашуына үйретеді. Балалардың мазмұндаумен байланысты сөйлеу әрекеті бастапқыда сұрақтарға жауап нысанында болады, сондай-ақ жеке сөздерді немесе сөйлемдерді айтуына түрткі бола балаларды педагогпен бірлескен мазмұндауына тартуға болады (тәрбиешінің ертегіні қаталап айту кезінде). Бұл жұмыс көркем әдебиетпен танысу сабақтарында жүргізіледі.

Орта топтан бастап мазмұндау бойынша арнайы ұйымдастырылған сабақтар жүргізіледі. Мазмұндау сөйлеу әрекетінің жаңа түрі болып табылады. Сондықтан да балалардың мазмұндауға жанды қызығушылығын тудыру, белсенділік пен дербестіліктің пайда болуын қолдау маңызды болып табылады. Балалардың әдеби-көркем шығармаларын қабылдау ерекшеліктерін, сондай-ақ ойлау, сөйлеу, зейіннің даму деңгейі үдерістерінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Ең бірінші сабақтарда балаларға бұрыннан бері жақсы таныс ертегілерді, ал кейінгілерде – жаңа тыңдалған мәтіндерді мазмұндау ұсынылады. Әдеби шығарманы қабылдау және оны мазмұндауда 4-5 жастағы балалар педагогтың көмегін қажет етеді. Олар үшін сипатталған оқиғаның мәнін түсіну, әңгіменің немесе ертегінің бөліктері арасындағы логикалық байланысты аңғару қиын. Сондықтан да балалардың мазмұндауында материалды қалдырып кету, бұрмалау, ауыстыру туындауы мүмкін, сол кезде мазмұндау түпнұсқаның мазмұны мен құрылымына сәйкес келмейді. Бала әлі де бейнелі сипаттауды, салыстыруды дербес ажырата алмайды және оларды қалдырып кетеді.

5-6 жастағы балалар әдеби шығармаларды мазмұндаған кезде мектеп жасына дейінгі кішкентай балаларға қарағанда үлкен белсенділік пен дербестік көрсетуге қабілетті. Бұл жастар көркем шығармаларды қабылдау және эмоциялық меңгеру үдерістері жетілдіріледі. Мектеп жасына дейінгі

ересек балалар әдеби материалда еркінірек бағдарланады, олардың сөздігі кеңейеді, бейнелік сөзге деген тілдік сезімі, зейіні, қызығушылығы күшейеді. Сондай-ақ ерік-жігерлі әрекеттердің рөлі жоғарылайды – балалар оқығанды жақсырақ есте сақтау және нақтырау айту үшін күш жұмсайды. Балалар меншіктік, сәтті табылған көркем шығарма тіліне лексикалық және синтаксистік жақын бейнелік пікірлерін қолдана алады. Ересек топқа мазмұндау үшін ұсынылған ертегілер мен әңгімелер орта топтың мәтіндеріне қарағанда өзінің құрылымымен, тілдік материалымен және қатысып жатқан тұлғалар санымен біраз күрделірек. Мектепалды даярлық тобында мазмұндау бойынша ҰОҚ сөйлеу біліктері мен дағдылары бекітіледі және жетілдіріледі. Мектеп жасына дейінгі балалар өз ойын жүйелі, дәйекті, толық, бұрмалаусыз, қалдырусыз, қайталаусыз айтуға үйренуді жалғастырады. Балалардың қатысып жатқан тұлғалардың диалогын эмоциялы, әртүрлі интонациямен жеткізу, мазмұндауда мәндік екпіндерді, кідірістерді, ертегілерге тән (басы, қайталаулар және т.б.) белгілі бір көркем құралдарды қолдану біліктері жетілдіріледі. Балалар асықпай, жеткілікті дауыспен, күшсіз айтуды үйренеді. Балалардың дербестігі жоғарылайды..

Мазмұндау үшін бірнеше жанрларды пайдаланған дұрыс: әңгіме және сипаттама, ұлттық және авторлық ертегілер. Әртүрлі ертегілер таңдауға болады: қысқа («Түлкі мен құмыра») және созылған («Аққу-қаздар») – әрқайсысының өзінің тәрбиелік әсер ету ерекшеліктері мен мүмкіндіктері бар.

Мектеп жасына дейінгі балалар әдеби шығармаларды жақсы мазмұндайды, егер әңгіме оларды еліктірсе, қатты қобалжу тудырса, сондай-ақ мазмұнның олардың тікелей тәжірибесіне қатысы болмаса да жақын бола бастайды. Осылайша, мазмұндау үшін балалардың қиялын белсендіретін және сезіміне әсер ететін әдетті жағдайлармен байланысты мәтіндер таңдаған дұрыс. Сонымен бірге, қиял жұмысы мектеп жасына дейінгі балалардың бар көріністері мен қарапайым түсініктеріне сүйенуі қажет. Балаларға әңгімені түсіну оңай, егер оның бөліктері арасында логикалық байланыс байқалса, бір бөлігі екіншісіне әкеледі және оны түсіндіреді, ал артық толықтырулар шығармадағы негізгіні түсінуге кедергі болмайды.

Біз оқитын және балаларға мазмұндау үшін ұсынылатын шығармалардың тілі олар үшін үлгі болу қажет. Бұл мағынада Л.Н. Толстойдың, К.Д. Ушинскийдің шығармалары өте жақсы. Л.Н. Толстойдың әңгімелерінің тілі біртіндеп күрделенетіндіктен мазмұндау үшін ерекше үйлесімді болып табылады: «Сүйек», «Арыстан және ит» және т.б. шығармаларға қарағанда кішкентайлар үшін әңгімелер мәтіні өте қарапайым, сөйлемдері қысқа. Сондай-ақ, В. Осееваның, В. Бианканың, М. Пришвиннің шығармаларын да пайдалануға болады. Егер мазмұндау үшін ұсынылған мәтінде жаңа сөздер кездесе, балалар ең алдымен оларды таныс, үйренген сөздерімен ауыстыруға тырысады. Салдарынан, бақылау көрсеткендей, олар жаңа сөзді мазмұндауда қолдануға тырысады және онымен мақтанады. Мазмұндау үшін тандалатын шығарманың грамматикалық құрылымына назар аударған маңызды. Мектеп жасына дейінгі балаларға күрделі және

созылмалы сөйлемдерді, есімшелік орам мен көсемшелі тіркестерді, қыстырма сөйлемдерді, күрделі метафораларды түсіну қиын. Осылайша, мазмұндау үшін прозадағы әңгімелер жарайды, олар мектеп жасына дейінгі балаларға мазмұны, тілі және грамматикалық құрылымы бойынша қолжетімді.

Осылайша, мазмұндауға үйрету бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі тиіс (сабақтың бөлігі ретінде шамамен айына 1-2 рет). Қысқа ертегілер мен әңгімелерден бастаған жөн, себебі бала оларды сеніммен мазмұндайды. Балалардан шығарманы оны оқығаннан кейін бірден мазмұндауын талап етпеу қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды әрекеттің бұл түріне дайындау қажет.

Мазмұндау бойынша ҰОҚ келесідей типтік құрылымға ие:

1. Кіріспе бөлім. Балаларды жаңа шығарманы, ең бастысы оның идеясын қабылдауға дайындау (балалардың ұқсас жеке тәжірибесінің жандануы, сурет көрсету және т.б.).

Міндеттері:

- ✓ шығарма тақырыбы бойынша балалардың білімін анықтау;
- ✓ мәтінде болатын сөздер мен пікірлердің түсінуін қамтамасыз ету;
- ✓ балалардың шығармада айтылып жатқан зат туралы көрінісін кеңейту;
- ✓ шығарманы тыңдамас бұрын балалардың эмоциялық көңіл-күйін қамтамасыз ету.

2. Кейінгі мазмұндау туралы ескертусіз алғашқы оқу, еркін көркемдік қабылдауды қамтамасыз ету үшін қолданылады. Егер шығарма балалар үшін жақсы таныс болса, бұл екі кезеңмен түсіндіріледі.

3. Дайындық әңгімелесу (шығарма талдауы).

Оның мақсаты:

- ✓ мазмұнын нақтылау (ең алдымен бейнелердің идеялары мен сипаттамаларын, оқиғаның дәйектілігін),
- ✓ тілге назар аудару (нақты анықтамаларды, салыстыруды, фразеологизмдерді жалықтырмай көрсету),
- ✓ мәнерлі мазмұндауға белсенді дайындалу (қатысып жатқан тұлғалардың тікелей сөйлеуімен жұмыс, интонацияларды, екпіндерді, қарқынды әсіресе маңызды композициялық кездерде түсіну).

Бұл мақсаттар мәтіннің сюжет барысы бойынша дәйекті талдануы арқылы біріктіріліп шешіледі.

4. Қайталама оқу, талдау нәтижесін жинақтайды. Сонымен бірге, мазмұндауға нұсқау беру орынды, мысалы: «Менің қалай оқып жатқанымға құлақ салыңдар». Екіншілік оқу біріншімен салыстырғанда біршама баяу болу қажет.

5. Кідіріс балаларды жауап беру үшін дайындау, мәтінді есте сақтау үшін (бірнеше секунд). для подготовки детей к ответам, для запоминания текста (несколько секунд).

6. Мазмұндау (3-7 адам). Тәрбиешінің белсенді жетекшілігі. Соңында сөйлеуі анығырақ баланы шақыру немесе эмоциялық тәсілдерді қолдану (сахналау, рөлдер бойынша мазмұндау).

7. Балалардың мазмұнын талдау талдау (алғаш рет егжей-тегжейлі, қалғаны жаймен талданады ,ал мектепалды дайындық тобында балалардың өздері талдауға қатысады).

Мазмұндау үшін шығармалар

Мазмұндауға үйрету жемісті болу үшін, ең алдымен мазмұндау үшін мәтіндерді дұрыс таңдау қажет. Жоғарыда көрсетілгендей, мектеп жасына дейінгі балалардың мәтіндеріне белгілі бір талаптар қойылған. Ең алдымен біз шығарманың идеялық бағытталуын бағалаймыз, оның тәрбиелік құндылығын анықтаймыз. Мазмұндау үшін таңдалған әрбір шығарма пайдалыға үйрету, балалардың бойында біздің қоғамымызға қажетті тұлға ерекшеліктерін дамыту қажет. Ұлттық ертегілер де балаларда жағымды қасиеттерді қалыптастырады, мысалы: ықыластық және ақкөңілділік («Мақта қыз» қазақ ұлттық ертегісі), («Үйшік» орыс ұлттық ертегісі), зеректілік және батылдық («Аю мен қыз») және т.б. Мазмұндау үшін таңдалған мәтіндер мазмұны бойынша кішкентай балаларға қолжетімді, мазмұндау кезінде балалар бұл оқиғаға жеке қарым-қатынасын көрсету үшін олардың тәжірибесіне жақын болуы қажет.

Шығармаларда балаларға таныс кейіпкерлер, анық көрсетілген мінез-құлық ерекшеліктері, қатысып жатқан тұлғалар қылықтарының түсінікті себептері болу қажет. Тәрбиеші ұлттық ертегі мазмұнын ұсынады, ондағы жануарлар мен өсімдіктердің сөйлейтінін және өлең айтатынын ескере отырып, бірақ оның өтірік екендігін көрсетуі қажет.

Бұл шығармалар сюжеттік болуы, яғни міндетті түрде әрекеттік, нақты композициялы, әрекет дәйектілігі жақсы көрсетілуі қажет. Бұл талапқа Л.Н. Толстойдың барлық ұлттық ертегілері, әңгімелері («Ата шәй ішуге отырды», «Пікірталас», «Көктем келді»), Н. Калининаның әңгімелері жауап береді. Мазмұндауға арналған шығарма балаларға қолжетімді сөздікпен, үлгілік тілмен жазылуы қажет. Мазмұндауға арналған шығарма баланың зейін және ес ерекшеліктерін ескере отыра көлемі бойынша қолжетімді болуы қажет. Әрине, әрбір шығарма тәрбиешімен дербес, шығармашылық ойластырылуы қажет. Оны балаларға оқымас бұрын, тиісті интонацияларды, қарқынды және мәнерліліктің басқа құралдарын табу және бекіту үшін бірнеше рет дауыстап оқып алған жөн.

Тапсырма:

1. Мазмұндау үшін шығарма таңдау (жастық топтардың біреуі үшін).
2. Шығарманы мазмұндау бойынша әңгімелесу үшін сұрақтар құрастыру.

VII ТАРАУ. БАЛАЛАРДЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТПЕН ТАНЫСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

7.1. Көркем шығармалардың сабақтарда оқылуы

Балабақшада кітаппен жұмыс жасау әдістемесі. Балаларды тәрбиелеудегі көркем әдебиеттің мағынасы оның қоғамдылығымен, сондай-ақ адамдар өмірінің тәрбиелік-білім беру рөлімен анықталады [5].

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды оларға арналған үздік шығармалармен таныстырады және осы негізде өнегелік, ақыл-ой, эстетикалық тәрбиенің өзара байланысқан міндеттер кешенін шешеді.

Көркем шығарма баланы тек ашық бейнелі нысанымен ғана емес, сондай-ақ мағыналық мазмұнымен тартымды. Жоғары мектеп жасына дейінгі балалар шығарманы қабылдай отыра, біздің әлеуметтік қоғамда адамның жүріс-тұрыс критерийлерін тәрбиелеу әсерінен қалыптасқан пікірлерін қолдана отыра кейіпкерлерге саналы, себепті баға беруі мүмкін. Кейіпкерлерге тікелей уайымдау, сюжет дамуын қадағалау білігі, шығармамен сипатталған оқиғаларды өмірде бақылауға тура келген оқиғалармен салыстыру, балаларға әңгімелерді, ертегілерді, ал мектеп жасына дейінгі жастың аяғына қарай – аударма өлеңдерді, өтірік өлеңдерді салыстырмалы түрде дұрыс және тез түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының бұрында дамыған жазбаша әдебиеті болмаған мәдени мұрасын зерттеу кезінде ауызша ұлттық шығармасына үлкен рөл беріледі. Халық өзінің барлық білімдерін, біліктерін, өмірлік тәжірибесін ауызекі тілде сақтаған, сондықтан да қазақ фольклорының мағынасы бағаланбайды.

Қазақ фольклоры–терең мазмұнмен, көркем сөз шеберлігімен ерекшеленетін, мектеп жасында дейінгі балалар үшін тәрбиелік мәні зор хадық шығармашылығы. Шығармалар балалардың бойында патриотизм, батылдық, достық секілді қасиеттерді тәрбиелейді, оларды еңбек сүйгіштікке, білімді және адал болуға үйретеді.

Қазақ ұлттық фольклорының барлық түрлерін кеңінен қолдану қажет (ертегілер, әндер, мақалдар, жаңылтпаштар, хормен жүріп айтатын өлеңдер және т.б.).

Қазақ тілінде әндер мен өлеңдерді мәнерлеп оқу дұрыс айтылым дағдыларын қалыптастыруда үлкен рөл ойнайды. Әндерді, өлеңдерді, санамақтарды жаттау балалардың тілге деген қызығушылығын қолдауға және айтылым дағдысын бекітуге бағытталған. Фольклорды балалар қарым-қатынасының ажырамас бөлігі ету үшін тиісті даму ортасын құру қажет. Қазақ фольклорынан тұратын дамытушы ортаға кіреді: тақырыптық кітап көрмелер, қазақ және ұлттық киімдердегі қуыршақтар.

Педагогтың міндеті – балаларды ойыншықтардың, тұрмыстық заттардың, кейбір жануарлардың атауларын қабылдау және түсінуге үйрету; «Мынау не?» сұрағын түсінуге үйрету; сұраққа жауапты қысқаша сөйлеммен жауап беруді үйрету. Жүйелі сөйлеуді дамыту баланың заттарға, жанураларға, адамдарға зейіні тартылатын қазақ фольклорының әртүрлі нысандары көмектеседі. Қазақ фольклорының жанрларын қолдану тек

сөйлеудің дамуына ғана емес, сондай-ақ патриотизм сезімін тәрбиелейді, отанға деген махаббатты тәрбиелейді. Балаларды қазақ тіліне үйрету ойындық, әндік, видео және аудио қондырғыларын, көрнекілік оқу құралдарын қолдану арқылы қызықты ойындар нысанында жүргізіледі.

Білім беру үдерісінде билингвалды құраушыны пайдалану қажет, яғни сабақты жүргізу алдында қазақ тілінде таңертеңгілік шеңбер ұйымдастыру, сабақтарда лексикалық сөздікті, өтініштерді, қазақ тіліндегі өлеңдерді қолдану.

Тәртіптік кезеңдерді жүргізу кезінде пайдаланылатын лексикалық сөзді:

Таңертең– утро

Қайырлы таң!–Доброе утро!

Сәлеметсің бе–Здравствуй

Қалың қалай?–Как дела?

Жақсы–Хорошо

Серуен–прогулка

Серуенге дайындаламыз–Готовимся к прогулке

Киінеміз–Одеваемся

Көмектесіп беріңізші–Помогите, пожалуйста

Ауа райын бақылаймыз–Наблюдаем за погодой

Ауа қандай?–Какой воздух?

Ауа таза–Воздух чистый

Ауа райы қандай?–Какая погода?

Ауа райы ашық–Погода ясная

Ауа райы бұлыңғыр–Погода пасмурная

Мектеп жасына дейінгі жаста қазақ тілін оқытудағы коммуникативтік бағыттылық сюжеттік ойындар, ойындық жағдайлар және драмалау жүйесінде іске асырылады. Балалар ойын әрекеті мен драмалау үдерісінде жаңа білімдер алады, бар білімін қолданады, оқу әрекетіне қажет біліктер мен дағдыларды дамытады. Балалар қазақ халқының салттарымен және дәстүрлерімен танысады. .

Балаларды көркем әдебиетпен таныстыру бойынша балабақшаның міндеті жоғарыда қарастырылған эстетикалық қабылдаудың жастық ерекшеліктерін ескере отыра құралады. Педагогтар бағдарламаға сәйкес балаларды әрбір жастық топта балалар көркем әдебиеті шығармаларының басым бөлігімен таныстырулары қажет. Баланың шығарма мазмұнын меңгеруін, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады.

Тәрбиеші балалардың бойында әдеби шығармаларды қабылдау білігін қалыптастырады. Бала әңгімені (өлең және т.б.) тыңдай отыра тек оның мазмұнын меңгеріп қана қоймай, сондай-ақ автор жеткізгісі келген сезімдерді, көңіл-күйді бастан кешуі қажет. Сонымен қатар, балаларды оқылғанды (естігенді) өмір фактілерімен салыстыруға үйрету қажет.


Балабақшада баланың бойында шығарманы (оның мазмұны мен нысанын) талдаудың қарапайым біліктері қалыптасады. Әр бала мектепке

барар алдында басты кейіпкерлерді анықтауды (шығармада кім (не) туралы айтылады), оларға деген өзінің қарым-қатынасын білдіруді (кім (не) ұнайды және неге), шығарманың жанрын анықтауды (өлең, әңгіме, ертегі), тіл бейнелілігінің айқын мысалдарын аңғаруды (анықтау, салыстыру және т.б.) үйренуі қажет.

Басты міндеттердің бірі – көркемдік-сөйлеу және театрлық-ойнау әрекетінде балалардың дербестігін қалыптастыру, олардың шығармашылық ерекшелігін дамыту. Сондай-ақ балалардың көркем шығармаларға деген таңдамалы қарым-қатынасын, кітап әлемінде бағдарлану білігін тәрбиелеу.

Кесме 7.1

Балалардың бойында кітапқа және оқуға деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру жолдары



Тәрбиешілерге балалардың алдыңғы жастық топтарда қандай шығармалармен танысқандығын білуі қажет. Жыл басында алдыңғы топтың бағдарламасын қарау және қайталау матриалын анықтап алу қажет.

Шығармамен танысу әдістері. Ең көп – тәрбиешінің оқуы, яғни, мәтінді сөзбе-сөз жеткізу. Тәрбиеші көлемі бойынша кішігірім шығармаларды балаларға жатқа оқиды, осылайша аудиториямен ең жақсы байланыс орнайды. Шығармалардың басым бөлігі кітап бойынша оқылады. Тәрбиешінің оқып жатқан кезде кітапты ұқыпты ұстауы балалар үшін үлгі болып табылады [14]. Келесі әдіс – айтылым, яғни, мәтінді еркінірек жеткізу (мәтіннің қысқартылуы, сөздердің орнын ауыстыру, түсіндіру, т.б.). Осылайша, балаларды көптеген ертегілермен, кейбір танымдық әңгімелермен, газеттік және журналдық материалдармен таныстырады (мектепке даярлық тобында). Сабақтарда балалардың қандай да бір шығарманы ұнатуына, оны меңгеруіне көмектесетін әртүрлі сахналау жүргізіледі. Жаттап алу әдісі кішігірім өлеңдерге қолданылады. Жиі бір сабақтың ішінде әртүрлі әдістерді пайдаланады.

Тәрбиешінің мәнерлеп оқуы көркем әдебиетпен танысу әдістерінің негізі болып табылады. Ол алдын ала байыпты дайындықты талап етеді: шығарманы талдауды және дауыстап жаттығып оқуды, созылмалы даярлық жаттығуды. Оқу жиі әртүрлі көрнекілік материалды көрсетумен сүйемелденеді. Бұл жағдайда тәрбиешіге мәтін мен көрнекілік материалдың

көрсетілуі арасындағы анық байланысқа (үстел үстіндегі театрда бейнелердің немесе ойыншықтардың орналасуы, диафильм кадрларын алмастыру және т.б.) жете отыра, алдын ала жаттығуы қажет. Меңгерілгенді бекіту үшін таныс шығармалар материалындағы дидактикалық ойындар (орта топтан бастап өткізеді), әдебиет викториналары (қорытынды тоқсандық сабақ немес кешкі ойын-сауық ретінде өткізеді) сияқты әдістер өте пайдалы. Дидактикалық ойындардың мысалы ретінде «Біреуі бастайды – екіншісі жалғастырады», «Менің ертегімді ойлап тапшы», «Мен қайдан боламын» және т.б. ойындары болуы мүмкін, көрнекілік материалды пайдалана отыра немесе сөздік нысанда өткізуге болады (сурет 7.1).



7.1 – сурет. Шығармалардың қабылдануын қалыптастыру тәсілдері

Егер шығарма бірінші оқылымнан кейін балаларға түсінікті болса, тәрбиеші әңгіменің эмоциялық әсерін күшейтетін (өлеңдер және т.б.) бірқатар қосымша тәсілдерді қолдануы мүмкін – ойыншықты көрсету, иллюстрациялар, суреттер, сахналау элементтері, саусақ, қол қимылы.

Кітаптағы иллюстрацияларды қарау мәтіннің әсер етуін күшейтетін және оның жақсы түсінілуіне әкелетін кең таралған тәсіл болып табылады. Иллюстрация–мәтіннің қандай да бір бөлігіне қатысты, қандай да бір кезеңді түсіндіретін сурет. Егер тиісті үзіндінің мазмұны белгілі болатын болса, ол толық түсінілуі мүмкін. Көп жағдайда иллюстрациялар мәтін оқылғаннан кейін, кітапта орналасқан реттілікпен балаларға көрсетіледі (7.1-сурет).

Кесте 7.2

Көркем шығармалармен танысудың қосымша әдістері

1	Тәрбиешінің кітап бойынша немесе жатқа оқуы.	Бұл мәтінді сөзбе-сөз жеткізу. Оқып жатқан адам автор тілін сақтай отыра, жазушы ойының барлық реңктерін жеткізеді, тыңдаушылардың ойы мен сезіміне әсер етеді. Әдеби шығармалардың басым бөлігі кітап бойынша оқылады.
2	Тәрбиешінің айтылымы.	Бұл мәтінді біршама еркін жеткізу (сөздердің орнын ауыстыру, оларды алмастыру, талқылау). Айтылым балалардың назарын аударту үшін көп мүмкіндіктер береді.
3	Сахналау.	Бұл әдісті көркем шығармамен екінші рет танысу құралы ретінде қарастыруға болады.
4	Жаттап алу.	

Шығарма бойынша әңгімелесу. Әңгімелесуде жауабы баға уәждемесін талап ететін сұрақтар басым болу қажет: неліктен балалар үйректерге телмелерін лақтырып, бұрыс әрекет жасады? (М. Пришвин,

«Балалар және үйректер»), Степа аға саған несімен ұнады? Сен осындай достың болуын қалар ма едің және неге? (С. Михалков, «Степа Аға».)

Көркем шығарма сабақтарында заманауи техникалық оқыту әдістері де қолданылады. Тәсіл ретінде артистің балаларға таныс шығарманы (немесе үзінде) орындау аудио жазбасы, балалар оқылымының диктофондағы жазбасы пайдалануы мүмкін. Шығарма сюжетіне видеоматериалдарды, слайдтарды немесе қысқаша диафильмдерді көрсету оқу үдерісінің сапасын жоғарылатады.

Өлеңдерді жаттап алу әдістемесі. Тәрбиеші балалармен бірге өлеңдерді жаттау кезінде алдына бірден бірнеше міндет қояды: өлеңге деген қызығушылығын және оны білу ниетін тудыру, мазмұнды тұтастай немесе жеке күрделі орындар мен сөздерді түсінуге көмектесу, еске сақтауды қамтамасыз ету, үйрету, тыңдаушылар алдында мәнерлеп оқу, поэзияға махаббаты тәрбиелеу. Бұл міндеттер сабақтың құрылымын және балалардың мәтінді жақсы меңгеруі мен жаттап алуы үшін қажет негізгі тәсілдерді таңдауын анықтайды.

Өлеңдерді жаттау сабақтарының құрылымының балалар тыңдалған мәтінді мәнерлі жеткізуге үйренетін мазмұндау сабағының құрылымымен ортақ сипаттары бар. Басында балаларды өлеңді жаттап алуға дайындаған жөн: қысқаша уақыттық кіріспе әңгімелесуді жүргізу. Тәрбиеші балалардың бейнелі, эмоциялық есіне жүгінеді, үндес бейнені еске түсіруге көмектеседі (көңілді мереке суреттері, алтын күз). Өлең тақырыбына жақын затты, ойыншықты, суретті көрсетуге болады. Кейін педагог өлеңді мәнерлеп оқиды және оны қайталайды. Жоғары топтарда балалардың қайталап оқуының алдында, өлеңді жаттап алу қажеттігін ескертеді (бұндай нұсқау есте сақтау сапасын жоғарылатады) және өлең туралы, оны оқу нысаны туралы кішігірім түсіндіру әңгімесін жүргізеді. Әңгімеден кейін тәрбиеші тағы да оқиды. Бұл шығарманы, орындау ерекшелігін тұтастай қабылдауға мүмкіндік береді. Содан соң өлеңді балалар оқиды. Өлең толығымен жатталады (жолдарымен немесе шумақтарымен емес), бұл оқудың түсінілуін және естің дұрыс жаттығуын қамтамасыз етеді. Балалар өлеңді хормен емес, жеке қайталайды; тек осылай ғана баланың мәнерлілік құралдарын таңдауындағы дербестігі және соңғының табиғилығы сақталады. Сабақтың басында мәтіннің бірнеше рет тыңдалуын қамтамасыз ете отыра, тез есте сақтайтын балаларға қайталау тапсырылады. Тәрбиеші оқу барысында мәтінді білдіртпей айтады, балалардың жолдарын орнынан түгел айтуына мүмкіндік береді, оқу сипаты бойынша өзінің нұсқаулары мен түсіндірмелерін қайталайды.

Сабақты біршама жарқын орындаумен аяқтаған жөн: мәнерлеп оқитын баланы шақыру, балалардың сүйікті ойыншығын кіргізу, сол бойынша ниет білдірушілер жаңа өлеңді оқып беруі мүмкін, және т.б. Әдетте жаттап алу сабаққа берілген бүкіл уақытты алмайды. Қалған уақытты тематикалық бірлік принципін ескере отыра басқа әрекетке бөледі: балалар бұрын жаттаған өлеңдерін қайталайды, тағы да қандай да бір үйреншікті шығарманы тыңдайды, оларға таныс жаттығу жүргізуге немесе сөйлеу техникасы бойынша ойын ұйымдастыруға болады. Сабақта жатталған өлеңді

бөліп, тұлғалар атынан, «Кім оқып жатыр, ойлап тапшы?» ойынына қосу арқылы оқуға болады; содан соң оны лайықты жағдайларда қайталайды (басқа сабақтарда, мерекелерде, тұрмыста, ойында). Нәтижесінде өлең баланың есінде ұзаққа сақталады, оңай айтылады және ауызекі тілде қолданылады.

XXI ғасыр, ақпарат алудың көптеген баламалы тәсілдері бар (интернет, телевизия, гаджеттер), ал кітаптар маңыздылығын жоғалтқан жоғары технологиялар ғасыры. Балалардың көркем әдебиетті оқу қызығушылығы жоқ. Сондықтан да, мектеп жасына дейінгі жастан балалардың білімнің негізгі қайнаркөзі болатын кітаптарға деген махаббатын тәрбиелеу қажет. Мектеп жасына дейінгі баланың кітаппен қарым-қатынасы үдерісінде өнегелік және жеке қасиеттері дамиды, оның ішкі әлемі байытылады. Тәрбиелік-білім беру үдерісі жағдайында балалармен жүргізілген зерттеу жұмыстары олардың кітап, өнер туындылары, танымдық ақпарат қайнар көзі туралы білімдерін кеңейтеді және балалар жазушыларының шығармаларын оқуға қызығушылығын арттырады. Мысалы:

Түрі: ақпараттық-шығармашылық

Балалар әрекетінің түрі: танымдық-зерттеу, ойындық, көркем-эстетикалық, коммуникативтік.

Жобаның ұзақтығы: қысқа мерзімдік

Жоба қатысушыларының жасы: мектеп жасына дейінгі жасы үлкен балалар

Серіктестері: тәрбиешілер, логопед-мұғалімі, ата-аналар, балалар.

Жұмыс нысаны: топтық, топшалық, жеке.

Өзекті тақырыптар:

Мақсаты мен міндеттері:

Болжалды нәтижелер:

Жұмыс нысаны:

- Тәрбиешілер мен балалардың бірлескен әрекеті
- Логопед-мұғалім мен балалардың бірлескен әрекеті
- Тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен әрекеті
- Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті
- Іздеу-зерттеу әрекеті
- Театрланған әрекет

Жобаның жүзеге асырылуы

1 кезең: Дайындық.

Жоба өнімі:

Алдын ала жұмыс:

Жобаны іске асыру.

Көркем шығармаларды таңдау және оқу КТЖ тақырыптарын ескере отыра жүзеге асырылады. Орта топ балаларының сөздік қорын байыту кезеңінде келесідей лексикалық тақырыптар өткізуге болады:

1. «Бізге жаз не сыйлады?»

Оған біз келесідей көркем шығармаларды таңдадық (В. Катаевтің «Цветик семицветик» ертегісі, «Цветик семицветик» ертегісі бойынша драмаландыру

ойыны, «Бізге жаз не сыйлады» дидактикалық ойынының құралы бойынша көкөкністер туралы жұмбақтар жасыру, Сергей Фатулевтің «Жазғы жаңбыр» өлеңі, «Бақбақ туралы» ертегісі).

2. «Жайқалған гүлдер»

Бұл тақырып көркем шығармалар арқылы ашылған («біздің алқызыл гүлшелеріміз» саусақ ойыны, А.К. Толстойды «Қоңыраулар» өлеңі, «Мак өсіреміз» хормен жүріп ойынына төрт шумақтық өлеңді оқу, Диана Еловичованың «Қашқаргүл» өлеңі, «Нарғызгүл қалай пайда болды» хикаяты).

3. «Қуанышты күз»

Біз бұл тақырыпқа әртүрлі әдеби жанрлардағы көркем әдебиеттерді таңдадық («Күзгі орман» әңгімесі, «Күз» саусақ ойыны үшін арналған өлең, А. Феттің «Күз» өлеңі, И. Пивоваровтың «Күзгі қазына» көркем сөзі, балаларға арналған күз туралы мақалдар).

4. «Күз кереметі»

Бұл тақырыпта балалардың әртүрлі әрекет түрлеріне көркем шығармалар таңдалды (балалардың бос уақыты әрекетіндегі «Шалқан» ертегісі, тәтбиешінің көркем әдебиетті оқу бойынша сабақта «Еркек және аю» әңгімесін айтуы, қозғалмалы ойында «Қияр – қияр» аудиожазылым, Тувим Юлианның (С. Михалковтың ауд.) «Көкөністер» өлеңдері, серуендеуде «Көкөністер» жұмбағын жаттау, тәрбиешінің қозғалмалы ойын кезіндегі «Пайдалы көкөніс» санамағын оқуы).


«Жаз бізге не сыйлады?» дидактикалық ойыны арқылы көкөністер туралы жұмбақтар жасыру.

Міндеті. Сөздік: заттың түсін атауды үйрену, антонимдерді пайдалану, зат есімді тегі мен санында сын есіммен қиыстыру (Кәртөпия, картоп, жасыл қырыққабат, қызанақ, қызыл, қияр, жасыл, бұрыш, баялды, сары бұрыш).

Сөздік жұмыс тәсілдері: балалардың жұмбақтарды шешуі; педагогтың сөз мағынасын түсіндіруі; балалардың сөздерді айтуы; көкөністі сипаттау үшін балалардың сөздерді таңдауы.

7.2. Сөйлеуді дамыту сабақтарында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану

Соңғы кездері жаңа ақпараттық технологиялар қарқынды дамуы жүріп жатыр, бұл заманауи бала тұлғасының дамуына белгілі бір із қалдырады. АКТ – мектепке дейінгі мекемелердің өміріне сенімді кіруде. Көптеген заманауи мектеп жасына дейінгі балалар күнделікті өмірде компьютері бар және оны қолданатын отбасыларды туды. Бала қоршаған әлеммен таныса және оны меңгере отыра, ерте балалық шағынан бастап компьютермен танысады және оны қоршаған ортаның ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды. Ақпараттық технологиялар – бұл тек компьютер ғана емес, сондай-ақ оның бағдарламалық жасақтамасы [14] (7.2-сурет).



7.2 – сурет. АКТ түрлері

Барлық педагогтар мектепке дейінгі мекемелерді балаларды дамыту және оқыту кезінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды дұрыс қолдануды біле бермейді. Бұл мәселенің бар қиындығы мен көпқырлылығын түсіне отыра, біз балалардың жастық және психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ гигиеналық нормаларын ескере отыра әзірленген әдістемелік нұсқауларды ұстану кезінде мектеп жасына дейінгі жастағы балаларымен өтетін сабақтарда компьютерлік техниканың қолданылуы баланы заманауи ақпараттық қоғам өміріне дайындауға көмектесетіндігін болжай аламыз. Түсіндірудің және бекітудің жаңа үйреншікті емес әдістерін қолдану, оған қоса ойын түрінде қолдану, балалардың ықтиярсыз зейінін жоғарылатады, еркін зейіні мен танымдық қызығушылығын дамытуға көмектеседі. Компьютердің мүмкіндігі ұсынылатын материал көлемін ұлғайтуға көмектеседі.

Бүгінде АКТ мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиелеу-білім беру үдерісінде өзінің орнын ала бастайды, бұл:

1. Ақпаратты ойын түрінде экранда көрсету, бұл балалардың үлкен қызығушылығын тудырады, себебі мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекет түріне - ойынға жауап береді.
2. Қолжетімді түрде: мектеп жасына дейінгі балаларға айқын, бейнелі жеткізу, бұл балалардың көрнекілік-бейнелі ойлауына сәйкес келеді.
3. Балалардың зейінін қимылмен, дыбыспен, мультипликациямен тарту, бірақ олармен материалды толтырмау.
4. мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу қабілеттерінің танымдық белсенділігінің, дағдыларының, дарындылығының дамуына септігін тигізу.

Мектеп жасына дейінгі балалардың балалар әдебиетімен танысу үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қалай қолдану қажет? – сұрағы туындайды. Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың АКТ қолдану арқылы көркем әдебиетпен танысуы кезінде қолданылатын көрнекілік әдістер.

Диафильмдер—қисынсыз ұмытылған өнер түрі. Кейбір көркем шығармалармен әртүрлі суретшілердің авторлығында бірнеше диафильдер жасалған, сондықтан да балаларға бейнелеу өнерінің тұрғысында диафильмдер ұсынуға болады. Бүгінде диафильмы —бұл кішігірім жарқын

экран емес. Мультимедиялық технологиялар суретті үлкен экранға шығаруға мүмкіндік береді, бұл баланың суретті толық қарай алуына мүмкіндік береді. Кейбір диафильмдер түзетілген және дыбысталған.

Шығарманың әрбір жолына үлкен, көркемдігі жоғары иллюстрациялар басымдылығы болып табылады. Педагогтың өзі үдерісті басқарады, мәтінді оқи отыра сөйлеу мәнерлілігінің үлгісін береді, қажет болған жағдайда қандай да бір слайдта тоқтай алады, түсініксіз сөзді талқылай алады, сюжет толықтығын қарастырады.

Мультфильмдер—баршаға сүйікті өнер түрі. Мысалы, «Алаңғасар», «Степа аға» және т.б. бағдарламалық шығармаларды оқу кезінде, балалардың шығармада сипатталған кейбір құбылыстарын өмірлік тәжірибесінің аздығы салдарынан түсіне және қабылдай бермейді, архаизм сөздер кездеспесе де, алайда, біз тұрып жатқан кішкентай қаланың айналасы оларға бұл тәжірибені алуға мүмкіндік бермейді. Ал шығарманы оқығаннан кейін балалар мультфильмді қарап, шығарманың тек мағынасын түсініп қана қоймай, сондай-ақ әзілін түсінеді. Өздері «рассеянный с улицы бассейной» деп айтқандай ұқыпсыз балаға қатысты жалпы есім ретінде тұрмыста қолдана бастайды. Ертегілер бойынша мультфильмдер—бұл өзін рақат алатын қарапайым ертегілер, ал балалар көру бейнесінің көмегімен кейіпкердің мінезін жақсы түсінеді, сюжетті есте сақтайды. Көркем әдебиетті оқуды мультфильм қараумен алмастыру қажет емес, тек толықтыру үшін пайдалану қажеттігіне ерекше назар аударғымыз келеді. Мектеп жасына дейінгі бала көркем әдебиетпен сөйлесе отыра, рухани байытылады. Әрбір әдістің өзіндік ерекшелігі бар.

Оқу — алғашқылық, мультфильм — екіншілік. Авторлық үлкен шығармаларды оқуға ерекше назар бөлу қажет. Оқу созылмалы (кеше, бүгін, ертең), тәжірибе көрсеткендей: үйде кімге кітап оқиды, сол шыдамсыздықпен жалғасын күтеді, ал қалғандарын қалай қызықтыруға болады? Ал бұл жағдайда мультфильмдер көмекші рөлін ойнайды. «Замартас қаласының сиқыршысы», «Домовенок Кузька», «Незнайка күн қаласында» атты ертегілер бойынша түсірілген мультфильмдер бірнеше серияларға бөлінген, бір-екі тарауларын оқып, мультфильмдерді қараудың санитарлық нормаларын бұзбай оның бір сериясын қарап, мазмұнын бекітуге болады.

Мультимедиялық таныстырылым—интерактивтік дидактикалық ойындар көмегімен ақпараттың ұсынудың ыңғайлы және тиімді тәсілі. Ол өзінде динамиканы, дыбысты және бейнені байланыстырады, яғни баланың зейінін ұзақ ұстап тұра алатын факторлары. Әрбір мектеп жасына дейінгі бала бірқатар психологиялық ерекшеліктерге ие: көрнекілік-бейнелік ойлау, жарқынға және серпінге ырықсыз зейін, ойын әрекетінен білімге алмасуы, эмоциялық қозғалғыштығы. Осының бәрі көркем шығармаларды пайдалана отыра мультимедиялық технологияларды қосу үшін қолайлы жағдай жасайды.

Ереже бойынша, презентация сабақтың айрықша жоспары, оның логикалық құрылымы болуы мүмкін, яғни әртүрлі кезеңде қолданылуы мүмкін: жаңа шығармамен танысу, мазмұнды талдау, білімді бақылау, сөйлеп

даму. Презентация тәрбиешіге шығармашылығын, жекелілігін таныту үшін, сабақты жүргізудегі формалдық тәсілдемені болдырмауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар көрнекілікті күшейту үшін, күрделі жаңа материалды қолжетімді түсіндіру үшін қолданылады. Тәрбиеші түсіндіріп жатқан кезде, гиперсілтеме көмегімен ақпаратты талдап тексеруге өтуі мүмкін, онда пайдаланылған анимация үдерісті «жандандыруы» мүмкін. Егер презентация слайдтардың қарапайым жиынтығы болмай, тұтас және аяқтаушы өнім ретінде берілсе, оның көмегімен сабақтың максималды оқыту нәтижесіне жетуге болады. Әлбетте, презентацияларды пайдалану қарсылығына толық негізделген аргументтер қойылады. Алайда, егер презентацияны жасауға жауаптылықпен қараса, көптеген мәселерді болдырмауға, ал артықшылығын тиімді қолдануға болады.

Балабақшада көркем әдебиетпен танысу бойынша сабақтарда презентацияны дұрыс қолдану:

- материалды кешенді қабылдауға және жақсы есте сақтауға мүмкіндік беретін көрнекілікті қамтамасыз ету;

- фотосуреттер, суреттер көрсету және оларды жаңғыртудың тездігі, қолайлылығы;

- аудиофайлдарды ойнату (мысалы, викторинаны өткізу кезіндегі шығармалардың үзінділері);

- әрбір слайдтағы тақырыпаттар көмегімен материалды мазмұндау барысын қадағалау;

- пән аралық байланыстардың бірігуін жүзеге асыру;

- сабақта оқу әрекеті үшін және басқа педагогикалық технологияларды қолдану үшін уақыт үнемдеу;

- денсаулық үнемдегіш технологиялар принциптерін ұстану: әрекет түрлерінің алмасуын ұйымдастыру мүмкіндігі, дене шынықтыру минутын жүргізу және т.б.

Мультимедиялық презентация–бұл балалар үшін көрнекілік, тездетушілік, қолайлылық, тартымдылық, эмоциялық жүріс-тұрысты қолдау, берілген материалды жеңілдетіп қабылдау және есте сақтау, зейінді сабақтың маңызды кезеңдеріне акценттеу мүмкіндігі.

Алуан түрлі әдістемелік тәсілдерге сүйене отыра, балаларды көркем иллюстрациялармен таныстыру бойынша интерактивтік дидактикалық ойындар құрастырылған.

- 1) «Суретші-иллюстраторды тап»
- 2) «Иллюстрация бойынша ертегінің атауын еске түсір»
- 3) «Басты кейіпкері түлкі болатын ертегілерді ата»
- 4) «Кім кімнен кейін шықты?» («Шалқан» ертегісі)
- 5) «Музыкалық жұмбақтар»
- 6) «Қай ертегіден алынған зат?»
- 7) «Қандай иллюстрация артық?»
- 8) «Кейіпкерді таны»
- 9) «Сипаттама бойынша тап»
- 10) «Ертегідегі бұл сөздер кімдікі?»

11) «Неден кейін не болады?» және т.б.

АКТ оқыту және білім беру жүйелерінің дәстүрлі әдістері аясында «қолдаушы құрал» ретінде білім беру үдерісіне қосылуы қажет екендігін ұмытпау қажет. Экрандағы дыбыс, қимыл, түс - баланың зейінін ұзақ ұстап тұратын факторлар болып табылады және оқыту үдерісін саналырақ етеді. Интерактивтік компьютерлік ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың бір-бірімен және педагогпен қарапайым өзара әрекеттесуі ғана емес, ал бірлесіп ұйымдасқан танымдық әрекет болып табылады. Балалар осындай ойында жаңаны білуді, өзін және басқаларды түсінуді үйренеді, өз тәжірибесін алады.. АКТ балалармен жұмыс жасауда пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық ынтасын арттырады, сәйкесінше олардың жетістіктерінің, кілттік құзыреттіліктерінің жоғарылауы байқалады, осылайша балаларды көркем әдебиетке баулудың өзекті тәсілі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар көмегімен ҰОҚ қалай жүргізу және не істеу сұрақтарына келесі бағыттар ұсынылады:

- Иллюстративтік көрнекілік;
- Ақпараттық видеороликтер жасау және оларды көрсету;
- Слайд-шоу, ертегілер;
- Электрондық ойындар;
- Электрондық логикалық тапсырмалар;
- Ғажайыпқа саяхаттау;
- Электрондық слайд-шоу;
- Қоршаған ортамен танысу, экология бойынша видеосюжеттер;
- Билингвалды құраушылар үшін слайд-шоу.

Тапсырмалар:

- 1.Өлең жаттау бойынша ҰОҚ жоспарын дайындау.
2. Жастық топтардың біреуі үшін қыркүйек-қазан айларында оқылым мен айтылымға көркем шығармалар таңдау. Таңдауды негіздеңдер.
3. А.С. Макаренконың «Ойын» («Балаларды тәрбиелеу бойынша лекциялар») лекциясын оқындар; автор ұсынып жатқан ойыншықтардың жіктемесін жазындар. Сөйлеуді дамыту сабақтарында бұл ойыншықтарды қолданудың жолдарын сипаттаңдар.
4. Сендер практика өтіп жатқан мектепке дейінгі мекемелерде заманауи техникалық құралдардың қандай түрлері бар, анықтаңдар және оларды пайдалану мақсатын анықтаңдар.

VIII ТАРАУ. БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ

8.1. Сөйлеуді дамыту жұмысын жоспарлау түрлері

Жоспар – бұл тәрбиеші еңбегінің мақсаттылық және ұйымдастырушылық шарты. Ол балалардың сөйлеуін қалыптастыру үдерісінің мазмұнын, әдістерін және мерзімдерін анықтайды. Жоспар Мектеп жасына дейінгі оқыту және тәрбиелеу Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде құрастырылатындығы белгілі.

Сөйлеуді дамыту жұмысын көрсететін жоспарлау бойынша қандай құжаттармен тәрбиеші жұмыс істеуі қажет? Бұл балабақша жұмысының жылдық жоспары, болашақ жоспар – екі аптаға алдын ала жасалатын, жыл бойы біртіндеп толтырылатын тәрбиешінің күнделігі, жеке сабақтардың жоспар-конспектілері.

Балабақша үшін ағымдағы оқу жылында маңызды болатын балалардың сөйлеуін дамыту бойынша негізгі міндеттер жылдық жоспарда көрсетіледі. Әдетте жоспардың бірінші нұсқасы барлық қызметкерлердің ұсыныстары мен тілектерін ескере отыра ұжымдық-әкімшілікпен құрастырылады. Тәрбиеші алдағы әдістемелік іс-шараға – баяндауға, кеңес беруге, ашық сабаққа алдын ала дайындалу үшін, бекітілген жылдық жоспардан өзіне ең маңызды ережелерді күнделік-жоспарына жазып алғаны дұрыс.

Тәрбиеші балалардың сөйлеуін дамыту бойынша олармен жұмыстың нақты мазмұнын циклограммада көрсетеді. Онда күн тәртібінің келесі кезеңдері арасында балалардың сөйлеу әрекетін ұйымдастыру және мазмұнын көрсету ұсынылады: таңғы сағаттар, сабақтар, таңғы серуендеу, күндізгі ұйқыдан кейінгі уақыт, кешкі серуендеу және кешкі ойындар.

Балабақшада балалардың сөйлеуін дамытудың жетекші құралы үйрету болып табылады. Сондықтан да, тәрбиеші сөйлеуді дамыту бойынша сабақты таңдаудан жоспарды екі аптаға біртіндеп құрастырудан бастаған жөн. Өте маңызды талап – сөйлеуді дамыту бағдарламасының барлық тарауларымен жұмыс жасаудың жүйелілігі. Сөйлеуді дамыту міндеттерін, көптеген тәрбиелік міндеттер сияқты қысқа мерзімде шешуге болмайды, оларды кезектілік тәртібі бойынша алуға болмайды; олар бір уақытта және тұрақты жүзеге асырылады. Тәрбиеші әр аптаның ішінде барлық балалармен сөйлеуді дамытудың негізгі міндеттерін шешуді яқтап бітіргені жөн.

Тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың табиғи заттарды тікелей қабылдау үдерісінде олармен танысудың үлкен мағынасын ескере отыра, бақылауды жоспарлауға ерекше назар аудару қажет. Апта сайын барлық жастық топтарда кем дегенде бір бақылаудан жоспарланады. Қоғамдық-тұрмыстық құбылыстармен танысу бағдарламасы кең жоғары топтарда екі бақылаудан жоспарлауға болады, олардың біреуі кешенді сабақтың бөлігі болып және 10-15 минутқа созылады (мысалы, пошталық, мектеп заттарын қарау және т.б.).

Бақылаудың бағдарламалық мазмұны бір қалыппен кезектеседі. Ай ішінде төрт бақылауды шамамен келесі реттілікпен жүргізуге болады (дайындық тобы) (Кесте 8.1).

Кесте 8.1

Бақылау түрлері

1-інші апта	табиғатқа экскурсия (мақсатты серуендеу);
2-інші апта	тұрмыстық объектілерді бақылау;
3-інші апта	табиғат бұрышын бақылау (топтық бөлмеде);
4-інші апта	қоғамдық құбылыстарды, адамдардың еңбегін бақылау

1. Жоспарлау негізі — «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу Үлгілік оқу бағдарламасы» және аталған жастық топтың сөйлеуін дамыту бойынша бағдарлама.

2. Балалармен жұмыстың идеялық бағдарлылығы, баланың жан-жақты дамуының міндеттерін шешу, сөйлеу жұмысының басқа тәрбиелік-білім беру үдерістерінің тарауларымен өзара байланысы.

3. Балалардың жастық ерекшеліктерін ескеру негізінде жұмыстың мазмұны мен әдістерін таңдау, балалар сөйлеуінің қол жеткізілген деңгейін ескеру, балаларға, әсіресе сөйлеудің уақытша арта қалушылығына жеке тәсілдеме.


4. Мазмұнды, әдістерді және тәсілдерді біртіндеп күрделендіру; жұмыста қайталаушылықты қолдану.

5. Сөйлеуді дамытудың барлық негізгі міндеттерін апта сайынғы қамтумен, ай, апта бойы балалармен жұмыс істеудің мазмұны мен нысанын бөлу реттілігімен; сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ұзақ интервалдардың болмауымен сипатталатын жұмыстың жүйелілігі.

6. Шынайылық пен нақтылық, заманауи қоғамдық оқиғаларды, балалар мекемесінің айналасын, жергілікті жағдайларды ескеру.

Болашақ жоспар өтпелі тақырыптарға сәйкес оқу жылына құрастырылады.

Әрбір жастық топ үшін таңдалған өтпелі тақырыптар педагогикалық кеңесте келісіледі және бекітіледі. Болашақ жоспарға сәйкес әр аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты меңгеруіне бағдарланатын, әлеуметтік дағдыларды және өз бетімен үйрену дағдыларын дамытуға бағытталатын циклограмма құрастырылады. Циклограммада Санитарлық ереже талаптарына сәйкес балалардың жастық ерекшеліктерін ескере отыра әрбір тәртіптік кезеңнің міндеттері, мазмұны мен ұзақтығы анықталады.



8.1 –сурет. Өтпелі тақырыптарды таңдау

Жұмыстың әртүрлі нысандарын сабақтан тыс жоспарлау. Барлық топтарда сабақтан тыс сөйлеуді дамыту жұмыстары әртүрлі балалар санын қамтуы мүмкін. Бір уақытта барлық топты қамтитын фронталдық нысандар бар: серуендеуде бақылау, қимылдық ойын немесе хормен жүру, ойын-сауықты немесе балалардың шығармашылығын қарау. Жұмыстың кейбір түрлерін балалар еркімен бірігетін, бірақ әртүрлі балаларды әртүрлі күндері біртіндеп қамтылуына жету қажет топшалармен жүргізген абзал. Осылайша, бір балаларға жаңа үстелдегі ойынды көрсетуге және түсіндіруге, ал басқаларын кітаптарды қалпына келтіруге және т.б. тартуға болады. Жеке жұмысты да қарастыруға болады: баяу есте сақтайтын баламен өлеңді қайталау, үндемейтін баланы сөйлеуге тарту және т.б. Осындай жұмыстың ерекше сипаты мен шектелген көлемін ұмытпаған жөн. «Артта қалып жатқандарды», яғни барлық топпен материалды меңгермегендерді үйрету бойынша қосымша сабақтарды жоспарлауға жол берілмейді, жеке жұмыс сабақтарда ескерілуі қажет».

Қандай да бір жұмысты жоспарлау кезінде апта күндері мен күн уақыты жергілікті жағдайларға байланысты өзгертілуі мүмкін. Әрине, жоспардағы сөйлеу жұмысынан басқа, бағдарламаның қалған тараулары бойынша жұмыс та өз орнын табады.

Тапсырмалар:

1. Жастық топтардың біреуінде балалардың сөйлеуін дамыту жұмысының болашақ жоспарына бір айға талдау жасау.
2. Жастық топтардың біреуі үшін балалардың сөйлеуін дамыту жұмысының болашақ тақырыптық жоспарын екі аптаға құрастыру.
3. Жоғары топ үшін өмір және балалар тәрбиесінің циклограммасын аптаға құрастыру.
4. Балалардың сөйлесуі мен белсенді түсінуіне итермелейтін сұрақтар тізімінің негізінде балалармен хикаятты, әңгімелерді, ертегілерді талқылауға мүмкін болатын сабақтардың конспектілерін құрастырындар.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Сөйлеуді дамыту негіздері» оқу құралы «Мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша оқитын студенттерге мектеп жасына дейінгі жастағы сөйлеудің даму сұрақтарын зерттеу үшін құрастырылған. Оқу құралы мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін дамыту негіздерін зерттеуге, сөйлеуді дамыту әдістемесін терең зерттеуге бағытталған теориялық білімдер туралы толық ақпаратты қамтиды.

Оқу құралында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің даму негіздері, сәбилер балабақшасы жағдайында ана тілін үйрету мазмұны мен әдістері қарастырылады. Оқу құралы теориялық және практикалық сабақтардың мазмұнынан, өзіндік жұмыс тапсырмаларынан, материалды бекіту сұрақтарынан, әдебиет тізімінен, бақылау материалдарынан құралады.

Оқу құралында балабақшада ана тілін оқыту және сөйлеуді дамытудың негізгі тараулары бойынша жұмыс мазмұны мен әдістемесінің сұрақтары қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі кіші, орта және жоғары жастағы балалардың сөйлеуін дамыту жұмысының ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Оқу құралының балабақшада бақылау, конспектілерді құрастыру және талдау бойынша практикалық жұмыстардан құралатын әрбір тарауы студенттер үшін қайталау сұрақтарымен және тапсырмалармен сүйемелденеді.

Ұсынылатын оқу құралы мектеп жасына дейінгі педагогикада маңызды болып табылатын мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін дамыту мәселелерімен айналысушыларға, студенттерге көмектеседі.

ГЛОССАРИЙ

Айтылым – қандай да бір фактілерді, оқиғаларды жүйелі, дәйекті, ашып мазмұндау.

Айтылымға үйрету – нәтижесі баланың дербес құрастырылған және айтылған мәтіні болып табылатын дәйекті, жүйелі үдерісі.

Артикуляция–айрықша акустикалық әсер, дыбыстарды шығару кезіндегі белсенді сөйлеу мүшелерінің қозғалысы.

Әңгімелесу–педагогтың балалармен қызықты және жақын тақырыбына алдын ала дайындалған, дамушы, мақсатты, жүйелі сөздік әдісі.

Бақылау–мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың ғылыми зерттеу әдісі.

Балалар сөйлеуінің мәнерлілігі – айқын, тікелей, жанды сөйлеуі, тілдік бейненің әртүрлі құралдарын қолдану білігі.

Бейнелік сөйлеу – айқын, эмоциялық, мйнерлі, көрнекілік, суреттік сөйлеу (мысалы, «ақ ұлпа қар жауып жатыр» және т.б.).

Белсенді сөздік (белсенді лексикон)– қандай да бір жеке тұлға меңгерген және сөйлеуді өндіру кезінде онымен қолданылатын лексикалық бірліктер қоры (пассивті сөздікті қарай).

Вербалды қарым-қатынас құралы – жазбаша немесе ауызекі сөйлеу түріндегі сөздік коммуникация.

Диалог – екі әңгімелесушінің ілікпе сөзі ретіндегі сөйлеу нысаны.

Дикция – сөйлеу аппаратының мүшелерімен әрекеттесуін қамтамасыз ететін дыбыстарды, буындарды, сөздерді айту мәнері.

Драмаландыру – фольклорлық және авторлық көркем шығармалар немесе олардың суырып салма үзінділері бойынша сахналандырылған көрініс (немесе ойын).

Дыбыс шығарылымының бұзылуы – бұрмалануда, балалардың дыбыстарды ауыстыруы немесе қалдыруы көрінетін бұрыс айтылым.

Дыбыс шығарылымының кемістігі – болмау, бұрмалану, ауысу, араласу секілді дыбыс шығарудың тұрақты немесе тұрақсыз бұзылуы.

Жүйелі сөйлеу – ойын грамматикалық дұрыс, бейнелі мазмұндалған, логикалық рәсімделген және ауызекі түріндегі сөйлеу коммуникациясының нәтижесі және сөйлеу әрекетінің үдерісі.

Дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастыру – артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалуын жетілдіру бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің бірі.

Зерттеу әдістері – балалардың сөйлеуінің тиімді дамыуының педагогикалық жағдайын анықтаудың теориялық және практикалық (эмпирикалық) әдістері.

Көркем шығармаларды талдау – балалардың мәтінді мағыналы түсінуі және оны кейінгі мазмұндау үшін оның мазмұнының қарапайым бағасы.

Көркем шығармаларды мазмұндауға үйрету – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиешінің үлгісіне, оның сөзі мен ымдауына еліктеуе сүйене отыра, мәтінді саналы жаңғыртуы.

Көркем шығармаларды оқу – мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың сөздік әдісі. Оқу балалардың сүйікті ісі болып табылады.

Көрнекілік әдістер (бақылау әдістері) – балалардың қоршаған ортадағы өздеріне жаңа заттармен және құбылыстармен визуалды танысуы негізінде сөйлеуді дамыту әдістері.

Мазмұндау—оқылған немесе естілген мәтіннің мазмұнын айтып беру. Сурет (заттық, сюжеттік, пейзаж, сурет сериялары) бойынша әңгімелеу - жүйелі монологтық сөйлеуді дамытуға көмектесетін әрекеттік әдістерінің бірі.

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың тілді меңгеру заңдылықтары – сөзтудырышылық жүйе дамуының жеке ерекшеліктерімен негізделген балалардың сөйлеуін дамытудың объективті факторы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесі – балалардың сөйлеуін дамытудың, жетілдірудің, қалыптастырудың оңтайлы әдістерін педагогтарға ұсынатын және зерттейтін тәртіп.

Монолог – әңгімелесушіні қажет етпейтін, басқа адамның сөздік реакциясына есептелмеген бір адамның сөйлеуі.

Монологтық сөйлеу – тыңдаушыларға немесе өзіне қаралған бір адамның сөйлеуі.

Мнемокесте – белгілі бір ақпарат сипатталған сызба.

Мнемоквадрат – бір сөзді, сөз тіркесін немесе қарапайым сөйлемді білдіретін жеке сурет.

Мнемодорожка—кішігірім әңгіме құрастыруға мүмкін болатын, сызық бойымен орналасқан төрт және одан да көп торлардан құралатын кесте.

Мнемотехника—үлкен көлемді ақпараттарды оңай еске сақтауға мүмкіндік беретін әртүрлі тәсілдердің жиынтығы.

Ойын тәсілдері—мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудағы қажетті түйін.

Оқыту әдістері—мұғалімнің оқыту жұмысы және оқушылардың әртүрлі дидактикалық тапсырмаларды орындау бойынша оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру тәсілдері.

Оқытудың **практикалық әдістері** – практикалық әрекет үдерісінде практикалық біліктер мен дағдылардың қалыптасуы.

Оқыту тәсілдері – әдістің элементі, құраушы бөлігі.

Өлеңдерді жаттауға қойылатын әдістемелік талаптар – мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуін дамытудың міндетті құраушысы ретіндегі өлең түріндегі шығармаларын тиімді жаттап алу жағдайы.

Сабақты жоспарлау – мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу құраушыларының дамуына әкелетін жаттығуларды жазудың ойластырылған жүйесі.

Сөздік әдістер – тәрбиешінің немесе баланың сөзі басты болатын балалардың сөйлеуін дамыту әдістері.

Сөздік грамматикалық мағынасы – сөздердің тұтас класының лексикалық мағынасына қосымша (мысалы, заттылықтың грамматикалық мағынасы зат есімдер аттарын біріктіреді).

Сөздік естуді дамыту – оның төрт құраушысының дамуы: дыбыс жоғарлылық және фонематикалық есту, есту зейіні, сөйлеудің қарқыны мен ырғағын қабылдау.

Сөздік жұмыс – сөздердің лексикалық мағынасын түсіндіру бойынша тәрбиешінің мақсатты әрекеті.

Сөйлеу әрекеті – сөйлеуді өндірудің және пайдаланудың, ойын сөзбен рәсімдеудің, мәтінді айтып берудің, өзгенің пікірін тыңдау кезінде ақпарат алудың белсенді, мақсатты, ұйымдасқан үдерісі.

Сөздік тыныс алу – сөйлеу үдерісіндегі тыныс алу мүшелерінің еркін, басқарылатын, бақыланатын жұмысы.

Сөйлеу – тіл жүйесінің дыбыстық немесе жазбаша іске асырылуы, нақты сөйлеу, тілді іске асыру нысаны.

Сөйлеу белсенділігі – сөйлеу мүшелерін белсенді жаттықтыру. Артикуляциялық және интонациялық дұрыс, мәнерлі, дикциялық нақты және айқын сөйлеуді білдіреді.

Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалпытастыру міндеттері – балалардың тілдің негізгі грамматикалық нормаларын меңгеру және тілдік сезімді жетілдіру жұмысы, тілдің грамматикалық құралдарын практикада қолдана білу; морфологияның күрделі жағдайларында жаттығу жасау жолымен балалардың сөйлеуіндегі грамматикалық қателерді болдырмау (сөздерді сөз тіркестерінде және сөз тіркестерінде тегі, саны бойынша талдау білігі).

Сөйлеуді дамыту құралы – әртүрлі әрекет түрлерінде мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту үдерісін ұйымдастырудың жағдайлар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

Сөйлеуді дамыту міндеттері – балалардың сөйлеуін дамыту бойынша педагог жұмысының көлемі, мектеп жасына дейінгі балалардың жастық ерекшеліктерін және тілді меңгеру заңдылықтарын ескере отыра қалыптастыруға қажет білімдер мен біліктер.

Сөйлеуді дамыту сабақтары – мектеп дейінгі мекемелерде педагогтың жетекшілігімен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау жағдайларында балалардың мақсатты, жүйелі, жан-жақты сөздік дамуы.

Сөйлеуді дамыту факторлары – баланың сөйлеу біліктерін және дағдыларын қалыптасуының қажет жағдайлары.

Сөйлеуді дамытудың диагностикасы – балалар сөйлеуінің даму деңгейін нақты бағалау, мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу дамуындағы

жеке айырмашылықтарды анықтау, педагогтың алдағы жұмысын жоспарлау үшін мәлімет алу, оқыту жағдайларын оңтайландыру, сөйлеу кемістіктерін түзету үшін әдістемелер кешені.

Сөйлеуді дамытудың коммуникативтік теориясы –сөйлеу қарым-қатынастың табиғи қажеттілігі ретінде баланың әлеуметтік ортада өмір сүру үдерісінде туындайтынын және қалыптасатынын бекітетін сөйлеуді дамыту тұжырымдамасы, баланың өмірлік іс әрекетінің мұқтаждықтарымен туындайды.

Сөйлеу қарқыны мен ырғағын қабылдау – сөйлеу қарқыны (жатықтығы, үдеуі немесе баяулауы) мен сөздің ырғақты суретінің (буындар саны, екпін орны) ерекшеліктерін дұрыс тыңдау және жаңғырту білігі.

Сұрақтар – балаларды белсенді ойлауға, пікір алмасуға, дұрыс қорытындыға және ой қорытындыға келуде қолданылатын негізгі әдіс.

Суреттер бойынша айтылымға үйрету – балалардың суретті толығымен қарауына және оның мазмұны мен өзінің көргеніне қарым-қатынасын, алдыңғы пікірлердің қайталануын болдырмайтын кейінгі мәнерлеп айтуында негізделеді.

Фонематикалық есту – сөйлеудің дыбыстық әртүрлілігін қабылдау білігі: дұрыстық, нақтылық, дыбыстар мен сөздердің аайқын айтылуы; жақын-туыстық дыбыстарды ажырату білігі.

Фонематикалық қабылдау – дыбыстарды сөзде ажырату, олардың ретін анықтау, санын атау білігін білдіретін фонематикалық естудің жоғары сатысы.

Шығармашылық айтылым – сөздік сөз тіркесіне түрленген, мазмұнға сәйкес келетін жүйелі, бейнелі, логикалық құрылған сюжетті балалардың дербес жасалған бейнелермен және жағдайлармен әңгімелерді немесе ертегілерді ойдан шығару үдерісі.

ПАЙДАЛАНЫЛҖАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников. — М., 1997.
2. Арушанова А. Г. Речь и речевое общение детей 3-7 лет / А. Г. Арушанова. — М., 1999
3. Бавыкина Г. Н. Формирование словаря детей дошкольного возраста / Г. Н. Бавыкина. — Комсомольск — на — Амуре, 1996
4. Бондаренко А.К. "Дидактические игры в детском саду" М., 2005
5. Гурович Л. М. Ребенок и книга / Л. М. Гурович, Л. Б. Береговая, В. И. Логинова. — М., 1999
6. Максаков А.И., Фомичева М.Ф. «Звуковая культура речи детей дошкольного возраста», 2009 г.
7. Максаков А.И. Правильно ли говорит ваш ребенок. — М., 1992 г.
8. Малетина Н. С. Развитие речевого общения дошкольников / Н. С. Мателина. —Нижевартовск, 2003
9. Лямина Г.М. «Особенности развития речи детей дошкольного возраста», 2005 г.
10. Сохин Ф. А. Основные задачи развития речи //Психолого — педагогические основы развития речи дошкольников. — М., 2002
11. Стародубова Н.А. "Теория и методика развития речи дошкольников" М., 2009.
12. Тихеева Е. И. Развитие речи детей (раннего и дошкольного возраста) / Е. И. Тихеева. — М., 1981
13. Ушакова О.С, "Диагностика речевого развития дошкольников" М., 1997.
14. Федоренко Л.П. "Методика развития речи детей дошкольного возраста", М., 2007 г.
15. Цейтлин С. Н. Язык и ребенок: лингвистика детской речи / С. Н. Цейтлин. — М., 2000
16. Чулкова А. В. Методика формирования диалогической речи у детей дошкольного возраста / А. В. Чулкова. — Волгоград, 2002
17. Шадрина Л. Г. Формирование предпосылок связной речи у детей младшего дошкольного возраста: автореф. дис. ...канд. пед. наук. — М., 1990
18. Яшина В.И. "Теория и методика развития речи детей" М., 2006.
19. Интернет көзі <https://nsportal.ru/>.